

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы**

**Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина**



**ШЖМ ЖАҒДАЙЫНДА
БЕЙІНДІК-БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ПРОФИЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННОМУ ОБУЧЕНИЮ
В УСЛОВИЯХ МКШ**

Астана
2019

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2019 жылғы 28 ақпандағы № 2 хаттамасы).

Рекомендовано к изданию решением Ученого совета Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 2 от 28 февраля 2019 года).

ШЖМ жағдайында бейіндік-бағдарлы оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Әдістемелік ұсынымдар - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 416 б.

Методические рекомендации по профильно-ориентированному обучению в условиях МКШ.

Методические рекомендации. - Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2019. – 416 с.

Бұл әдістемелік құралда ШЖМ жағдайында бейіндік-бағдарлы оқытудың ерекшеліктері баяндалған. ШЖМ жағдайындағы бейіндік-бағдарлы оқыту технологиясы келтіріліп, болашақ мамандыққа бағдарлай отырып ШЖМ-да оқыту процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар берілген.

Жинақ білім беру қызметкерлеріне және шағын жинақты мектептердің педагогтарға арналған.

В методических рекомендациях раскрыты особенности профильно-ориентированного обучения в условиях МКШ. Описаны профессионально-ориентированные образовательные технологии в условиях МКШ, представлены методические рекомендации по организации процесса обучения в МКШ с ориентацией на будущую профессию.

Сборник адресован работникам образования и педагогам малокомплектных школ.

© Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019

© Национальная академия образования имени И. Алтынсарина, 2019

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту саласындағы ұлттық саясат негізгі мақсаттардың бірі ретінде кәсіби өсу мен кәсіби ұтқырлыққа қабілетті жоғары білімді адамдар мен жоғары білікті мамандарды даярлауды көрсетеді. Сондықтан оқыту мазмұнының басымдылығы өзгеріп, педагогикалық технологиялар, мектепті басқару стилі, оның қызметін бағалау критерийлері жаңарады. Білім алушының кәсіби тұрғыдан өзін-өзі ерте анықтауы мен білім алуына бағдар беру заманауи білім беру кеңістігі жүйелерінің қызметінің өзекті ұстанымдарының бірі болып табылады. Бұл үрдіс Ресей, АҚШ, ГФР, Франция және басқа елдердің мектептерінде де байқалады. Біздің қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық үдерістер, экономикадағы нарықтық қатынастарға көшу шағын жинақты ауылдық мектептің әлеуметтік қызметінде де тиісті өзгерістер туғызады. Қазіргі қоғамда қалыптан тыс ой-пікірі бар, қоғамның әлеуметтік және өндірістік өміріне жаналық енгізетін, «өзінің» өмір салты мен ой-өрісін ашық қолдана алатын мектеп түлектеріне қажеттілік артып отыр. Өкінішке орай, көптеген зерттеулерде көрсетілгендей, заманауи білім беруде білім алушыға белгілі бір мамандыққа бейімділігін қоса алғанда, жеке тұлға ретінде жеткіліксіз дәрежеде көңіл бөлінеді.

Әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың өзгеруіне сәйкес ауылдық жерде білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу мақсаттары да өзгереді. Енді білім алушылардың терең кәсіби дайындығынсыз болмайды. Ал бұл, өз кезегінде, білім беру мазмұнын өзгертуге, оған елеулі түзетулер енгізуге, сондай-ақ ауыл мектептерінің оқу-тәрбие жұмысында пайдаланылатын оқу-әдістемелік кешеннің барлық компоненттерін, атап айтқанда оқу жоспарларын, оқу және әдістемелік құралдарды әзірлеуде қалыптасқан тәсілдерді қайта қарауға алып келеді.

Зерттеудің өзектілігін қазіргі кезеңде ауылдық жерде білім алушыларды дайындаудың мазмұны мен сапасына қойылатын талаптар, ауылда білім алушыларды кәсіби дайындаудың сапасын арттыру қажеттілігі анықтайды.

Педагогикалық қызметтің осы түріне қазіргі ауылдық мектепте оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістерінің сәйкессіздігі және білім алушылардың ерте өзін-өзі анықтау кезінде олардың кәсіп алды қасиеттерін қалыптастыру қажеттілігі арасында қарама-қайшылық бар.

Оқыту үдерісінде білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерін бұған дейін де, қазір де политехникалық білім беру идеясының негізінде педагогтар және әдіскерлер белгілі дәрежеде шешіп келеді. Мысалы, өткен ғасырдың 90-шы жылдары А.В.Усова мен В.П.Орехов, В.Г.Разумовский білім алушыларды кәсіби бағдарлау мен дайындаудағы физика пәнінің үлкен мүмкіндіктерін көрсетті. Олардың пікірінше, политехнизм ұстанымына сәйкес, білім алушылардың меңгеруі үшін қол жетімді техникалық мәліметтер физика пәні бойынша бағдарламалық материалмен органикалық тұрғыда байланысты болуы тиіс. Физиканы оқыту барысында білім алушылар заманауи техниканың басты салаларымен, оның даму үрдістерімен, аса

маңызды технологиялық үдерістердің мәнімен, аспаптар мен қондырғылардың жұмыс істеу қағидаттарымен танысуы тиіс. Сайып келгенде, осылайша құрылған оқыту білім алушылардың кәсіби бағдарын анықтайды.

Алайда осы уақытқа дейін әзірленген жалпы білім беретін мектеп білім алушыларын оқыту мен тәрбиелеу үдерісін политехнизациялау нысандары мен әдістері толық көлемде іске асырылмаған. Атап айтқанда, олар кәсіби өзін-өзі анықтау және нақты мамандықтарды меңгеруде практикалық тұрғыдан дайындау проблемаларын шешпейді. Ауыл мектептерінің білім алушыларының бойында бірқатар заманауи кәсіптерді меңгеру үшін қажетті білім мен біліктіліктердің жеткіліксіз деңгейде қалыптасуы байқалады.

Қазіргі уақытта жалпы білім беретін мектеп адам өмірінің сапасына тікелей жауап беретін қоғамдық мекеме ретінде әрекет етеді. Осыған байланысты білім алушының жеке тұлғалық әлеуетін, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту бірінші орынға шығады. Қазіргі кезеңдегі білім беру жүйесі педагогикалық ғылым мен тәжірибені біріктіруді, оқу үдерісін қарқындатуды, оқытудың шығармашылық, зерттеушілік формаларын енгізуді, жеке қызметтік және практикалық бағытталған тәсілдерге бағыттауды көздейді.

Білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін, қабілеттері мен мүдделерін дамытуға бағытталған білім беру

- оқытудың тиімді технологияларын іріктеу;
- бейімделген бағдарламалар мен тиісті оқу-әдістемелік материалдарды (оқу құралдарын қоса алғанда) дайындауды қамтитын арнайы педагогикалық технологиялар негізінде дамытушылық білім беру кеңістігін ұйымдастыруды көздейді.

Зерттеудің мақсаты: білім беру технологияларын мектеп бітіруші түлектерге қажетті кәсіби қасиеттерді дамытуға бағытталған, білім алушылардың ерте кәсіби бағдарлануын практикалық тұрғыдан іске асыру құралы ретінде ғылыми негіздеу және іріктеу.

Мақсатқа сәйкес келесі *міндеттер* іске асырылды:

1. Жоғары сыныптардағы бейіндік-бағдарлы оқыту ерекшеліктері анықталды.

2. ҚР ауылдық ШЖМ білім алушыларына бейіндік-бағдарлы білім беруді ұйымдастыру жайы талданды.

3. ШЖМ-дағы кәсіби бағытталған білім беру технологиялары ұғымының мазмұны нақтыланып, олардың мәні анықталды.

4. ШЖМ-да болашақ мамандыққа бағдарлай отырып оқыту үдерісін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірленді.

Зерттеудің *ғылыми жаңалығы*: ШЖМ-да оқыту жағдайында білімді ерте кәсібилендіру идеясын іске асыруға бағытталған тиімді технологиялар анықталған. Жеке тұлғаны дамытудың тиімді құралы ретінде осы технологиялардың педагогикалық әлеуеті анықталды.

Зерттеудің *практикалық маңыздылығы*: әзірленген ұсыныстар ауылдық шағын жинақты мектеп жағдайында табысты қолданылуы мүмкін,

оқу құралы мұғалімдерге, мектеп әкімшілігіне, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесінің қызметкерлеріне арналған.

Оқу құралында кәсіптік-бағдарлы оқыту технологияларының кейбір түрлері ғана сипатталған. Сонымен қатар авторлар бұл оқу құралы оқытушыға бейіндік оқытудың технологиялық тәсілінің мәнін түсінуге, өзінің педагогикалық ұстанымын анықтауға және өзінің педагогикалық мәдениетін арттыруға көмектеседі деп үміттенеді.

Оқу құралының мазмұнында кәсіптік-бағдарлы оқыту технологияларын әзірлеу, негіздеу және іске асыру мәселелерін зерделеудің кешенді тәсілі жүзеге асырылды.

1. ШЖМ жағдайында бейіндік-бағдарлы оқыту ерекшеліктері

Қазіргі уақытта бейіндік оқытудың ерекшеліктері, теория мен практикада ұсынылатын оны енгізу проблемалары және оларды шешуге мүмкін болатын жолдарының ерекшелігіне айтарлықтай дәрежеде байланысты.

«Қазақстан Республикасында бейіндік оқытуды дамыту тұжырымдамасы» атты негізгі нормативтік құжатта бейіндік оқыту жалпы білім беретін мектептердің жоғары сыныптарында білім алушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін есепке алуды көздейді және олардың кәсіби өзін-өзі анықтауына ықпал етеді делінген [1].

Тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесі белсенді түрде жетілдірілетін психологиялық-педагогикалық проблемалардың қатарына жатады. Кәсіби өзін-өзі анықтау проблемасын қарастырудағы әртүрлі тұжырымдамалық тәсілдердің (педагогтар, психологтар, әлеуметтанушылар, әдіскерлер) алуан түрлілігі проблеманың күрделілігінен ғана емес, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуынан, елдің белгілі бір аймағында тұратын адамдардың көпшілігінің өзін-өзі айқындауды іске асыру үдерісінің мәдени-тарихи шарттылығынан, сондай-ақ халықтың әлеуметтік біртекті еместігінен туындап отыр. Осының барлығы оңтайлы тәсілдерді таңдауды қиындата түседі және оны қарастыру мен шешу жолында кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесін көпқырлы етеді.

Сонымен қатар бұл мәселеге ерекше көңіл бөлу келесі жағдайлармен түсіндіріледі. Біріншіден, тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауын терең зерттеу елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды қажеттіліктеріне жауап береді. Бұл кәсіби өзін-өзі анықтаудың аяқталмауына, осы үдерістің көп уақытқа созылуына, көп жағдайда адамдардың кейбір бөлігінің өз кәсібіне қанағаттанбау себептеріне, демек, білікті мамандардың тапшылығы жағдайында экономикаға айтарлықтай залал келтіретін кадрлардың тұрақтамауына байланысты. Үшінші мыңжылдықтың басында мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын күрделендіретін бірқатар факторлардың, атап айтқанда еңбек ресурстары өсімінің қысқаруы, экономикалық тұрақсыздық, мамандардың кәсіби қызметтің бір жетекші саласынан басқасына күрт қайта бейімделуі сияқты мәселелер кәсіби өзін-өзі анықтау проблемаларын зерттеудің маңызын одан да арттыра түсуде.

Екіншіден, кәсіби өзін-өзі анықтау проблемасы – бұл, бір жағынан, кәсіби өзін-өзі анықтау адамның кәсіби дамуының ең маңызды компоненті, «ядрасы» ретінде қарастырылса, екінші жағынан – осы үдеріс кезеңдерінің белгісі ретінде қарастырылатын тұлғаның кәсіби қалыптасу психологиясының негізгі проблемасы.

Бейіндік білім беруді жүзеге асыру үшін бірінші кезекте ақпараттық жұмысты сапалы қамтамасыз ете алатын кадрларды даярлау бойынша жұмыс қажет. Бейіндік оқытудың барлық заманауи және өзекті анықтамаларын негізге алған күнде де жалпы білім беретін мекемелер үшін бейіндік мектеп моделін іс жүзінде жүзеге асыру сөзсіз қиындық туғызады. Мектептерде

бейіндік оқытуға көшудің негізгі проблемасы ұйымдастырушылық, әдістемелік және оқудағы қолдау жүйесінің болмауында болып отыр. Оқытудың қамтамасыз етуші моделінен қолдаушы моделіне ауысуын қамтамасыз ету үшін оқу үдерісінің оқу-әдістемелік қолдау жүйесін құру қажет. Бейіндік оқыту жағдайында оқу үдерісін қолдауды педагогтар да, білім алушылар да қажет етеді. Сапалы педагогы жоқ жерде сапалы білім алу мүмкін емес. Бейіндік мектептің мұғаліміне қойылатын жаңа талаптар педагогикалық білім беруді одан әрі жетілдіруді және жұмыс істеп жүрген педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру қажеттілігін талап етеді. Мәселе біліктілікті арттыру курстарынан уақытында өту ғана емес, заманауи мұғалімнің кәсіби-тұлғалық сипаттамаларының, өзін-өзі кәсіби ұйымдастыруының, негізгі құзыреттілігі мен педагогикалық шығармашылығының жаңа сапасын ұғыну болып табылады.

Бейінді оқытуды ұйымдастыру кезінде шешетін тағы бір мәселе – тиімді педагогикалық технологияларды (проблемалық, модульдік, сараланған, жобалық білім беру, зерттеу жұмысы, қашықтықтан оқыту технологиялары және т.б.) іріктеу және пайдалану.

Білім алушылардың өзіндік танымдық және практикалық іс-әрекеті дағдыларын қалыптастыру міндетінің өзектілігі артады. Бұл ретте жеке танымдық қызығушылықты немесе қосымша білім беруді қанағаттандыруға тән білім беру қызметінің түрі ретінде өздігінен білім алу ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың сабақтағы өзіндік оқу жұмысы көлемінің айтарлықтай өсуі де түсініледі. Бұл жағдайда оқыту құралдарының рөлі едәуір артады, қашықтықтан оқыту құралдары, оқытудың ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялары, оның ішінде қашықтықтан білім беру технологиялары да ерекше маңызға ие болады. Іс жүзінде өздігінен оқу іс-әрекетіне, білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған оқытудың жаңа ақпараттық білім беру ортасын құру қажеттілігі туралы айту қажет.

Өкінішке орай, ШЖМ-тің жоғары сынып білім алушылары көбінесе өздігінен, оның ішінде компьютерлік оқыту құралдарын және интернет ресурстарын пайдалана отырып білім алуға дайын емес.

Қазақстандық білім беруді жетілдіру жағдайында білім алушылардың жеке бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес әртүрлі санаттағы білім алушыларға толыққанды білім алуға тең қол жетімділік орнатуға және білім сапасын арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. ҮІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясының зерттеулері сапалы білім туралы түсінік береді, ол білім алушыларды болашақта өзекті және қажетті біліммен, біліктілік және дағдылармен қаруландыруға, сондай-ақ болашақ түлектің бейімделуін жеңілдететін және заманауи қоғамда жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеке тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға және дамытуға арналған. Мұндай тәсіл білім беруді жаңартуды, оның мазмұнын, оқыту нысандары мен әдістерін қайта қарауды талап етеді. Біздің ойымызша, бейіндік оқыту бірқатар себептер бойынша заманауи қоғам мәлімдеген критерийлерді қамтамасыз етеді.

Біріншіден, бейіндік оқыту білім берудің жаңа парадигмасы болып табылатын жеке тұлғалық-бағытталған тәсілге негізделген: білім алушы барлық білім беру үдерісінің субъектісі болып табылады, ал оны дамыту және өзін-өзі таныту басым міндет болып табылады.

Екіншіден, бейіндік оқыту – еңбек нарығының нақты қажеттіліктерін ескере отырып, білім алушыларды әлеуметтендіруге бағытталған мамандандырылған дайындық жүйесі.

Үшіншіден, ол жоғары сынып білім алушыларының мүдделері, бейімділігі, қабілеттері ескерілетін оқытудың түрі. Белгілі бір пәндік салаларда олардың танымдық сұраныстарын барынша дамыту үшін жағдайлар жасалады.

Бейіндік оқыту – жалпы білім беретін мектептің соңғы сатысында жоғары сыныптағыларды оқыту үдерісін неғұрлым дараландырылған, нақты сұраныстар мен бағдарларға жауап беретін, білім алушылардың өз кәсіби қызметін саналы түрде таңдауын қамтамасыз етуге қабілетті етіп жасауға бағытталған, жоғары сынып білім алушыларын мамандандырылған тұрғыда дайындау жүйесі. Бейіндендірудің міндеттері – әрбір білім алушы өз орнын тауып, қандай қызмет саласына бейімді және неғұрлым қабілетті екенін түсінуі үшін жағдай жасау.

Осындай таңдау жасай отырып, білім алушы тиісті колледждерге немесе жоғары оқу орнына түсу мүмкіндігін қамтамасыз ететіндей мектепте дайындық деңгейіне жететініне толық сенімді болуға құқылы. Жоғары сыныптарда (10-11 сынып) бейіндік оқыту жүйесін тиімді және табысты жүзеге асыру үшін 8-9 сынып білім алушыларының бейіналды дайындығы қажет. Бейіндік бағдар – жоғары сыныптардың бейінді және бейінді емес сыныптарында, кәсіптік білім беру мекемелерінде оқуды жалғастыру нұсқаларын жобалауда білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге бағытталған арнайы ұйымдастырылған іс-әрекет. Бейіндік бағдар одан әрі оқытуды таңдауға көмек ретінде ғана емес, ол жоғары сынып білім алушыларының жалпы әлеуметтік, кәсіби және мәдени өзін-өзі анықтауға дайындығын арттыру бойынша жұмысты да қарастырады.

Заманауи психологиялық-педагогикалық әдебиетте бұл проблема бойынша «өзін-өзі анықтау» ұғымының мынадай түсіндірмелері бар: өзін-өзі анықтау (тұлғалық) – ол саналы түрде таңдау, проблемалық жағдайларда тұлғаның өз позициясын анықтауы және бекітуі. Жеке тұлғалық өзін-өзі анықтаудың ерекше түрі кәсіби өзін-өзі анықтау болып табылады [2].

Әлеуметтік, тұлғалық, кәсіби, рухани-практикалық өзін-өзі анықтау – жасөспірімдердің негізгі міндетін құрайды. Өзін-өзі анықтау үдерісінің негізінде болашақ қызмет саласын таңдау жатыр [3].

Өзін-өзі анықтау – бұл екі жақты үдеріс, бұл, бір жағынан, білім алушының өзін-өзі таныту және өзін-өзі ұйымдастыру нысаны, екінші жағынан – білім алушылардың танымдық және еңбек іс-әрекетін ұйымдастырудағы педагогикалық ықпал етудің нәтижесі. Білім алушы үшін оқу-танымдық, еңбек және қоғамдық іс-әрекет субъектісі ретінде тұлғалық

өзін-өзі танытудың жүйе құраушы факторы кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтау болып табылады.

Кәсіби өзін-өзі анықтау – тұлғаның кәсіби еңбек ортасына деген көзқарасын қалыптастыру үдерісі. Бұл тұлғаның ішкі және әлеуметтік-кәсіптік қажеттіліктеріне бейімделудің ұзақ үдерісі, таңдаған мамандығы бойынша кәсіби даярлықпен аяқталмайды, бүкіл өмір бойы және бүкіл еңбек жолында жалғасады.

Кәсіби өзін-өзі анықтау – нақты мәдени-тарихи (әлеуметтік-экономикалық) жағдайда өз тіршілігімен орындалатын жұмыстың өз бетінше және саналы түрде мәнін табу.

Білім алушылардың кәсіптік өзін-өзі анықтауын қалыптастыру ғылым негіздерін оқыту үдерісінде, экономикалық, еңбек және кәсіби дайындық барысында жүзеге асырылады.

Педагог үшін білім алушылармен жүргізген жұмыстың нәтижесі, жоғары сынып білім алушыларының жалпыадамзаттық құндылықтар мен әлеуметтік нормаларға сәйкес өзінің кәсіби болашағын саналы, өз бетімен ойлауға дайындығы болып табылады. Мектепшілік басқару нысаны ретінде кәсіби өзін-өзі анықтауды қарастыру үшін өте маңызды, өйткені ол мектеп басшыларының басқару қызметінің соңғы нәтижесін көрсетеді.

Білім алушылардың кәсіптік өзін-өзі анықтау үдерісін мектепшілік басқаруды мақсатқа жету бойынша білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара әрекеттесуі ретінде қарастырайық – білім алушылардың кәсіптік өзін-өзі анықтауға дайындығын қалыптастыру, бұл ұғымға мұндай түсінік берілуі басқаруды талдау барысында басқарушылар мен басқарылатындардың іс-әрекеттерін атап көрсетуге мүмкіндік береді. Мектепшілік басқару жүйесінде білім алушылардың кәсіптік өзін-өзі анықтауы басқару міндеттерінің ерекшелігіне негізделген үдеріс болып табылады, нәтижесінде оларды шешу білім алушылардың кәсіптік өзін-өзі анықтауға дайындығын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Нақты факторларды талдау:

- біріншіден, білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау аспектісінде мектептерде өткізілетін іс-шаралар формальды және эпизодтық болып табылады;

- екіншіден, мектеп басшылары білім алушылардың кәсіптік өзін-өзі анықтау үдерісін басқаруды жүзеге асыруда осы мәселе бойынша мектеп басшыларының білімінің, біліктілігінің, жұмыс тәжірибесінің жеткіліксіздігіне, басқару еңбегін ұйымдастырудағы кемшіліктерге байланысты қиындықтарға тап болады;

- үшіншіден, мектептің құрылымдық бөлімшелерінің мүмкіндіктері тиімсіз пайдаланылады;

- төртіншіден, мұғалімдер бұл үдерісті басқаруға психологиялық тұрғыда дайын емес (сынып деңгейінде);

- бесіншіден, басқарудың жеке, тіпті тұлғалық-бағдарланған нысандары мен әдістерін қолданудың келешегі жоқ екендігін растайды.

Білім алушылардың кәсіптік өзін-өзі анықтауға дайындығын қалыптастыру үдерісін басқарудағы кемшіліктердің себептерін талдау, мектеп басшыларының басқару тәжірибесін сипаттайтын келесі педагогикалық фактілерді ашуға мүмкіндік берді:

- мектеп басшылары білім алушылардың кәсіптік өзін-өзі анықтауға дайындығын қалыптастыру үдерісінің жағдайы туралы алынған ақпаратты жинау және талдау әдістемесін білмейді;

- мектеп басшысының педагогикалық ұжымның іс-әрекетін жоспарлауы мен ұйымдастыруы көбінесе барлық мектеп бөлімшелерінің өзара әрекет етуін көздемейді;

- мұғалімдердің, білім алушылар мен олардың ата-аналарының басқарушылық шешімдерді дайындау және қабылдау үдерісіне енгізуге мүмкіндік беретін, білім алушылардың кәсіптік өзін-өзі анықтау үдерісін мектепшілік басқарудың тұтас технологиясы пайдаланылмайды.

Бұл кемшіліктерді жою білім алушылардың кәсіптік өзін-өзі анықтау үдерісін мектепшілік басқарудың тиімділігін арттыруға және білім алушылардың кәсіптік өзін-өзі анықтауға дайындығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.


Заманауи жағдайда мектептегі білім берудің басты нәтижесі түлектердің үздіксіз білім алуға, өз көзқарасын қорғай білуге, ымыраға келуге, ынтымақтасуға, диалог жүргізуге және өз бетінше мамандық таңдауға дайын екендігі болып табылады.

Жоғары сынып білім алушыларын қандай да бір бағыттағы пәндер мен білім жиынтығымен ғана қамтамасыз етіп қоймай, ең бастысы оларды тұтас, толық жалпы орта білім алудан айырмау қажет. Бейіні бойынша білім алуға икемсіз болғандықтан, біздің балаларымыздың білім алуы біржақты, толық емес болуы мүмкін екендігімен келіспеуге болмайды. Біздің түлектеріміз әрдайым бейінді таңдауды саналы түрде жасай алмайтыны құпия емес: достарымен бірге болу үшін, ата-аналарының ықпалымен, мектепті ауыстырғысы келмегендіктен. Содан кейін жоғары оқу орындарына оқып жатқан бейіні бойынша түспейді.

Біз аймақтардан келіп түскен соңғы екі оқу жылындағы ШЖМ деректерін зерделеп, талдау жүргіздік. Қазақстанның 14 облысының әртүрлі аймақтарында жоғары оқу орындары мен колледждерге түскен түлектердің, сондай-ақ жұмысқа орналасқандардың саны туралы мәліметтер жиналды.

Осы деректер бойынша, Қазақстан Республикасында 2016-2017 оқу жылында ШЖМ-ді 11885 түлек бітірген, олардың 6133-і жоғары оқу орындарына түсті, 3083 түлек колледждерге түсті, сондай-ақ 2322-і жұмысқа орналасты, жұмысқа орналаспағаны 347 түлек. Деректер 1-диаграммада берілген.

2016-2017 оқу жылында ШЖМ түлектерінің ЖОО-ға, колледждерге оқуға түсуі және жұмысқа орналасуы



1-диаграмма.

Төменде көрсетілген кестеде 2016-2017 оқу жылында ШЖМ түлектерінің ЖОО-ға, колледждерге оқуға түсуі және жұмысқа орналасуы көрсеткіштері туралы мәліметтер берілген.


1-кесте. 2016-2017 оқу жылында ШЖМ түлектерінің ЖОО-ға, колледждерге оқуға түсуі және жұмысқа орналасуы жайынжағы көрсеткіштері

Облыс	Түлектер саны	ЖОО-ға оқуға түскендері	Колледждерге оқуға түскені	Еңбекке орналасқаны	Еңбекке орналаспағаны
Ақмола	929	404	411	57	57
Ақтөбе	938	407	314	161	56
Алматы	727	490	123	86	28
Атырау	70	29	33	8	
Батыс Қазақстан	658	196	434	28	
Жамбылская	405	272	85	48	
Қарағанды	826	413	360	53	
Қостанай	1016	445	240	331	
Қызылорда	140	49	88	3	
Маңғыстау	39	21	-	19	
Павлодар	722	388	160	174	
Солтүстік Қазақстан	2023	1144	200	473	206

Түркістан	1954	1172	-	782	
Шығыс Қазақстан	1438	703	635	100	
Барлығы	11885	6133	3083	2322	347

Қазақстан Республикасы аймақтарынан келіп түскен мәліметтер бойынша, 2017-2018 оқу жылында ШЖМ-ді 12410 түлек бітірген, олардың 6606-ы жоғары оқу орындарына түсіп, 3468 түлек колледждерге оқуға түскен, сондай-ақ 2201-і жұмысқа орналасса, жұмысқа орналаса алмағаны 135 түлек. Деректер 2-диаграммада берілген.

2016-2017 оқу жылында ШЖМ түлектерінің ЖОО-ға, колледждерге оқуға түсуі және жұмысқа орналасуы



2-диаграмма.

Төменде көрсетілген кестеде 2017-2018 оқу жылында ШЖМ түлектерінің ЖОО-ға, колледждерге оқуға түсуі және жұмысқа орналасуы көрсеткіштері туралы мәліметтер берілген.

2-кесте. 2017-2018 оқу жылында ШЖМ түлектерінің ЖОО-ға, колледждерге оқуға түсуі және жұмысқа орналасуы жайындағы көрсеткіштері

Облыс	Түлектер саны	ЖОО-ға оқуға түскендері	Колледждерге оқуға түскені	Еңбекке орналасқаны	Еңбекке орналаспағаны
Ақмола	964	435	440	42	47
Ақтөбе	947	424	338	131	54

Алматы	834	552	139	109	34
Атырау	87	52	23	12	
Батыс Қазақстан	702	269	419	14	
Жамбылская	519	349	119	51	
Қарағанды	711	429	263	19	
Қостанай	1141	538	408	195	
Қызылорда	132	59	69	4	
Маңғыстау	26	10	12	4	
Павлодар	761	439	180	142	
Солтүстік Қазақстан	2198	1295	403	500	
Түркістан	1940	1067	-	873	
Шығыс Қазақстан	1448	688	655	105	
Барлығы	12410	6606	3468	2201	135

Жоғары сынып білім алушыларын бейіндік оқыту тұлғаның өзін-өзі табысты түрде көрсете білу контексінде кәсіби өзін-өзі анықтау проблемасын шешуге, жеке қызығушылықтары, қабілеті мен бейімділігін ескере отырып, оқыту үдерісінде бейіндік бағытты негіздей отыра таңдау мүмкіндігін кеңейтуге қабілетті.

Білім алушылардың бейіналды дайындығын, оқу іс-әрекетіндегі жетістіктерді бағалаудың жаңа жүйесін, бейіндік оқыту контексінде білім берудің әртүрлі деңгейлерінде ресурстық орталықтар мен білім беру желілерін құруды қамтитын білім беру инновацияларының кең кешені таңдалған бағыт бойынша теориялық және қолданбалы білім алуға, практикалық дағдылар мен зерттеу біліктерін дамытуға, өзін табысты еңбек қызметіне және орта немесе жоғары кәсіптік оқу орнында білім алуды жалғастыруға өзін саналы түрде дайындауға мүмкіндік береді.

Әрбір білім алушының қабілетін ашуға бағытталған бейіндік оқыту білім алушының жеке тұлғалық дамуын ескере отырып, жеке білім беру траекториясын құруға мүмкіндік беретін сараланған оқытудың түрі ретінде қарастырылады.

Біздің еліміздегі және шет елдердегі мектепте білім берудің көп жылдық тәжірибесі, кем дегенде жасөспірімдік жастың аяқталу кезеңінде (шамамен 14-15 жас) оқыту жасөспірімдер мен қыздардың өз мүдделерін, қабілеттерін және одан әрі өмірлік ұмтылыстарын іске асыру мүмкіндігін ескере отырып, едәуір дәрежеде құрылуға тиіс екенін айқын көрсетіп отыр.

Бейіндік оқытуға көшу келесі негізгі мақсаттарды көздейді:

- толық жалпы орта білім беру бағдарламасының жекелеген пәндерін тереңдетіп оқытуды қамтамасыз ету;

- білім алушылардың жеке білім беру бағдарламаларын құру мүмкіндіктері кең және икемді жоғары сынып білім алушыларын оқыту мазмұнын айтарлықтай саралауға жағдай жасау;

- білім алушылардың әртүрлі санаттарына олардың қабілеттеріне, жеке бейімділіктеріне және қажеттіліктеріне сәйкес толыққанды білім алуға тең тұрғыда қол жетімділік орнатуға ықпал ету;

- білім алушыларды әлеуметтендіру мүмкіндіктерін кеңейту, жалпы және кәсіби білім беру арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету, мектеп түлектерін жоғары кәсіби білім беру бағдарламаларын игеруге барынша тиімді дайындау.

Жалпы білім берудің жоғары сатысын жаңартудың негізгі идеясы білім беруді неғұрлым дараландырылған, функционалдық және тиімді ету болып табылады.

Бейіндік оқыту тұлғалық-бағдарланған оқу үдерісін жүзеге асыруға бағытталған. Бұл ретте білім алушыларға жеке білім беру траекториясын құру мүмкіндіктері айтарлықтай кеңейтіледі.

«Бейіндік оқыту» және «бейіндік мектеп» ұғымын ажырату керек.

Бейіндік оқыту – білім беру үдерісінің құрылымындағы, мазмұнындағы және ұйымдастырылуындағы өзгерістер есебінен білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілетін толық ескеруге, жоғары сынып білім алушыларын білім алуды жалғастыруға қатысты олардың кәсіптік мүдделері мен ниеттеріне сәйкес оқыту үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін оқытуды саралау және дараландыру құралы.

Бейіндік мектеп – осы мақсатты іске асырудың институционалдық нысаны. Бұл негізгі нысан, алайда, жекелеген жағдайларда бейіндік оқытуды ұйымдастырудың, оның ішінде тиісті білім беру стандарттары мен бағдарламаларын жүзеге асыруды жекелеген жалпы білім беру мекемесінің қабырғасынан тыс шығаратын өзге де нысандары перспективалы бола алады.

Бейіндік оқытуды ұйымдастырудың бірнеше нұсқалары (үлгілері) атап көрсетіледі.

1) **Мектепшілік ұйымдастыру моделі.** Жалпы білім беретін оқу орны бір бейінді (тек бір ғана таңдалған профильді жүзеге асырады) және көп бейінді (оқытудың бірнеше бейінін ұйымдастырады) болуы мүмкін.

Жалпы білім беретін мекеме тұтастай нақты бейіндерге бағдарланбауы мүмкін, бірақ элективті курстар санын едәуір ұлғайту есебінен білім алушыларға (оның ішінде оқу сыныпаралық топтар түрінде) өзінің жеке бейінді білім беру бағдарламаларын, соның ішінде қандай да бір бейінді және элективті курстарды қоса алғанда, толық көлемде жүзеге асыруды ұсынады.

2) **Желілік ұйымдастыру моделі.** Осындай модельде нақты мектептің білім алушыларын бейіндік оқыту басқа білім беру мекемелерінің білім беру ресурстарын мақсатты және ұйымдасқан түрде тарту есебінен жүзеге асырылады. Ол екі негізгі нұсқада құрылуы мүмкін.

Бірінші нұсқа жеткілікті материалдық және кадрлық әлеуеті бар, «ресурстық орталық» рөлін атқаратын неғұрлым күшті жалпы білім беру мекемесінің айналасында бірнеше жалпы білім беретін мекемелерді біріктірумен байланысты. Бұл жағдайда осы топтың әрбір жалпы білім беретін мекемесі базалық жалпы білім беретін пәндерді толық көлемде және өз мүмкіндіктері аясында жүзеге асыруға шамасы келетін бейінді оқытудың бір

бөлігін (бейінді пәндер мен элективті курстарды) оқытуды қамтамасыз етеді, қалған бейінді дайындықты «ресурстық орталық» өз мойнына алады.

Екінші нұсқа жалпы білім беру мекемесінің қосымша, жоғары, орта және бастауыш кәсіптік білім беру мекемелерінің бірігуіне және қосымша білім беру ресурстарын тартуға негізделген. Бұл жағдайда білім алушыларға бейіндік оқытуды өзі оқитын жерде ғана емес, сондай-ақ жалпы білім беретін мекемелермен кооперацияланған білім беру құрылымдарында (қашықтықтан оқыту курстары, сырттай мектептер, кәсіптік білім беру мекемелері және т.б.) алуды таңдау құқығы беріледі.

Ұсынылған тәсіл бейінді оқытуға бағытталмаған әмбебап (бейінді емес) мектептер мен сыныптардың және әртүрлі мамандандырылған жалпы білім беру мекемелерінің (хореографиялық, музыкалық, көркем өнер, спорт мектептері, ірі ЖОО жанындағы мектеп-интернаттар және т. б.) болуын және одан әрі даму мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Бейіндік оқытуға кірісетін әрбір педагог оның мәнін, мақсаттары мен міндеттерін айқындауы, бейіндік оқытуды енгізумен қатар жүргізілетін нормативтік-құқықтық құжаттарды зерделеуі, заманауи білім беру жүйесінде мұғалімдерге қойылатын критерийлерге оның кәсіби құзыреттілігінің деңгейі сәйкес келетіндігін түсінуі тиіс.

Бейіндік оқытудың жоғарыда аталған негізгі мақсаттарына қол жеткізу сараланушылық, интегративтілік және біріктірушілік, вариативтілік, жеке бағыттылық, оқытудың дамытушылық және әрекеттік сипаты қағидаттарында құрылған ерекше педагогикалық жүйе бар болған жағдайда мүмкін болады [4].

Сараланушылық деп білім беру жүйесінің бөлінгендік дәрежесін анықтайтын сапа ұғынылады. Оқыту үдерісіндегі сараланушылық оқу түрін таңдауға сәйкес келетін (күндізгі, сырттай, күндізгі-сырттай) бейіндердің бар болуын білдіреді.

Вариативтілік деп білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес, оларға әртүрлі білім беру бағдарламаларын жасау және ұсыну қабілеттілігімен сипатталатын білім беру жүйесінің сапасы ұғынылады.

Интегративтілік жалпы мақсаттарға жету барысында педагогикалық жүйенің жекелеген элементтерінің өзара тәуелділік дәрежесін анықтайтын сапа ретінде анықталады. Мысалы, физиканы математикалық аппаратты пайдаланбай оқыту мүмкін емес, сондықтан физика және математика пәндерін бір профильге біріктіру орынды.

Біріктірушілік жалпы мақсаттарды шешу үшін педагогикалық жүйенің әртүрлі элементтерінің бірігуін қарастыратын сапа ретінде анықталады. Мысалы, физика, химия, биология пәндерін біріктіру білім алушылардың бойында жаратылыстану-ғылыми көзқарасты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқыту үдерісінде жеке бағыттылық деп білім алушылардың мүдделерін, бейімділігін, қабілеттерін, мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін есепке алуды ұғыну керек.

Тұлғалық-бағдарланған тәсіл тұрғысынан оқытуды бейіндеудің ең жоғарғы деңгейі – ол оның даралануы. Жоғары сатыда бейіндік оқытуды

жүзеге асыру, оқу мазмұнын меңгеруде білім алушылардың жеке білім алу траекторияларын қамтамасыз етудің қосымша мүмкіндігі ретінде қарастырылады. Бейіндік оқыту білім беру мекемелері жүзеге асыратын білім беру мазмұнын, сондай-ақ бейіндік оқытудың түрлері мен үлгілерін саралауды және даралауды көздейді.

Сонымен, бейіндік сыныптарды «орналастырудың» ең тартымды нұсқаларының бірі, тұлғалық-бағдарланған мектептің «аумағы» болып табылады. Оны құру негізінде – «тек қана материалдық құндылықтарды өндірушілерді дайындауға» және оларға алдын ала дайындалған қоғамдағы «ұяшықтарды» толтыруға тиісті адамдарды қалыптастыруға бағытталған, «лық толған оқу сыныптары, оқу үдерісінің формализмі мен тұлғасыздығы орын алған» дәстүрлі білім беруге қарсы шығатын тұлғалық-бағдарланған білім берудің жетекші идеялары.

Соңғы жылдары дамытушы білім беру моделі кең таралған, онда тұлғаның когнитивті қабілеттерін, атап айтқанда есте сақтау, зейін, ойлау, оның дербестігі мен танымдық белсенділігін дамытуға артықшылық беріледі. Дамытушы модельдің басты идеясы білім алушылардың өз бетінше ойлай білуі, білім алуы, олармен белсенді әрекет етуі, жаңа жағдайға көше білуі болып табылады.

Тұлғалық-бағдарлы білім беруде тұлғаның құндылық-эмоциялық саласын дамыту, оның әлемге, қызметке, өзіне деген көзқарасы, оның жеке ұстанымы басым болып табылады. Бейіндік оқытуды құруда тұлғалық-бағдарлы тәсілдің жетекші идеялары:

- жоғары сынып білім алушысы – оқытудың ғана емес, өмір субъектісі; бейіндік оқыту тұлғалық мағыналармен, құндылықтармен, көзқарастармен толықтырылуы тиіс;

- әр білім алушының жеке тұлғасының даралығын, біртұтастығын және қайталанбастығын қолдау;

- адам шығармашылық мүмкіндіктерін үздіксіз дамыту және іске асыру қабілетіне ие; ол өз дамуын басқара алады; білім беру үдерісінде білім алушының жеке әлеуетін өздігінен белсендіруге жағдай жасау қажет; бейіндік сынып түлегі үздіксіз жеке өзін-өзі дамыту тәсілдерін меңгеруі тиіс; бейіндік оқыту түлекке үздіксіз өзін-өзі дамыту үшін қажетті нағыз өмірлік маңызы бар білімді қалыптастыруға бағытталуы тиіс;

- мұғалім жоғары сынып білім алушыларының дамуы үшін маңызды, бірақ олар әлі де жеке тұлғалық маңызды деп қабылданбаған өмірлік проблемаларды ұғынуы қажет; білім алушының өмірлік маңызды проблемаларды шешуге дайындығын қалыптастыру – тұлғалық-бағдарлы бейіндік оқытудың жетекші міндеті; «проблемаға жолығу» бейіндік оқытудың мазмұнына енгізілуі тиіс;

- мұғалім жоғары сынып білім алушыларын, ол қалай болса сол қалпында қабылдауға, «өзін сезінетін сезімдер мен жай-күйде тепе-тең ұстау», яғни білім алушылармен өзара әрекеттестікте өзінің адами қасиеттерін көрсетуге тиіс; білім беру үдерісінде мұғалімнің директивті емес, диалогтік ұстанымы маңызды рөлге ие;

- әрбір білім алушының субъективті тәжірибесінің ерекшеліктерін анықтау (субъект өз бетінше алған тәжірибесін; оның құрамына әлем, адамдар, оқиғалар туралы білім; білімді қолдана білу; іс-әрекет дағдылары; білім ала білу; әлемге, адамдарға, оқиғаға эмоционалды-құндылық қарым-қатынас тәжірибесі; шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі кіреді); оның дамуы үшін жағдай жасау;

- білім алушының өзі жасайтын және жүзеге асыратын жоғары сынып білім алушыларының оқу мәтініне жеке маңызды көңіл бөлуін, ойлау дербестігі мен оқу жұмысының тәсілдерін дамыту; оқу тәсілдерін жасаушы білім алушының өзі болып табылады, мұғалім оларды «мәдениеттендіреді», "пәнге лайықтайды", олардың бекітілуіне және зияткерлік қызмет тәсілдеріне айналуына ықпал етеді;

- әрбір жоғары сынып білім алушысына қолжетімді мазмұны бойынша әртүрлі білім беру ортасы қажет; білім беру ортасындағы білім алушыларды бақылай отырып, мұғалім оның «танымдық портретін» (оның жеке дамуының сипаттамасы) құрастырады және оның «танымдық бейінін» (ойлау түрі) анықтайды, бұл білім алушының бұдан әрі қарай тұлғалық дамуын жобалауға мүмкіндік береді;

- білім алушының жеке тұлғалық функцияларын көрсету үшін жағдай жасау: тұлғалық әмбебап қабілеттер болып табылатын ынталандыру, таңдау, шығармашылықтың мәні, өзін-өзі таныту, рефлексия; жеке тұлғалық функцияларды көрсету (яғни білім алушы мағынаны іздеуді, өзі туралы ойлауды, өз өмірінің бейнесін және моделін құруды, проблеманы шешудің шығармашылық нұсқасын таңдауды, фактілерге баға беруді және т. б. талап ететін жағдайға қалу) талап етілетін тұлғалық-бағдарлы жағдайды (оқу, танымдық, өмірлік) құру.

Тұлғалық-бағдарлы бейіндік оқытудың мазмұны мынадай жағдайлардың бірнеше түрін қамтуы тиіс:

- тұлғалық-бағдарлы бейіндік оқытудың педагогикалық технологиялары авторлық болып табылады, яғни білім алушылардың білім алу мүмкіндіктерін, оқыту бейінінің ерекшеліктерін, бейіндік сынып бітірушісінің «бейнесін», оқу пәні бойынша білім беру бағдарламасының талаптарын, оқыту жағдайын, өзінің жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, педагогтердің өздері құрған; тұлғалық-бағдарлы бейіндік оқытудың идеясын қабылдайтын педагог жобалаушының тұғырын алуы тиіс [5, 56-69-бб.].

Тұлғалық-бағдарлы бейіндік оқытудың мақсаты колледждер мен ЖОО-ға түсуге мамандандырылған дайындықпен шектелмейді. Ең бастысы – қолдау, адамда адамның дамуы, өзін-өзі танытуы, өзін-өзі жетілдіруі, бейімделуі, өзін-өзі реттеуі, өзін-өзі қорғауы, өзін-өзі тәрбиелеуі және өзіндік әрі адам өміріне лайықты тұлғаның қалыптасуы үшін, адамдармен диалогтық және қауіпсіз қарым-қатынас жасауға, табиғатпен, мәдениетпен, өркениетпен өзара әрекет ету үшін қажетті басқа да тетіктерді «кірістіру» және «іске қосу».

Тұлғалық-бағдарлы бейіндік оқытудың мазмұны, адамға өзіне меншікті тұлғасын құру және дамытуы үшін қажетті нәрселерді және кем дегенде

аксиологиялық, когнитивтік, әрекеттік-шығармашылық және тұлғалық компоненттердің болуын қамтуы тиіс.

Аксиологиялық компоненттің мақсаты тұлғалық мағыналарды, жеке маңызды құндылық бағдарларының жүйесін таңдауда көмек көрсету болып табылады.

Оқыту мазмұнындағы когнитивті компонент рухани дамудың негізі ретінде адам, мәдениет, тарих, табиғат, ноосфера туралы ғылыми білімдермен қамтамасыз етеді.

Шығармашылық-әрекеттік компонент білім алушылардың танымда, еңбекте, ғылыми, көркем және басқа да іс-әрекет түрлерінде тұлғаның өзін-өзі танытуда қажетті міндеттерді шешуде өзіндік тәсілдерді, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

Тұлғалық компонент өзін тануды, рефлексивтік қабілеттілікті дамытуды, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі жетілдіру, адамгершілік және өмірлік өзін-өзі анықтау тәсілдерін меңгеруді қамтамасыз етеді, өмірлік ұстанымды қалыптастырады.

Тұлғалық компонент тұлғалық-бағдарлы бейіндік оқытудың мазмұнында жүйе құраушы болып табылады және осынысымен дәстүрлі оқыту мазмұнынан айтарлықтай ерекшеленеді, оның жүйе құраушы компоненті когнитивті болып танылады. Осыған орай, бейіндік оқытудың мазмұнын жаңарту бойынша педагогтердің негізгі күш-жігері, оның тұлғалық-мағыналық және кәсіби бағыттылығын біріктіруге бағытталуы тиіс [6, 37-39-бб.].

Жүйелі көзқарас тұрғысынан бейіндік оқыту үдерісі үздіксіз білім беру контекстінде қарастырылады. Бейіндік оқыту өзінің іс-әрекеті мен дамуында әртүрлі объективті факторлармен, атап айтқанда әлеуметтік, психологиялық, ұйымдастырушылық-педагогикалық, материалдық-техникалық және басқаларға негізделген тұтас педагогикалық жүйе болып табылады. Ол әртүрлі тұрғыдан, іс-әрекет ретінде, үдеріс ретінде, қарым-қатынас ретінде, педагогикалық басшылық пен оқуда өзін-өзі басқарудың арақатынасы ретінде қарастырылуы мүмкін.

Жүйелі-әрекеттік және тұлғалық-бағдарлы тәсілдер тұрғысынан бейіндік оқыту – ол үздіксіз кәсіптік білім беруге дайындау және дамытуда әрбір тұлғаның сұраныстары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға байланысты, екі (және одан да көп) субъектілердің (мұғалім мен білім алушының, мұғалім мен білім алушылардың, білім алушылардың бір-бірімен) білім алу мақсаттары жүйесіне қол жеткізуге бағытталған ынтымақтастығы [7, 93-б.].

Бейіндік оқытудың жетекші мақсаты – білім алушыларды тұлғалық дамыту контекстінде, мұғалімнің кәсіби-тұлғалық өзін-өзі дамытуда өзіне тән тәжірибесінің болуы өте маңызды. Бейіндік сынып педагогының іс-әрекетінің шартты «формуласы» – өзін дамыта отырып, білім алушының өзін-өзі дамыту технологиясын меңгеруіне көмектесу және онымен бірге бейіндік оқыту жүйесінің өмірдегі әрекет етуін дамытудың жаңа идеяларына, тұжырымдамаларына және технологияларына «шығу». Бейіндік сынып мұғалімінің ғылыми-зерттеу іс-әрекеті, оның мектептегі білім беруді

бейіндендіру үлгілерін дамытуға тікелей қосқан ғылыми-практикалық үлесі ерекше маңызға ие болады.

Сондықтан бейіндік оқытуды тұлғалық-бағдарлы басқару келесі ерекшеліктермен сипатталады:

- біріншіден, білім беру үдерісіне қатысушылар өз іс-әрекетін қалай жүзеге асыру жөнінде өз бетінше шешім қабылдау құқығына ие болады. Өз бетінше шешім қабылдау, мысалы, олардың жоспарлау, педагогикалық технологияны таңдау сияқты қызметінің аспектілеріне қатысты;

- екіншіден, мектеп ұжымының мүшелері өздері орындайтын міндеттеріне қатысты шешім қабылдауға тартылуы мүмкін. Бұл жағдайда басшы «ойын ережесін» ұжымда талқылайды, оған нақты өкілеттікті беру жөнінде, оның алдында қойылған міндеттерді орындау мәселелері бойынша қарамағындағылармен ақылдасады, олар басқару мақсаттарын қоюға, технологияны таңдауға, басшы қызметінің нәтижелерін талқылауға және бағалауға тартылады;

- үшіншіден, тұлғалық-бағдарлы басқару педагогикалық қызметке қатысушылардың өзін-өзі бақылауын, өзін-өзі талдауын, өзін-өзі бағалауын оңтайлы пайдалануды көздейді;

- төртіншіден, мектеп ұжымының мүшелері өз меншікті жұмысы саласында да, бүтіндей мектепті дамытуда да инновациялық қызметті жүзеге асыруда, шығармашылық еркіндікті, бастамашылықты танытуда үлкен мүмкіндіктерге ие;

- бесіншіден, тұлғалық-бағдарлы басқаруды жүзеге асырудың ықтимал бағыты, педагогикалық үдеріске қатысушыларға бірге жұмыс істегісі келетін ұжым мүшелерінен жұмыс топтарын қалыптастыру құқығын беру болып табылады. Бұл жағдайда қоғамдық (іскерлік, қызметтік, іс-әрекеттік) және жеке (психологиялық, эмоционалдық, тұлғааралық) байланыстар мен қарым-қатынас бірлігімен адамдар бірігетін жаңа кіші жүйелер («шағын топтар» шартты атауы) пайда болуы мүмкін.

10-шы сыныпқа қарай білім алушылар, олардың мамандығына негіз болатын бағытты, бейінді таңдауы керек деп болжам жасалуда. Ол үшін негізгі мектептің жоғары сыныптарында бейіналды дайындық жоспарлануда.

Заманауи нұсқада бейіналды және бейінді даярлықтың басты міндеттерін, ең алдымен, кәсіптік бағдар беру тапсырмасын шешу үшін, «білім алушылардың өзін-өзі анықтауына ықпал ету» үшін кәсіптік бағдармен байланыстырады [8].

Білім алушылармен жүргізілетін кәсіптік бағдар беру жұмысы бірнеше кезеңге бөлінеді:

1. Пропедевтикалық кезең (8-сынып) – білім алушылардың білім алудағы сұраныстарын анықтау.

«Қалаймын» факторы – өз қызығушылықтарыңды және бейімділігіңді бағала, саған қандай мамандықтар ұнайды, олар туралы сен не білесің?

2. Негізгі кезең (9-сынып) – бейіндік мектепте сұранысқа ие білім беру әрекеттерінің түрлерін модельдеу.

«Бола аламын» факторы – сен өз қабілетің мен біліктілігің туралы білесің бе, таңдаған кәсіп маманына қандай талаптар қоятынын сен білесің бе?

3. Қорытынды кезең (9-сыныптың аяқталуы бойынша) – жоғары мектепте оқу бейінін таңдау туралы шешім қабылдауға білім алушының дайындығын бағалау.

«Керек» факторы – сен таңдаған мамандық мамандары біздің қаламызда (ауданда) қазіргі және жақын болашақта қажет бола ма? Осы мамандық бойынша қалай және қайда оқуға болады? Өйткені бірден бәрін ешкім жасай алмайды. Өз күшін жұмсауда шектулі саланы таңдап алу қажет. Жақсы таңдау жасау – ол, біріншіден, адамдарға, қоғамға қажет, екіншіден, болашақта сен үшін қолжетімді және қолдан келетін болуы мүмкін, үшіншіден, саған қанағаттанушылық, қуаныш әкелуі мүмкін жұмысты таңдау.

Бейіналды дайындық, негізгі сатыдағы білім алушының өзін-өзі анықтауға ықпал ететін мұғалімдер мен психологтардың жұмысынан және мамандық нарығы туралы ақпаратты қамтамасыз ету бойынша (ашық есік күндері, қандай да бір еңбек саласында белгілі бір нәтижелерге жеткен аудан тұрғындарымен, мектеп түлектерімен әңгімелесу) мектеп әкімшілігінің жұмысынан, таңдау курстарынан (олардың мазмұны пән бойынша білімді кеңейтеді) құралады.

Сонымен, бейіндік оқытуды ұйымдастыру құрылымын төмендегідей келтіруге болады (1-сурет).

Бейіндік оқытуды ұйымдастыру құрылымы



1-сурет.

Заманауи мектепте бейіналды дайындық өз таңдауын жасауда жауапты болып, өз күшін анық бағалау, шешім қабылдау және жүзеге асыруға байланысты болатын өмірлік маңызды таңдау жасауға білім алушыларды дайындау мен даралап оқытудың шарттарының бірі және маңызды компоненті болып табылады.

Қазақстан Республикасында бейіндік оқытуды дамыту Тұжырымдамасына сәйкес жалпы орта білім берудің жоғарғы сатысында бейіндік оқыту жүргізіледі. Негізгі мектеп бұл үдеріске белсенді түрде кірісуі тиіс: негізгі мектепте оқытудың соңында жүйелі дайындық жұмыстарын жүргізу қажет. Жоғары сатыда оқытуды бейіндеу идеясын жүзеге асыру, негізгі сатының түлектеріне жауапты таңдау қажеттілігін міндеттейді – өз іс-әрекетінің бейіндеуші бағытына қатысты алдын ала өзін-өзі анықтау.

Осы жауапты таңдауға дайындаудың маңыздылығы – оқыту бейінін, ал келешекте болашақ мамандықты, негізгі мектептегі бейіналды дайындықтың маңызды мәні анықтайды.

Бүгінгі таңда бейіналды дайындық – негізгі мектептің жоғары сынып білім алушыларының болашақ оқытудың бейінді бағыттары мен кейінгі кәсіби қызметтің кең саласын таңдауларына қатысты өзін-өзі анықтауына ықпал ететін педагогикалық, психологиялық-педагогикалық, ақпараттық және бағдар беру іс-әрекетінің жүйесі.

Бейіналды дайындық тоғызыншы, тіпті сегізінші сыныптың білім алушыларына одан әрі оқытудың бағытын анықтауына көмектеседі және дайындық функцияларын орындай отырып, бейіндік оқытудың бір бөлігі болып табылады.

Қандай қызмет саласын таңдау керек? Гуманитарлық, математикалық, жаратылыстану ғылымдары?

Мектеп мамандықты таңдамайды, тек білім алушы жоғары 10-11 сыныптарда немесе басқа оқу орнында оқитын бейінді ғана көрсетеді. Яғни, ол негізгі мектепті бітіргеннен кейін білім траекториясын өзі таңдайды.

Негізгі мектепте *бейіналды дайындықтың негізгі мақсаты*: балалардан бойында одан әрі білім алудың бейінін саналы түрде таңдау жасау қабілетін қалыптастыру.

Білім алушылар бейін таңдауда өз қабілеттерін әділ бағалай білуі, сапалы білім алуға дайын болуы тиіс.

Бейіналды дайындықтың міндеттері:

- білім алушыларға олардың білім алу мүдделері мен мүмкіндіктерін ұғынуда және бағалауда көмек көрсету;

- білім алушыларды білім алуды жалғастырудың ықтимал жолдары туралы ақпаратпен қамтамасыз ету;

- білім алушылардың бейіналды дайындығы және кәсіби өзін-өзі анықтау бойынша жұмысына ақпараттық, ғылыми-әдістемелік және психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету;

- болашақ кәсіби қызметте табысты болуын қамтамасыз ететін танымдық мүдделерді дамыту;

- 3-сатыда одан әрі білім алу бағытын, оқу бейінін таңдау туралы сәйкес шешім қабылдау қабілетін қалыптастыру;

- тек білімді меңгеруге ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың ойлауын дамытуға, практикалық дағдыларын қалыптастыруға және өздігінен білім алу жұмысының рөлін арттыруға да бағыттау.

Пропедевтикалық кезеңнің міндеттері:

- білім алушылардың қызығушылығы мен бейімділігін, қабілеттерін анықтау;

- кәсіби қалыптасуына байланысты тәжірибе жинақтауына психологиялық-педагогикалық көмек көрсету;

- болашақ кәсіби қызметте табысты болуын қамтамасыз ететін танымдық мүдделерді дамыту;

- білім алушыларды бейімалды дайындау бойынша бірлескен жұмысқа ата-аналарды дайындау.

Оқытуды ұйымдастыру түрлері: «Мамандықты таңдау және кәсіптік өзін-өзі анықтау негіздері» элективті курсы; білім алушылардың қызығушылығын, бейімділігін, білім алудағы сұраныстарын диагностикалау; педагогтер мен психологтардың кеңес беруі; экскурсиялар; үйірмелер.

Негізгі кезеңнің міндеттері:

- болашақ оқу мен кәсіби қызмет бағыттарын таңдау туралы шешім қабылдау тәсілдеріне үйрету;

- білім алушылардың жеке білім алу бағытын қалыптастыруға көмек көрсету;

- білім алушылардың бейімалды дайындығы мен кәсіби өзін-өзі анықтауы бойынша жұмысына ақпараттық және психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету.

Негізгі кезеңнің мазмұны:

- білім алушылардың қызығушылығын, бейімділігін, білім алудағы қызығушылығын қайта диагностикалау;

- таңдау бойынша курстарды зерделеу үшін мобильді топтарды құру;

- білім алушылардың қызығушылықтарына, бейімділігіне, білім алудағы сұраныстарына сәйкес жеке оқу жоспарларын қалыптастыру;

- таңдау бойынша курстардың оңтайлы кестесін құру;

- кәсіптік таңдау мәселелері бойынша білім алушылар мен олардың ата-аналарына жеке кеңес беру, ақпараттық жұмыс жүргізу;

- тоғызыншы сынып білім алушыларының «Жетістіктер портфолиосын» қалыптастыру;

- таңдау бойынша пәндік және бағдарлау курстарын өткізу.

Оқытуды ұйымдастыру түрлері: элективті курстар (пәндік, бағдарлы); педагогтар мен психологтардың кеңестері; әртүрлі оқыту мен кәсіптердің ерекшеліктерімен таныстыру; жеке оқу жоспарларын құру; экскурсиялар; үйірмелер.

Қорытынды кезеңнің міндеттері:

- білім алушылардың одан әрі оқу бейінін тиімді таңдауын қамтамасыз ететін барлық ақпаратты жинау және өңдеу;

- білім алушыларға өздері таңдаған оқу бейінінің болашағы туралы толық ақпарат беру;

- білім алушылардың жеке оқу жоспарлары негізінде бейіндік оқытудың оқу жоспарын қалыптастыру.

Қорытынды кезеңнің мазмұны:

- өткізілген бейіналды дайындықтың тиімділігін талдау;

- тоғызыншы сынып білім алушыларын бейіндік оқыту бағдарламаларымен және жеке оқу жоспары негізінде оқу үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерімен таныстыру;

- кәсіптік оқыту және жұмысқа орналасу перспективаларымен таныстыру;

- білім алушылардың қандай да бір бейінді, сондай-ақ элективті курстарды таңдауы бойынша ақпарат жинау және оны аналитикалық өңдеу;

- білім алушылардың жеке оқу жоспарлары негізінде бейіндерді қалыптастыру;

- бейіндік сыныптарды жинақтау.

Жұмыстың түрлері мен әдістері:

- бейіндік оқытудың оқу жоспарлары мен бағдарламаларының әртүрлі нұсқаларымен таныстыру (презентация);

- білім алушылар мен олардың ата-аналарына сауалнама жүргізу;

- білім алушылардың білім алу рейтингін талдау;

- «Мамандықтар жәрмеңкесі».

Негізгі мектеп түлектерінің бейіналды дайындығын аяқтаған кезде академиялық жетістіктер мен «портфолионы» ғана емес, білім алушылардың оқу бейінін өздігінен таңдауға дайын екендігін көрсететін әлеуметтік кемелдігін де ескерген жөн. Жоғары мектептегі оқу бейінін таңдауға 9-сынып білім алушыларының дайындығының критерийлері шамамен мыналар бола алады:

- оқу бейініне және оған тиісті мектептен кейінгі білім беру бағыттарына байланысты құндылықты бағдарлардың айқындылығы;

- бейіндік оқытудың жеке айқындалған мақсаттарының ұсынылуы;

- өмірлік, әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтауда, білім беруді одан әрі жалғастыру үшін бейіндік оқытудың маңыздылығына қатысты ақпараттық дайындық.

Мектеп жүзеге асыратын бейіналды дайындықты қолдау:

- таңдау курстарында білім алушылардың оқу нәтижелерінің мониторингі;

- білім алушылардың білім алудағы сұраныстарының динамикасын және олардың бейінді таңдауға дайындығын талдау;

- бейіналды дайындық бойынша мектеп құжаттарын бақылау;

- бейіналды дайындық және болашақ бейін курстарын тиімді таңдау үшін білім алушыларға кеңес беруді ұйымдастыру.

Бейіналды дайындықты жүзеге асыру бойынша сынып жетекшілерінің функциясы:

- бейіндік оқыту жүйесі құру туралы білім алушылар мен ата-аналарды ақпараттандыру үдерісін ұйымдастыру;

- 9-сынып білім алушыларымен жұмыс істейтін педагогтердің қызметін үйлестіру;

- «портфолио» үшін ақпарат жинау бойынша әртүрлі іс-шаралардың бір бөлігінде білім алушыларды ұйымдастыру;

- оқу бейінін таңдау мәселелері бойынша білім алушыларға кеңес беру;

- нәтижелерді талдау және бағалау.

Жоғарыда аталған функцияларға сүйене отырып, білім алушылардың бейіналды дайындығы бойынша сынып жетекшілерінің іс-әрекетін анықтаймыз.

Сынып жетекшісі жұмысының негізгі бағыттары:

1. Білім алушылармен және олардың отбасыларымен ақпараттық жұмыс.

2. Бейіндік бағыт.

3. Психологиялық-педагогикалық диагностика.

4. Сыныптағы бейіналды даярлық нәтижелерін талдау және бағалау.

Негізгі мектепте жүзеге асырылатын бейіналды оқу бейіндік оқытудың алдында жүргізілетіні белгілі болды. Оның мақсаты – белгілі бір саладағы сұраныстарды қанағаттандыру және қабілеттілікті дамыту емес, өмірлік тәжірибеге сүйеніп, адамдардың кәсіби еңбегінің сипаты туралы түсінік алуға мүмкіндік беретін білімнің негізгі салаларын қамтитын ұсынылып отырған курстар негізінде білім алушының мүмкіндіктерін тексеру, мүдделерін анықтау. Бейіндік оқытуды құру үшін ең бастысы білім алушыларды таңдап алу болып табылады. Бұл үдеріс өте қиын, сондықтан оқу бейінін таңдаудың алдында ата-аналар мен білім алушылардың танымдық қажеттіліктерін алдын ала анықтауға мүмкіндік беретін диагностика жүргізіледі. 9-сынып түлектерінің кәсіби өзін-өзі анықтау мақсатында, мысалы, «Білім беру бейінін таңдау қосылғыштары және білім беру бағыты» элективті курстары және «Оқыту бейінін таңдау» психологиялық курсы жүргізуге болады. Бұл сабақтарда білім алушылар интернет желісінің ресурстарын пайдалана отырып, қызығушылық танытқан мамандықтар туралы толық ақпарат алады, қоғамның белгілі бір мамандықтарға деген сұраныстарын зерделейді. Мүмкін болатын оқу профилі туралы толық түсініктерді қалыптастыру мақсатында білім алушыларға оқу бейінін таңдауда біржолата анықталуға, осы бейінге қатысты мамандықтар туралы барынша көбірек білуге көмектесетін білім алушылар үшін элективті курстар өткізу ұйымдастырылады. Білім алушыларға таңдауы бойынша «Практикалық құқық», «Көлік», «Ғажайып және таңқаларлық су» сияқты элективті курстарға қатысу ұсынылады. 9-сынып білім алушылары үшін, бейінді сыныптардағы сабақтарға қатыстыра отырып ұйымдастырылған ашық есік күндері қызықты болып табылады. Ұйымдастырудың мұндай түрі бейіндік сыныптардағы жұмыстың ерекшелігін көруге, білім алушылардың дайындық деңгейін және жұмыстың нәтижелілігін бағалауға мүмкіндік береді. Білім алушыларды бейіндік сыныпқа қабылдау қорытынды аттестаттау нәтижелері және ұсынылатын портфолио бойынша жүзеге асырылады.

Мектептердің жұмысының тәжірибесінде келесі бейіндік сыныптар кеңінен таралған: математикалық (физика-математикалық), жаратылыстану-ғылыми, гуманитарлық және т. б. «Қазақстан Республикасында бейіндік оқытуды дамыту тұжырымдамасында» бейіндік оқытудың мазмұны екі бағыты: жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағытының аясында жүзеге асырылады делінген.

«Қазақстан Республикасында бейіндік оқытуды дамыту тұжырымдамасында» келесі мүмкіндіктер қарастырылған. Мектеп материалдық-техникалық жағдайларына, кадрлық педагогикалық құрамына, білім алушылардың қалауына байланысты бір бейінді таңдай алады.

Бірбейінді оқыту кезінде (грек сөзі. Monos – біреу, жалғыз) оқу орны бейіндік оқытудың бір бағытын іске асырады (жаратылыстану-математикалық немесе қоғамдық-гуманитарлық).

Көпбейінді оқыту кезінде (грек сөзі. polys – көптеген, есепсіз, көлемді) оқу орны бейіндік оқытудың 2 бағытын іске асырады (жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық).

Іс жүзінде мектептер үшін екі бейінді қолдау өте қиын, сондықтан мектептердің көпшілігі бір-екі бейінді сыныптарды құрудың алдында тұр.

Оқыту бейінінің өзін анықтаудағы негізгі мәселелер. Білім алушылардың тілегі әртүрлі болғандықтан, тіпті бір сыныпты жинақтап қабылдау қиынға соғады. Бұл жағдайда икемді құрамдағы сыныптар, білім алушылардың жеке білім беру траекториялары, желілік ұйымдастыру сияқты оқыту түрлерін қолдануға болады.

Икемді құрамдағы сыныптар әртүрлі бағыттар бойынша білім алушылардың кем дегенде екі тобын оқытуды көздейді. Мұндай сыныптарда жалпы білім беретін пәндерге барлық білім алушылар қатысады, ал бейіндік пәндерді оқу кезінде сынып топтарға бөлінеді. Жеке білім беру траекториялары білім алушылардың түрлі топтарының мүдделерін ескеруге мүмкіндік береді және әр білім алушыға апталық оқу сағаттарының кестесі жеке құрастырылады. Желілік ұйымдастыру қазіргі уақытта Интернет-білім беру арқылы жүзеге асырылады.

Бейінді таңдауды анықтайтын факторлар өте әртүрлі. Олар жағымды болуы (ата-аналар, мұғалімдер, достар кеңес береді, оқу пәнін ұнатады), сондай-ақ жағымсыз (кеңес бермейді, ұнамайды) болуы да мүмкін. Мақсатты таңдау жасауға, эксперименталды енгізілуі ендігі басталып кеткен бейіналды оқыту көмектеседі.

Мұғалім тек қана білім алушылардың қалауын ғана емес, сонымен қатар олардың жеке ерекшеліктерін де ескеру қажет. Психологиялық және педагогикалық зерттеулер белгілі бір білім саласының, белгілі бір бейіндегі білім алушыларға тән жеке-типологиялық ерекшеліктерін, оларға бейіндік пәндерді табысты меңгеруге мүмкіндік беретін арнайы қабілеттерін анықтауға мүмкіндік берді.

Біз соңғы екі жылдағы ШЖМ-нің білім алушыларының бейіндік пәндерді таңдауы жағдайын зерделедік. Қазақстан Республикасы аймақтарының ақпараты бойынша, 2016-2017 оқу жылында білім

алушылардың ең көбі 2601-і «Биология» пәнін таңдадаса, ең азы 7 білім алушы «Информатика» пәнін таңдаған. 2017-2018 оқу жылында да осындай арақатынас сақталған, 2979 білім алушы «Биология» пәнін, ал 4 білім алушы «Информатика» пәнін таңдаған. Төменде 3-кестеде 2016-2017 оқу жылындағы Қазақстан Республикасы аймақтары бойынша ШЖМ білім алушыларының бейіндік пәндерді таңдау көрсеткіштері берілген.

3-кесте. 2016-2017 оқу жылындағы Қазақстан Республикасы аймақтары бойынша ШЖМ білім алушыларының бейіндік пәндерді таңдау көрсеткіштері

Облыс	Химия	Физика	Биология	География	Тарих	Ағылшын тілі	Әдебиет	Матем.	Инф-ка	Құқық негіздері
Ақмола	76	90	129	120	124	107	135	166	-	-
Ақтөбе	63	181	193	106	136	43	53	170	-	-
Алматы	62	113	173	119	84	27	37	26	-	-
Атырау	8	8	15	10	9	2	7	13	-	-
Батыс Қазақстан	57	116	172	77	96	39	50	44	7	0
Жамбылская	18	66	125	47	27	14	15	36	-	-
Қарағанды	47	100	165	175	132	31	39	192	-	-
Қостанай	73	132	281	143	114	39	26	158	-	-
Қызылорда	9	13	19	9	5	4	2	9	-	-
Маңғыстау	5	3	9	11	8	-	4	8	-	-
Павлодар	40	166	252	86	41	21	32	84	-	-
Солтүстік Қазақстан	98	203	453	225	223	44	48	144	-	-
Түркістан	220	479	260	261	260	28	126	320	-	-
Шығыс Қазақстан	143	283	484	157	132	57	58	124	-	-
Барлығы	843	1863	2601	1426	1267	349	497	1328	7	0

Келесі кестеде 2017-2018 оқу жылындағы Қазақстан Республикасы аймақтары бойынша ШЖМ білім алушыларының бейіндік пәндерді таңдау көрсеткіштері берілген.


4-кесте. 2017-2018 оқу жылындағы Қазақстан Республикасы аймақтары бойынша ШЖМ білім алушыларының бейіндік пәндерді таңдау көрсеткіштері

Облыс	Химия	Физика	Биология	География	Тарих	Ағылшын тілі	Әдебиет	Матем.	Инф-тика	Құқық негіздері
Ақмола	94	110	145	146	117	113	108	131	-	-

Ақтөбе	83	161	184	129	142	51	57	198	-	-
Алматы	63	119	197	132	94	40	47	32	-	-
Атырау	11	9	20	21	13	1	4	17	-	-
Батыс Қазақстан	79	106	128	70	81	59	94	76	4	5
Жамбылская	22	70	101	52	48	24	28	36	-	-
Қарағанды	80	247	252	222	184	59	67	290	-	-
Қостанай	104	156	316	207	144	70	46	199	-	-
Қызылорда	10	5	20	9	4	3	6	5	-	-
Маңғыстау	1	4	1	1	1		2	2	-	-
Павлодар	32	175	259	88	74	26	22	85	-	-
Солтүстік Қазақстан	162	307	601	463	389	64	52	277	-	-
Түркістан	185	420	286	275	280	32	136	326	-	-
Шығыс Қазақстан	144	260	469	188	132	57	54	144	-	-
Барлығы	1070	2149	2979	2003	1703	599	723	1818	4	5

Жоғарыда келтірілген деректерден көрініп тұрғандай, білім алушылар қоғамдық-гуманитарлық пәндерге қарағанда жаратылыстану-ғылыми пәндерге үлкен қызығушылық танытады. Соңғы екі жылдағы Қазақстан Республикасы бойынша ШЖМ білім алушыларының бейіндік пәндерді таңдауының өзгеру динамикасы төменде 3-диаграммада көрсетілген.

Соңғы екі жылдағы Қазақстан Республикасы бойынша ШЖМ білім алушыларының бейіндік пәндерді таңдауының өзгеру динамикасы



3-диаграмма.

Кейбір зерттеулер математикалық сыныптардағы білім алушылар үшін жүйелендіруге, заңдылықтарды анықтауға деген қызығушылық, абстрактілі-логикалық ойлау тән, ал «гуманитарийлердің» көрнекі-бейнелі ойлауы дамыған, эмоциялары айқын білінетінін көрсетеді.

Жаратылыстану-ғылыми сыныптарының білім алушыларына пәнді тұтас ретінде қабылдау, ойлау әрекетінің икемділігі, объектіні логикалық және сезімталдықпен қабылдау тән. Мұны, мысалы, зертханалық жұмыстарды жүргізу кезінде, егер практикалық зерттеулер үшін объектілер мен тапсырмаларды (практикумдар, зертханалық жұмыстар, тәжірибелер, бақылау) таңдау мүмкіндігі болса анықтауға болады.

Гуманитарлық сынып білім алушылары үшін зерттеу объектісінің сыртқы тартымды көрінісінің маңызы зор. Мысалы, «Вариациялық қатарды және вариациялық қисықты салу» зертханалық жұмысында білім алушыларға зерттеу объектісі ретінде бөлме өсімдіктерін ұсынған жөн. Сол кезде тапсырмаларды таңдаудың да түрі өзгереді. Жапырақтардың ауданын қажетті өлшеуден, вариациялық қисықты салудан басқа модификациялық өзгергіштіктің мәні туралы тұжырым болжанады.

Математикалық сыныптарда білім алушылар үдерістің мәнін қабылдай отырып, зерттеу объектісінен оңай абстракцияланады. Қарастырылып отырған «Вариациялық қатарды және вариациялық қисықты салу» атты зертханалық жұмыста зерттеу объектісі ретінде өсімдіктердің гербарлы даналары қолданылады. Мынадай тапсырмаларды қосуға болады: өлшеулер, қажетті математикалық әдістерді білім алушылардың өз бетінше таңдауы, вариациялық қатарды салу және оның графикалық бейнеленуі, сондай-ақ модификациялық өзгергіштікке байланысты заңдылықтарды анықтау.

Жоғары сатысында бейінді оқытуы бар жалпы білім беру мекемесінің моделі бейінді оқытудың икемді жүйесін қамтамасыз ететін әртүрлі пәндердің түрлі комбинацияларының мүмкіндігін көздейді. Ол үш өзара әрекеттесетін компонентті қамтиды:

- барлық бейіндерде барлық білім алушылар үшін міндетті базалық жалпы білім беретін пәндер (инвариантты компонент);
- бейіндік жалпы білім беретін пәндер (вариативті компонент) – оқытудың әрбір нақты бейінінің бағыттылығын анықтайтын жоғары деңгейдегі (екіден кем емес) пәндер;
- элективті курстар (білім алушы компоненті) – мектептің жоғарғы сатысындағы оқу бейінінің құрамына кіретін таңдау бойынша міндетті курстар.

Төменде 2-суретте бейіндік оқытудың құрылымы келтірілген.

Бейіндік оқытудың құрылымы



2-сурет.

Базалық жалпы білім беретін пәндер оқу бағытына қарамастан міндетті болып табылады. Инвариантты компоненттің базалық жалпы білім беретін пәндер тізбесі: ана тілі, қазақ тілі (қазақ тілінде оқымайтын мектептерде)/орыс тілі (орыс тілінде оқымайтын мектептерде), шет тілі, математика, Қазақстан тарихы, өзін-өзі тану, дене шынықтыру, АӘД, информатика.

Базалық жалпы білім беретін пәндер жүйесі орта білім мазмұнының функционалдық толықтығын қалпына келтіреді. Жалпы міндетті пәндер базалық мазмұнның бірыңғай негізі ретінде мемлекеттің мүддесін анықтайды, білім алушыларды жалпы мәдени және ұлттық құндылықтарға баулиды.

Бейіндік оқытудың қандай да бір бағыты аясында оқу орны оқытудың қандай да бір бейінін өздері ұйымдастырады. Оқыту бейінінің мазмұны бейіндік пәндер, мектеп компонентінің таңдауы бойынша міндетті пәндер арқылы және ішінара жалпы орта білім беру оқу жоспарының білім алушы компонентінің мүдделері бойынша курстар арқылы қамтамасыз етіледі. Профильдік және міндетті пәндер мен мүдделері бойынша курстар комбинациясы арқылы кең тұрғыда бейінді оқыту ұйымдастырылуы мүмкін.

Бейіндік пәндер жоғары сынып білім алушыларының бейіндік оқыту бағытын анықтайды. *Жаратылыстану-математикалық* бағыт келесі пәндермен, атап айтқанда физика, химия, биология, география, информатика құрамымен қамтамасыз етіледі. Оқытудың *қоғамдық-гуманитарлық* бағыты

әдебиетті, дүниежүзі тарихы, дінтану, қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілдерді қамтиды.

Таңдауы бойынша міндетті пәндер білім беру мазмұнының вариативті мектеп компонентіне кіреді. Таңдауы бойынша міндетті пәндер жалпы білім беру дайындығын байытады, осылайша білім беру мазмұнын «кеңейту» функциясын қамтамасыз етеді. Білім алушы мектеп ұсынған бейіндік пәндер тізбесінен, бейіндік оқытудың басқа бағытындағы екі оқу пәнін таңдауға мүмкіндік алады.

Базалық, бейінді және таңдау бойынша міндетті жалпы білім беретін пәндердің құрамы мемлекеттік жалпыға міндетті жалпы орта білім беру стандартының деңгейін қамтамасыз етеді.

Қызығушылық бойынша курстар оқу жоспарының білім алушы компоненті есебінен жүзеге асырылады. Қызығушылықтары бойынша курстар жалпы білім беретін бейінді пәндердің қолданбалы сипатын қамтамасыз етуге немесе таңдалған бейін аясынан тыс білім алушылардың жеке мүдделерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Қызығушылықтары бойынша курстардың мазмұны уәкілетті білім беру ұйымы бекіткен қолданыстағы оқу бағдарламалары немесе оқу орнының мүмкіндіктерін ескерген авторлық бағдарламалар аясында анықталады [1].

Элективтік курстар мектеп компоненті есебінен жүзеге асырылады және бірнеше функцияларды орындай алады: бейінді курстың мазмұнын толықтыру, базалық курстардың бірінің мазмұнын дамыту, білім алушылардың таңдаған бейінінен тыс түрлі танымдық мүдделерін қанағаттандыру. Кез келген жағдайда элективтік курстар бойынша емтихандар немесе ЭНТ өткізілмейтінін атап өту маңызды.

Элективтік курс («элективтік» – латын тілінен аударғанда «таңдаулы, іріктелген» дегенді білдіреді), яғни ұсынылған курстардың ішінен білім алушының өзі таңдап алған курс. Курс элективті болуы үшін мектеп білім алушыларға әрбір бағыт бойынша курстардың кемінде үш нұсқасын ұсынуы керек және осылайша сапалы таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Бейіналды дайындық және бейіндік оқыту жүйесіндегі элективтік курстар табысты оқыту технологиясын қолданатын жеке тұлғалық-бағдарланған педагогиканы пайдалана отырып, білім алушының жеке білім алу траекториясын жасау үшін маңызды рөл атқарады. Ал білім алушының таңдаған білім алу жолы бойынша алға жылжуы ең алдымен мұғалімнің шеберлігіне және элективті курстардың оқылатын бағдарламаларының сапасына байланысты.


Төменде Қазақстан Республикасы аймақтары бойынша ШЖМ білім алушыларының таңдауы бойынша элективтік курстардың көрсеткіштері келтірілген (5-кесте).

5-кесте. 2017-2018 оқу жылындағы Қазақстан Республикасы аймақтары бойынша ШЖМ білім алушыларының таңдауы бойынша элективтік курстардың көрсеткіштері

Облыс	Алаштану	Сөйлеу мәдениеті Грамматика	Краеведение	Химия	Қазақстан тарихы	Робототехника	Абайтану	Қазақ әдебиеті	Шахмат	Қызықты ағылшын тілі	Биология	Математика	Кәсіпкерлік негіздері	Экологиялық проблемаларды шешу	Болашақ инженер	География	Физика пәнінен күрделі есептерді шешу	Компьютерлік графика
Ақмола		11	23	45	18		181	21				105	65	13	14	12	46	37
Ақтөбе		-	-	210	136		112		89		76	320		98	-	-	-	-
Алматы	401	373	-	381	317	401	346			501	372	580	328				461	
Атырау				42		93				31	42	93				47	30	
Батыс Қазақстан		38	34	62			31				17						44	
Жамбылская			46	132							80	106	106					22
Қарағанды		89		140	227		128			213	221	314	10	97	36		142	189
Қостанай				130	96					53	223	284	284			311	256	130
Қызылорда																		
Маңғыстау		4	1		2		12			8	3	5				1		2
Павлодар	4	54	15		35	43	82				105	201		54		50	125	
Солтүстік Қазақстан		57		114	53							70		164			111	
Түркістан				305	206		325					296		199		249	336	
Шығыс Қазақстан		58	42	40	94					50	204						230	
Барлығы	405	684	161	1601	1184	537	1217	21	89	856	1343	2374	793	625	50	670	1781	380

Жоғарыда көрсетілген 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасы аймақтары бойынша ШЖМ білім алушыларының таңдауы бойынша курстарына (элективті курстарға) қатысуы мәліметтерін зерделей отырып, Қазақстан Республикасы бойынша элективтік курстарға барлығы ШЖМ білім алушыларының 14771-і қатысса, оның ішінде ең көбі, яғни 2374 білім алушы математика курсына барды, ал ең азы, яғни 21 білім алушы қазақ әдебиетіне қатысты деген қорытындыға келеміз. Деректер 4-диаграммада берілген.

2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасы бойынша элективтік курстарға қатысатын ШЖМ білім алушыларының саны



4-диаграмма.

Элективтік курстар, ең алдымен, әрбір білім алушының жеке білім алу мүдделерін, қажеттіліктерін және бейімділігін қанағаттандыруға байланысты. Нақты айтқанда, олар жеке білім беру бағдарламаларын құрудың маңызды құралы болып табылады, өйткені көпшілік дәрежеде әрбір білім алушының мүдделеріне, қабілетіне, кейінгі өмірлік жоспарларына байланысты білім беру мазмұнын таңдауына байланысты.

Оқытудың жоғарғы сатысында элективті курстарды енгізу кезінде шешілетін міндеттер:

- мектеп түлектерін жоғары білім беру бағдарламаларын меңгеруге дайындау;

- жоғары сынып білім алушыларының икемді жеке жоспарларын құру үшін жағдай жасау;

- білім алушыларды әлеуметтенуге және оқытуды даралауға, болашақ кәсіби қызмет саласын саналы түрде және жауапкершілікпен таңдауға, білім алу тәсілдеріне, әртүрлі кәсіптік білім беру бағдарламаларын саналы таңдауға және игеруге бағыттау;

- жоғары сынып білім алушыларын оқыту мазмұнын олардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сәйкес саралау;

- күрделіліктің жоғары деңгейінде пәннің мазмұнын меңгеру, білім алушылардың бойында ойлау үдерісінің жоғары деңгейін, рефлексия дағдыларын дамыту;

- мектеп түлектерінің заманауи өмір шындығына бейімделу қабілетін арттыру;

- мектепте оқыту кезінде психологиялық-педагогикалық тұрғыдан жайлылыққа жағдай жасау; мектеп түлектерінің бойында жеке қабілетіне сай өзін-өзі бағалауын қалыптастыру.

Бақылау түрлері: әртүрлі бағыттағы шығармашылық жұмыстар (сабақтар, сабақтар, зерттеу шеберханалары, жобалар, конференциялар, сынақтар).

Элективтік курстардың келесі түрлерін шартты түрде атап көрсетуге болады.

1. Пәндік курстар, олардың міндеттері – базистік оқу жоспарына кіретін пәндер бойынша білімді тереңдету және кеңейту.

Өз кезегінде пәндік элективтік курстарды бірнеше топқа бөлуге болады:

1. Берілген оқу пәнімен тақырыптық жағынан да, уақытпен да сәйкестігі бар қандай да бір оқу пәнін тереңдетуге бағытталған жоғары деңгейдегі элективті курстар. Мұндай элективтік курсты таңдау, таңдалған пәнді бейінді емес, тереңдетілген деңгейде зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда курстың барлық бөлімдері бірқалыпты деңгейде тереңдетіліп оқытылатын болады.

2. Берілген пәннің міндетті бағдарламасына кіретін негізгі курстың жеке бөлімдері тереңдетіліп оқытылатын элективтік арнайы курс.

3. Берілген пәннің міндетті бағдарламасына кірмейтін негізгі курстың жеке бөлімдері тереңдетіліп оқытылатын элективтік арнайы курстар.

4. Қолданбалы элективті курстар, олардың мақсаты – білім алушыларды практикада білімді қолданудың маңызды жолдары және әдістерімен таныстыру, білім алушылардың заманауи техника мен өндіріске қызығушылығын дамыту.

5. Табиғатты тану әдістерін зерттеуге арналған элективтік курстар.

6. Мектептің оқу жоспарына кіретін пән (физика, биология, химия, географиялық жаналықтар тарихы) және оған кірмейтін (астрономия, техника, дін тарихы және т.б.) пәндер тарихына арналған элективті курстар.

7. Есептерді (математикалық, физикалық, химиялық, биологиялық және т. б.) шешу әдістерін зерттеп білуге, физикалық, химиялық, биологиялық эксперимент негізінде есептерді құрастыру және шешуге арналған элективті курстар.

II. *Пәнаралық элективті курстар*, олардың мақсаты – білім алушылардың табиғат пен қоғам туралы білімдерін біріктіру. Пәнаралық курстар негізгі мектепте, бейіналды дайындық мақсатында жүргізілуі мүмкін, олар жоғары сыныптарда оқу бейінін таңдауда білім алушыларға көмек көрсету мақсатында өткізіледі. Бейіндік мектепте мұндай курстар екі жақты функцияны орындауы мүмкін:

- гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық бейіндегі сыныптар үшін теңгеру курсы болуы;

- жаратылыстану-ғылыми бейіндегі сыныптар үшін қорыту курсы болуы. Мұндай қорыту элективті курстың мысалы ретінде «Әлемнің жаратылыстану-ғылыми суретінің эволюциясы» бола алады.

III. *Базистік оқу жоспарына кірмейтін пәндер бойынша элективтік курстар*.

Бұл психологиялық, әлеуметтік, психологиялық мәдениеттану, өнертану мәселелеріне арналған курстар. Элективті курстарды өткізу кезінде жаңа техникалық мүмкіндіктерді, атап айтқанда электрондық оқу құралдарын пайдалану оңайырақ. Бұл топтардың аз толымдығы мен білім алушылардың мүдделерінің үлкен ортақтығына байланысты. Қазіргі уақытта өте сапалы CD-дискілер саны жеткілікті, электрондық кітапханалар құрылуда, электрондық материалдарды сабақта да, өздігінен білім алу үдерісінде де қолдану әдістемесі әзірленуде.

Элективтік курстарды зерделеу кезінде заманауи білім берудің даму үрдісі көрнекі түрде айқындалады, бұл «оқытудың пәндік материалын мақсатты игеру, ол оқытудан өздігімен білім алуға көшуді қамтамасыз ететін, білім алушыны эмоциялық, әлеуметтік және интеллектуалды дамыту құралы болып табылады» (бастауыш, негізгі және жоғары мектептегі білім беру үдерісі. Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсынымдар).

Элективтік курстар жоғары сыныптардағы білім беру мазмұнының вариативті бөлігінің құрамдас бөлігі болып табылады және әрбір білім алушының жеке білім алу мүдделерін, қажеттіліктері мен бейімділігін қанағаттандыруға бағытталған. Олар жеке білім беру бағдарламаларын құрудың маңызды құралы болып табылады, өйткені әрбір білім алушының мүдделерін көрсететін білім мазмұнын таңдауымен тікелей байланысты, кейінгі өмірлік жоспарлармен байланысты. Осылайша элективтік курстар, жоғары сынып білім алушыларының әртүрлі білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруда базалық және бейіндік курстардың мүмкіндіктерін толықтырады және дамытады.

Қазақстан Республикасында бейіндік оқытуды дамытудың Тұжырымдамасына сәйкес, бейіналды дайындау пәндік және бағдарлы курстармен қатар 9-сынып білім алушыларымен ақпараттық жұмыс жүргізуді көздейді. Мұндай жұмысқа типтік оқу жоспарына сәйкес аптасына 1 сағат беріледі. Осыған байланысты тоғызыншы сынып білім алушыларымен ұзақтығы 40 минуттық оқу сабақтары түрінде жұмыс ұйымдастыру орынды.

Курстың мақсаты мен міндеттері:

1. білім алушылардың кәсіптер әлемі туралы, кәсіптік білім туралы, еңбек нарығы туралы, өздігінен кәсіптік білім алу ерекшеліктері туралы, адам қасиеттеріне кәсіптер тарапынан қойылатын талаптар туралы білімдерді міндетті түрде иемденуге және болашақта пайдалану үшін жағдай жасау;

2. білім алушылардың кәсіптік өзін-өзі анықтау үдерісін өзектендіру;

3. білім алушылардың психологиялық құзыреттілік деңгейін, оның ішінде өзін-өзі тәрбиелеу шебі аясын кеңейту, өзін-өзі тану және өзін-өзі жетілдіру қажеттілігіне бастамашылық ету арқылы арттыру;

4. білім алушылардың өзіне деген оң көзқарасын, өзіне деген сенімділігін қалыптастыруға, шешім қабылдау дағдыларын дамытуға көмек көрсету;

5. өз болашағының ойындағы бейнесін іске асыруға мүмкіндік беретін жеке кәсіби жоспарды әзірлеу және жеке білім беру жобасын құру.

Курстың бағдарламасы екі бөлімнен тұрады. Әрқайсысына шамамен 17 сағат беріледі. Бірінші бөлімде сынып жетекшісі сыныппен жұмыс істейді. Бағдарламаның бірінші бөлігін жүзеге асыру:

- білім алушыларды мамандық әлемімен, мамандық таңдаудағы типтік қателіктермен, мамандық таңдау стратегиясымен таныстыруға;

- мектеп түлектері, сондай-ақ білім алушылардың 9-сыныпты бітіргеннен кейін бітірушілер жиі түсетін оқу орындары туралы ақпаратты алуына;

- белгілі бір білім алушылар үшін ең қызықты мамандықтардың өкілі болып табылатын мамандармен экскурсиялар және кездесулер ұйымдастыруға бағытталған.

Екінші бөлім (білім алушылармен психолог жұмыс істейді) білім алушыға өзінің «Мен» дегеніне объективті шолу жасауына көмектесуі тиіс. «Мен» бейнесі – жеке тұлғаның іс-әрекет субъектісі ретінде өзін түсіну, ұғыну жүйесі. Психологиялық-педагогикалық диагностика, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, бейімділігін, кәсіби бағыттылығын және кәсіби жарамдылығын бағалау және талдау үшін психологиялық тестілер мен әдістемелерді орындауға негізделген. Диагностика нәтижелерін белсенділікті арттырушы және дамытушы жаттығуларды одан әрі өткізу үшін, сондай-ақ жеке консультация беру және жеке кәсіби жоспарды әзірлеу үшін пайдалану жоспарланып отыр, кәсіби маңызды қасиеттерді дамытуға мүмкіндік жасалады.

Сабақты әзірлеу және өткізу кезінде келесі жұмыс түрлері мен әдістері қолданылады:

- тақырыптың негізгі сұрақтары бойынша диалог түрінде ақпарат беруді қарастыратын сабақты ұйымдастыру формасы ретінде әңгіме;

- білім алушылардың практикалық іс-әрекетінің формасы ретінде семинар;

- білім алушыларды тестілеу, психологиялық ағарту және топтық консультация беру жағдайларын біріктіретін жұмыс түрі ретінде оқыту психодиагностикасы әдісі қолданылатын тәжірибелік жұмыс;

- қалыптастырушы және дамытушылық мақсаттар кешенін шешу үшін топтағы адамдардың өзара әрекеттесуін ұйымдастыру формасы ретіндегі элеуметтік-психологиялық тренинг элементтері;

- алынған теориялық білімдерді, яғни психологиялық жаттығулар, нақты жағдайларды талдау әдісі, сюжеттік-рөлдік ойын, топтық пікірталас жүзеге асыру тәсілі болып табылатын теориялық материалды меңгеру үдерісін жандандыратын жұмыс түрлері ретінде белсенді элеуметтік-психологиялық оқыту әдістері;

- кәсіби бағдар беру ойындары.

Білім алушылармен жүргізілетін бұл жұмыстың нәтижесі жеке кәсіби жоспар жасау және жеке білім алу траекториясын саналы түрде құру болуы тиіс.

Курсты жүргізумен қатар сынып жетекшісі ата-аналармен келесі бағыттар бойынша жұмыс ұйымдастыруы қажет:

1. ата-аналардың өз балаларының қызметтің бейіндік бағытын таңдау үдерісінде бірдей ұстанымды қалыптастыру, кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерінде ата-аналарының құзыреттілігін арттыруға бағытталған психологиялық оқыту;

2. ата-аналарға балаларды диагностикалаудың және кәсіптік жоспар жасау кезіндегі вариативтілік бойынша мүмкін болатын қызметтің қорытындысы бойынша кеңес беру.

Бейіналды дайындықты 8-сыныптан бастап жүзеге асыру қажет, бұл бейіналды дайындықтың пропедевтикалық кезеңі болып табылады.

Пропедевтикалық кезең – ата-аналарды, білім алушылар мен мұғалімдерді жасалатын бейіндер мен бейіндік сыныптар туралы, бағдарламалар, білім алушыға қойылатын талаптар, оның қабілеттері туралы, оқуға қабылдау рәсімі туралы хабардар ету. Мұнда ата-аналардың, білім алушылардың тілегі, ұсынылған бейіндер бойынша баланың білімі туралы педагогтердің пікірі міндетті түрде ескеріледі.

Бейіндік бағдарды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қолдау дегеніміз бейіндік оқыту жағдайында білім беру әрекетінің қандай да бір бағыттарға бейімділігін болжауға мүмкіндік беретін диагностикалық рәсімдерді ұйымдастыру болып табылады. Бұл тұлғаның қалыптасуы мен кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесіндегі барлық педагогикалық ұжымның төмендегілерді қамтитын көпқырлы қызметі:

1. Сыртқы байланыстарды ұйымдастыру: халықты жұмыспен қамту орталығы (МЗҚО), облыстың оқу орындары;

2. Бейіналды даярлық пен бейіндік оқытуды әдістемелік қамтамасыз ету;

3. Білім беру үдерісінің барлық қатысушыларына ақпарат беру және кеңес беру;

4. Пән олимпиадаларын ұйымдастыру;

5. Технология сабақтары;

6. Таңдау бойынша курстарды ұйымдастыру;

7. Бейіналды даярлық және бейіндік оқыту бойынша диагностикалық жұмыстар.

Диагностика барысында білім алушының таңдауының дұрыстығына рефлексия, талдау жүргізіледі

Бұл кезеңнің бейіналды дайындық аясындағы барлық диагностикалық жұмысы екі блокқа бөлінеді:

– жалпы диагностика блогы педагогпен (сынып жетекшісімен) бағдар беру курстары аясында жүзеге асырылады, ол білім алушылардың мүдделерін, бейімділігін, ниеттерін, ата-аналардың тілектерін зерделеуді, сондай-ақ мұғалімдердің сараптамалық бағалауын қамтиды;

- тереңдетілген диагностика блогы бойынша жекелеген жағдайларда жасөспірімнің немесе отбасының сұрауы бойынша бейінді таңдауда қиналған кезде психологтың көмегі пайдаланылады.

Әдістемелерді таңдау вариативті сипатта болуы мүмкін:

- IQ-тест, Айзенка тесті, Ақыл-ой дамуының мектеп тесті (АДМТ);
- «Суретші-ойшыл» тесті. Мұнда баланың нақты ғылымдарға немесе гуманитарлық бағыттағы пәнге бейімділігі анықталады;
- Мотивациялық саланы зерттеудің пайдалы нәтижелері;
- А.Беловтың «Темперамент формуласы»;
- «Қабылдау арнасы» тесті;
- Мазасыздану деңгейі: Реактивті және жеке мазасыздану шкаласы (Ч.Д.Спилбергер-Ю.Л.Ханин). Мазасыздану – жасөспірімнің эмоционалдық сезімінің көрсеткіші болып табылады, себебі сынып құрамы өзгереді, сондықтан бұл қалыпты жағдай ретінде саналады.
- «Бейіналды дайындыққа кіріспе» сауалнамасы (8-сынып білім алушылары үшін).

8-сыныпта оқуды аяқтағаннан кейін білім алушылардың білім сұранысы ескеріледі.

Негізгі кезең – (9-сыныпта оқу кезеңі) – бейіндік мектепте талап етілетін білім беру қызметінің түрлерін модельдеу және әртүрлі білім беру жағдайларында шешім қабылдау, болашақ кәсіби келешекті жобалау.

Заманауи мектептің 9-сынып білім алушыларының алдында тұрған негізгі міндет – онан әрі қарай білім алудың түрі мен сипаты туралы шешім қабылдау. Көпшілігі айтарлықтай байыпты шешім қабылдайды: мектепте қалу немесе кету (қайда?), басқа мектепке бару (қандай?) немесе өз мектебінде қалу, қандай бейінді таңдау және т. б.

Негізгі орта мектеп түлегіне кейде дұрыс шешім қабылдау оңай емес, оның үстіне қандай да бір жас адамның өзіндік қасиетін барынша ескеретін таңдау ғана дұрыс болуы мүмкін. 9-сыныптардағы психолог пен сынып жетекшісі жұмысының мақсаты жоғары сынып білім алушыларына одан әрі білім алу жолын жобалауға көмектесу болып табылады.

Аталған мақсатқа сай психологтың алдына келесі міндеттер қойылады:

- 9-сынып білім алушыларының кәсіби дайындық және бейіндік оқытуға дайындық деңгейін анықтау және түзету;

- 9-сынып білім алушыларын мазалайтын өзекті мәселелер туралы және олардың жасөспірімдерге психологиялық тұрғыдан қандай көмек көрсете алатыны туралы ата-аналар мен педагогтарды хабардар ету.

Кәсіби дайындық деңгейін анықтау бірқатар әдістемелер арқылы жүзеге асырылады.

«Білім алушыға кәсіптік кеңес беру картасы» енгізіледі, онда барлық нәтижелер, диагностикалық әдістемелердің түсіндірмелері, білім алушылардың жеке бақылаулары, өз тәжірибесін талдау, мамандықты таңдау, өзін-өзі тәрбиелеу мүмкіндігі туралы ойы белгіленетін болады. «Білім алушыға кәсіптік кеңес беру картасы» А қосымшасында келтірілген.

Қорытынды кезеңде тереңдетілген диагностика арқылы білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін бағалау жүргізіледі. Кәсіби мақсатты диагностикалау болашаққа арналған жоспарларды және оларды жүзеге асыру жолдарын нақтылауға мүмкіндік береді. Пәндік-кәсіби кеңес беру өз таңдауының дұрыстығына деген ішкі сенімділігін арттырады. Портфолио қалыптасады. Оқытуды бейіндеу көптеген білім алушылардың білім беру және өмірлік ұстанымдарының құрылымына сәйкес келеді.

Бейіндік оқытуға көшу мектеп психологынан білім алушыларды кәсіби таңдауда қолдау көрсетіп қана қоймай, саналы жауапты таңдау қабілетін қалыптастыруды қамтамасыз ететін қолдаудың кешенді моделін әзірлеуді және қолдануды талап етеді. Бейіндік оқытуға көшуді күрделендіретін басты проблема білім алушылардың оқу және кәсіби өсуін жоспарлауға және өзінің өмірлік жолын жобалауға қабілетсіздігі болып табылады. Көбінесе оқыту бейінін таңдаған кезде білім алушылардың мүдделері мен қабілеттерінде айырмашылық болады немесе мәртебе мәселесі бірінші орынға қойылады да, ол өзі және оның ата-анасы таңдауда қателік жібереді, ақырында ол өкінішке әкелуі мүмкін.

Осы проблеманы негізге ала отырып, білім алушыларды кәсіптендірудің жеке траекториясын қалыптастырудың жолдары, құралдары мен психологиялық-педагогикалық шарттары қандай деген орынды сұрақ туындайды.

Ата-аналар мен білім алушылар өз нәтижелерін бірлесе отырып талдайды. Оларға балалардың одан әрі оқуға дайындық деңгейі туралы қорытындыны өздеріне жасау ұсынылады. Егер бұл ретте олар жасөспірімнің белгілі бір қиындықтары бар екенін түсінсе, оларды өз бетінше шеше алмайтынын білсе, онда педагог мамандарға, психологтарға және т. б. көмек көрсету үшін өтініш жасау ұсынылады.

Қолдау көрсету циклының соңында сынып жетекшілері, психолог және педагогтермен жүргізілген барлық жұмыстар талданады. Жұмыстың тиімділігі туралы қорытынды жасалады, 10-сыныпта жұмыстың одан әрі бағдарламасын жобалау бойынша ұсыныстар енгізіледі.

Білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында заманауи 10-сынып үшін оқытудың жаңа жағдайына әлеуметтік-психологиялық бейімделу мәселесі маңызды болып табылады. Оған, өз кезегінде, жаңа ұжымға бейімделу, белгілі бір бейін бойынша оқу жүктемесінің ұлғаюына, мұғалімдердің жаңа талаптарына бейімделу сияқты мәселелерді жатқызуға болады.

10-сыныптағы психолог жұмысының негізгі мақсаты – 10-сынып білім алушыларының жаңа оқу жағдайына әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан бейімделуіне жағдай жасау.

Міндеттері:

- сынып жетекшілерімен бірге оқу жылының басында бейімдеу бағдарламасы бойынша жұмыс істеу;
- бейіндік сыныптардың білім алушыларының өзекті жағдайын бақылау, бейімсіздік белгілерін анықтау;
- оныншы сынып білім алушыларының бейімделу кезеңіне қатысты ата-аналар мен педагогтарға психологиялық тұрғыдан кеңес беру.

10-сыныпта жұмыс істейтін мұғалімдердің психологиялық-педагогикалық дайындығы оныншы сынып білім алушыларының бейімделу кезеңінің психологиялық ерекшеліктері туралы семинарлар түрінде өтеді.

Оныншы сынып білім алушыларының бейімделу деңгейінің психологиялық диагностикасы, әрбір жасөспірім сыныпта өзін қалай сезінетінін дер кезінде анықтау оқу барысында әрі құрдастарымен өзара қарым-қатынаста бірдене үйлеспеген жағдайда көмек көрсету жолдарын белгілеу үшін қажет.

Диагностика үшін келесі әдістемелер қолданылады: Кондаштың «Әлеуметтік-ахуалдық тынышсыздық шкаласы» ұстанымы бойынша әзірленген тынышсыздық шкаласы. Мұндай типтегі шкалалардың артықшылығы – білім алушы үшін негізгі тынышсыздық көздері болып табылатын объектілерді, шынайылық саласын анықтауға мүмкіндік береді. Тынышсыздық шкаласы білім алушылардың шкалалық, өзін-өзі бағалау және тұлғааралық тынышсыздану деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Сишордың топтық бірлігінің индексі. Топтық бірлік – топты бүтін біртұтас біріктірудегі, оның бірігуінің дәрежесін көрсететін өте маңызды параметр.

Зерттеу нәтижелерімен педагогтар мен ата-аналар жеке консультацияларда таныса алады. Сондай-ақ ата-аналар мен жасөспірімдер өздерінің диагностикалық мәліметтерін бірлесіп талдау үшін балалармен бірлесіп ата-аналар жиналыстарын өткізуді іске асыруға болады. Психологтың көмегімен олар алынған нәтижелердің себебін және оларды білім алушының одан әрі дамуы үшін қалай пайдалануға болатынын түсінуге тырысады. Зерттеу нәтижелерін ұсынудың мұндай түрі жасөспірімнің одан әрі тұлғалық дамуы үшін ең нәтижелі түрі болып табылады.

Әрине, білім алушының құрдастары арасындағы нақты жағдайына, оның оқудағы табыстылығына байланысты анықталған жоғары тынышсыздық түзетудің түрлі тәсілдерін талап етеді. Егер нақты нәтижесіздік жағдайында жұмыс оны жеңуге мүмкіндік беретін қарым-қатынасты, жұмыстың қажетті дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы тиіс болса, онда өзін-өзі бағалаудағы келіспеушілікке байланысты жоғары тынышсыздық жағдайында, ішкі келіспеушіліктерді, өзін-өзі бағалауды түзетуге бағытталуы тиіс.

Алайда тынышсыздық туғызатын себептерді жоюға бағытталған жұмыспен қатар білім алушылардың бойында жоғары үрейленуді жеңе білу қабілетін дамыту қажет. Диагностиканы қайта жүргізу. Педагогтар мен ата-

аналардың оның нәтижелері және ұсыныстарымен танысуы. Жеке тұлғаларға бейімделу деңгейі төмен жасөспірімдерді қайта диагностикалаудан кейін ата-аналарды, педагогтар мен жасөспірімдерді зерттеу нәтижелерімен таныстыру жүргізіледі. Мектепті бітірген сәтте 11-сынып білім алушысы ересек өмірге араласуға психологиялық тұрғыдан дайын болуы тиіс. «Психологиялық дайындық» ұғымы бұл жағдайда мектептің түлегіне азаматтық өмірде, еңбекте, болашақ отбасылық өмірде өзін толық танытуға мүмкіндік беретін қабілеттер мен қажеттіліктердің болуын көздейді.

11-сынып білім алушыларымен жұмыс істеген кезінде психологтың негізгі мақсаты жоғары сынып білім алушыларына олардың әлеуметтік және кәсіби дайындықтарын анықтау және қалыптастыруға көмек көрсету болып табылады.

Міндеттері:

- кәсіби және әлеуметтік дайындық деңгейін анықтау және түзету;
- білім алушылармен дамыту жұмыстарын жүргізу;
- болашақ мектеп түлектерінің өзекті проблематары туралы ата-аналар мен педагогтарға психологиялық тұрғыдан кеңес беру.

Қолдау көрсету циклының соңында сынып жетекшісі, психолог және педагогтар жүргізген барлық жұмыс талданады. Жұмыстың тиімділігі туралы қорытынды жасалады, мектепті бітіруші сыныптағы жұмысты оңтайландыру үшін ұсыныстар мен тілектер әзірленеді. Осылайша, психологиялық-педагогикалық қолдаудың басты мақсаты іске асырылуы мүмкін – әрбір білім алушы өз өмірінің, оның ішінде өз қызметі мен басқалармен қарым-қатынасы, өзінің ішкі әлемінің субъектісі бола алатындай әлеуметтік-педагогикалық жағдайлар жасау.

Элективті курстарды оқытудағы негізгі басымдықтар:

- біртұтас дүниетанымның қалыптасуына ықпал ететін пәнаралық бірігу;
- тәжірибе және ынтымақтастық арқылы оқыту;
- білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін есепке алу.

Білім беру үдерісіндегі курстың орны. Элективтік курстың мазмұны мен әдістемелік жүйесін әзірлеу кезінде курстың білім беру пәндерімен де, базалық бейіндік пәндермен де арақатынасындағы орны қандай екенін көрсету маңызды.

Білім алушыларға болашақ кәсіби қызметтің шарттары мен үдерістері туралы түсінік беретін, яғни оларды қандай да бір дәрежеде модельдейтін оқыту әдістері мен нысандарын пайдалануды қарастыру маңызды. Элективтік курстың маңызды элементі оны зерделеуден күтілетін нәтижелерді, сондай-ақ оларды диагностикалау және бағалау тәсілдерін анықтау болып табылады.

Курсты зерделеуден күтілетін нәтиже – мектепте жеке білім траекториясын құру және оны аяқтағаннан кейін табысты кәсіби мансап үшін қажетті қандай білім, білік, тәжірибе алынады; қандай қызмет түрлері игерілетін болады деген сұраққа жауап. Нәтижелер бірінші кезекте білім алушылардың өздері үшін маңызды болуы тиіс, ол онымен алғашқы танысу

кезеңінде курстың тартымдылығын қамтамасыз ету және оны білім алушылардың таңдауы үшін қажет.

Элективтік курстар жүйесін дамытудың маңызды бағыты, әлемнің түрлі елдеріндегі таңдауы бойынша ең табысты курстарды біздің еліміздің жағдайына бейімдеу болып табылады. Осы мақсатта дамыған елдердің элективтік курстарды өткізу тәжірибесін зерделеу және кеңінен таралған курстарды таңдап алу қажет. Бейіндік оқыту бойынша экспериментке қатысушы бірқатар аймақтардың тәжірибесі, жергілікті жерлерде біліктілікті арттыру институттарында, педагогикалық жоғары оқу орындарында, мектептерде элективтік курстардың өзіндік нұсқалары құрылып отырғанын көрсетеді. Олардың көпшілігіне қызығушылық артуда және қолдауға лайық. Осыған байланысты білім басқармасы органдарына элективті курстар бойынша мәліметтер банкін құруға, ақпараттық қолдауды және элективті курстар жүргізу тәжірибесімен алмасуды ұйымдастыруға болады.

Бейіндік сыныпқа қабылдау рационалды және ашық конкурстық іріктеу негізінде жүргізілуі мүмкін. Бұл ретте білім алушының «жетістіктер портфелі» маңызды рөл атқара алады.

Білім алушыларды жеке іріктеу үш кезеңде жүзеге асырылады;

1) бірінші кезең – комиссияның Ережеде көзделген критерийлерге сәйкес құжаттарға сараптама жүргізуі;

2) екінші кезең – комиссияның құжаттарға сараптама жүргізу қорытындылары бойынша білім алушылардың жетістіктерінің рейтингін жасау;

3) үшінші кезең – білім алушыларды бейіндік оқыту сыныбына қабылдау туралы комиссияның шешім қабылдауы.

Бейіндік оқыту жағдайында портфолиоға ерекше мән беріледі. Портфолио білім алушылардың оқу және әлеуметтік маңызды жеке жетістіктерін ұсыну тәсілімен қарастырылады, сондай-ақ кәсіпті саналы таңдау мен мансаптық өсуге уәждеменің қалыптасуы деңгейін көрсетеді. Білім алушының мүмкіндігін растайтын әртүрлі құжаттар түріндегі портфолионың мазмұны келесі білім беру деңгейлерінде оқытудың одан әрі траекториясын анықтау кезінде ескеріледі. Портфолионың болуы, кәсіптік білім беру ұйымдарына таңдаған мамандығы бойынша табысты оқуға бейім, қабілетті білім алушылар контингентін анықтауға мүмкіндік береді.

Бейіндік оқытуды енгізу кезінде келесі міндеттерді шешуді қамтамасыз ету қажет:

- берілген білім беру мекемесінде бейіндік оқытуды енгізудің пайдалылығы мен қажеттілігін негіздеу; оларды мақсатты, нәтижелі, мазмұнды, бағдарламалық-әдістемелік, технологиялық, материалдық-техникалық деңгейлерде пысықтау және енгізу мүмкіндігін ескере отырып, бейіндердің оңтайлы (рұқсат етілген) санын анықтау;

- бейіндік оқытуды енгізер алдында білім алушылардың алдағы оқу бейіндерін таңдауын қамтамасыз ету бойынша едәуір жұмыстар көлемін жүргізу (сауалнама жүргізу, ата-аналармен әңгімелесу және т. б.);

- білім алушылардың бейіндік өзін-өзі анықтау мүмкіндіктерін, олардың жеке мүдделерін, қабілеттерін, бейімділігін зерделеу;
- білім алушылардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейіндік оқытудың мазмұны мен құрылымын анықтау;
- білім беру бағдарламаларына, оқу жоспарларына қажетті өзгерістер енгізу;
- бағдарламалық-әдістемелік, нормативтік-құқықтық және кадрлық базаны анықтау;
- оқу үдерісін бейіндік оқытудың міндеттеріне жауап беретін және баланың толыққанды сапалы жалпы білім алу құқығын қамтамасыз ететін оқулықтармен, құралдармен қамтамасыз ету;
- бейіндік оқытуды енгізудің теріс салдарларының алдын алу тетіктерін әзірлеу;
- алынған нәтижелерді зерделеуді, талдауды қамтамасыз ету;
- бейіндік мектепте жұмыс істеуге ниет білдірген мұғалімнің тиісті кәсіби дайындығын қамтамасыз ету.

«ҚР бейіндік оқытуды дамыту тұжырымдамасында» білім беру саясатының басым бағыттарының бірі желілік оқыту жүйесін құру болып табылады.

Бейіндік оқытуды желілік ұйымдастырудың мақсаты – бейіндік оқыту мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін жағдайлар жасау үшін желіге қатысушы ұйымдардың күш-жігерін үйлестіру.

Желілік өзара әрекеттесу, осылайша, тек «негізгі» білім беру мекемесінде ғана емес, сонымен қатар бірыңғай білім беру үдерісі аясындағы оқу орнында білім алушылар үшін қандай да бір белгілері бойынша кез келген қажетті және (немесе) қолжетімді оқу орындарында оқытуды қамтамасыз ету болып табылады. Білім беру мекемелерінің мұндай өзара әрекеттесуінің барлық үдерісі келесі белгілермен (негізгі ерекшеліктермен) сипатталуы мүмкін:

- үдеріс нәтижесінде білім алушы бір білім алады;
- бейіндік және (немесе) элективтік курстар бірыңғай білім беру үдерісінің міндетті элементтері болып табылады;
- бейіндік (элективтік) курстар бойынша оқыту, осы курстар оқытылатын кез келген білім беру мекемесінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Бейіндік курстар бойынша алынған білім, біліктіліктер мен дағдылар олардың алынған орны бойынша бағаланады (немесе өзге де түрде; бұл курстар тиісті құжатпен расталған бір білім алу үшін есепке алынады).

Бейіндік оқытуды ұйымдастырудың инварианттық құрамы (барлық мектептер үшін ортақ):

- оқу жоспарының барлық пәндері бойынша міндетті базалық деңгейдегі жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;
- 8-9-сыныптарда бейіналды дайындықты ұйымдастыру.

Бейіндік оқытуды ұйымдастырудың вариативтік құрамы барлық мектептердің білім алушыларынан құрылған 10-11-сыныптарда, әр мектептің

(немесе көпшілік мектептердің) базасында әртүрлі бейін бойынша жүзеге асырылады.

Мектептердің желілік өзара әрекеттесу түрінде бейіндік оқытуды ұйымдастырудың жоғарыда айтылған идеялары келесі ұйымдастырушылық қағидаттарды көздейді:

- білім алушылардың нақты мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін, олардың жас ерекшеліктерін ескеру, сондай-ақ балалардың өмірлік жоспарларын ескере отырып, одан әрі оқыту мен дамытудың перспективаларын көру қажеттілігін білдіретін адекваттылық және перспективалылық ұстанымы;

- білім алушылардың таңдауына сәйкес білім алушылардың базалық дайындығының қажетті деңгейін және вариативтілігін қамтамасыз етуді білдіретін инварианттық және вариативтілік ұстанымы; вариативтілік білім алушылардың жеке мүдделерімен, қажеттіліктерімен және мүмкіндіктерімен, сондай-ақ мектептің әлеуметтік ортасы мен ішкі ортасының әлеуетімен анықталады; сабақ аясында вариативтілік білім алушылардың ұжымдық және өзіндік жұмысының әртүрлі нысандары мен әдістерін, оның ішінде бір немесе бірнеше мектеп базасында әртүрлі жастағы бірлестіктерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады;

- сынып, білім сатысы (II, III), бүтіндей мектеп деңгейінде оқыту мақсаттарының, мазмұнының, формаларының, әдістерінің қиыстырылуын, бейіналды даярлық пен бейіндік оқытуды жүзеге асыратын білім беру салалары мен оқу пәндері арасында, жалпы орта, қосымша, бастауыш кәсіптік білім беру бағдарламалары арасында байланыс орнатуды көздейтін біріктіру және саралау ұстанымы;

- бір жағынан, себептерді, құндылық бағдарларды, білім алушылардың іс-әрекетінің бағыттылығын ескеру қажеттілігін білдіретін, екінші жағынан, тұлғаның мүмкіндіктері мен нақты жағдайларына сәйкес, оның қажеттілік-уәжділік саласын дамытуды қамтамасыз ететін педагогикалық тәсілдерді қолдану арқылы жағдай жасауды білдіретін уәждеу және ынталандыру ұстанымы.

Желілік оқыту жалпы орта білім берудің сапасын, тиімділігін және қолжетімділігін арттырудың көпжақты кешенді тәсілі ретінде қарастырылады, ол білім беру үдерісінің құрылымы, мазмұны, ұйымдастырылуы және саралаудың өзгеруі арқылы білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілетін көбірек ескеруге, жоғары сынып білім алушыларының білім алуын олардың кәсіптік мүдделері мен білім алуды жалғастыруға қатысты ниеттеріне сәйкес бағдарлау үшін мүмкіндіктер жасауға мүмкіндік береді. Бұл ретте білім алушылардың жеке білім алу траекториясын құру мүмкіндіктері айтарлықтай кеңейтіледі, таңдаған бағытта оқуды жалғастыру үшін оның дайындық деңгейінің жоғары болуы қамтамасыз етіледі.

Желілік өзара әрекеттесудің келесі мақсаттары қамтамасыз етілген:

- вариативтілік пен бейіндеу негізінде білім беру сапасы мен қол жетімділікті арттыру;

- мониторинг жүйесін әзірлеу;

- педагогтер мен білім алушылардың ғылыми-әдістемелік жұмыстарын жүзеге асыру;
- біліктілікті арттырудың түрлі формалары арқылы әдістемелік қызмет көрсетуді ұйымдастыру;
- білім беру желісі ұсынатын білім беру қызметтерінің аумақтық қол жетімділігін ескере отырып, толықтығын қамтамасыз ету;
- педагогтердің қажеттіліктеріне түрлі пәндердің; желілік өзара әрекеттестіктің білім беру қызметтерінің сәйкестігін арттыру;
- әдістемелік жұмыс бойынша білім беру мекемелері желісінің ресурстарын пайдалануды ұтымды ету;
- педагогикалық кадрлардың біліктілігін үздіксіз арттырудың желілік моделін құру және т. б.

Білім беру мекемелерінің желілік өзара әрекеттесуі жалпы орта білім берудің қол жетімділігін қамтамасыз етудің шын мәнінде тиімді тәсілі болып табылады. Ол арқылы білім беру сапасын және ресурстарды жұмсау тиімділігін айтарлықтай арттыруға қол жеткізілді. Бұдан басқа жалпы желілік жоба аясында жұмыс істейтін мектептердің білім беру бағдарламаларының мазмұндық сәттері де өзгереді. Олардың бәсекелестігі арқылы білім беру бағдарламаларын жаңартуға ұмтылу іске асырылуда, білім беру мекемелерінің желісінде жалпы инновациялық ахуал айтарлықтай артады, бейіндік оқытуды енгізу мүмкіндігі пайда болады.

Желілік өзара әрекеттесуді ұйымдастырудың қажетті шарттары:

- желіге кіретін білім беру мекемелерінің (ұйымдарының) білім алушылары мен (немесе) мұғалімдерінің ауысуын жүзеге асыру мүмкіндігі;
- білім алушыларға нақты таңдау мүмкіндігін ұсынатын әртүрлі мекемелер мен ұйымдардың желіде болуы;
- желілік өзара әрекеттесудің экономикалық тиімділігі;
- оқу курстары мен білім беру бағдарламалары бойынша нәтижелерді есепке алуды ұйымдастыру мүмкіндігі.

Аймақтық деңгейде желілік оқытуды енгізудің негізгі ерекшеліктері желілік өзара әрекеттесуді енгізу және тарату моделін (бағдарламалық-мақсатты немесе жобалық) таңдау туралы шешім қабылдау болып табылады. Екіншіден, аймақтық деңгейде желілік оқытуды енгізу жалпы орта білім беруді дамытудың басқа да басым бағыттарымен кешенді түрде қолданылғанда ғана тиімді болып табылады.

Желілік өзара әрекеттесудің ажырамас бөлігі бейінді оқыту болып табылады. Желілік өзара әрекеттесу жағдайында бейіндік оқытуды қамтамасыз ету үшін:

- барлық шарттық міндеттемелердің орындалуын үнемі бақылау қажет;
- білім беру мекемелерінің оқу жоспарларының және білім алушылардың жеке оқу жоспарларының жүзеге асырылуы барысын үнемі қарап отыру қажет;
- білім алушылардың жеке оқу жоспарларын жүзеге асыруға арнайы ұйымдастырылған педагогикалық қолдау қажет;

- бір білім беру мекемесінен екіншісіне ауысқан кезде білім алушыларға қолдау жасауды қамтамасыз ету немесе мұғалімдердің ауысуын ұйымдастыру қажет;

- бірнеше білім беру мекемелерінде сабақ өту кестесін үйлестіру қажет;
- білім беру технологияларының өзгеруі мүмкін.

Желілік оқытуды енгізу және бөлу бойынша білім беруді басқарудың аймақтық органдары іс-әрекеті жоспары келесі кезеңдерді қамтиды. Бірінші кезең – аймақтағы бейіндік оқытуды енгізу және тарату ерекшелігіне әсер ететін аймақтық ахуалдың ерекшеліктерін талдау. Екінші кезең – аймақтық білім беру жүйесінің желілік оқуға көшу стратегиясын әзірлеу. Үшінші кезең – аймақта желілік оқытуды енгізу мен таратудың тактикалық жоспарын әзірлеу. Төртінші кезең – аймақта желілік оқытуды енгізу мен таратудың жедел жоспарын (жоспар-кестесін) әзірлеу. Бесінші кезең – мектептерде желілік оқытуды енгізу мен таратудың әзірленген жоспарларын жүзеге асыру. Желілік оқытуды ұйымдастыру схемасы:

- желілік өзара әрекеттесуге қатысушы білім беру мекемелерінің оқу жоспарларын жасау;
- желілік өзара әрекеттесуге қатысушылар арасында бірлескен қызмет туралы шарт жасасу;
- желіге қатысушылар арасындағы өзара әрекеттесуді басқаратын Үйлестіру кеңесін құру;
- желілік өзара әрекеттесуге қатысушыларының бюджетін құру, оларды құрылтайшының бекітуі;
- білім беру үдерісін жүзеге асыру.

Осылайша, желілік өзара әрекеттесудің мынандай артықшылықтарын атап көрсетуге болады: өзара әрекеттесу тетіктері әзірленеді; консультация және кәсіби кеңес алуға, жұмыс тәжірибесімен бөлісуге мүмкіндік пайда болады; әдістемелік жұмыс мәселелері сапалы және жедел шешіледі; әдістемелік база кеңейтіледі, Интернет кеңінен қолданылады.

5) Тепе-теңдік қағиданы педагог пен білім алушы арасындағы субъект-субъектілік қатынастарды білдіреді.

6) Кері байланыс қағидаты бақылау және өзін-өзі бақылау жүйесі, модульдің оқу материалын зерделеуде түзету және бағалау жүйесін құруға ықпал етеді.

7) Саналы перспектива қағиданы оқудың табысты болуының шарты - оқытудың қалыптасқан уәждемесі, оның жақын және алыс перспективалары туралы білу екенін атап көрсетеді.

Мектепте модульдік оқытудың теориясы мен практикасы екі тәсілге бөлінеді: пәндік-әрекеттік және жүйелік-әрекеттік тәсілдері. Осы тәсілдердің негізінде оқыту үдерісі тұтас немесе нақты пән (пәндері) шеңберінде білім алушылардың оқу іс-әрекетінің элементтерін және модульдік білім беру бағдарламасының мазмұнын жүйелі меңгеруіне бағытталған түрлі тұжырымдамалар әзірленеді.

Әзірленетін тұжырымдамаларда модульдік білім беру бағдарламаларының әртүрлі құрамы мен құрылымдық құрылымы бар.

Құжаттарда олар әртүрлі нысандарда ұсынуға болады, бірақ үш негізгі компонент міндетті түрде: мақсатты мазмұнды бағдарлама, ақпарат банкі, білім алушыларға арналған әдістемелік нұсқаулар енгізіледі.

Екі тәсілдің қысқаша сипаттамасын қарастырайық.

Модульдік білім беру бағдарламасының пәндік-іс-әрекеті контекстінде жобалау білім алушының оқу іс-әрекетін, оның біліктері мен дағдыларын талдау негізінде жүзеге асырылады. Содан кейін пәндердің тізімі анықталады, олардың мазмұны оқу үшін қажет. Қорытынды кезеңде блокты оқу жоспары мен оқу пәндерінің модульдік бағдарламаларының жиынтығын қамтитын модульдік білім беру бағдарламасы қалыптасады.

Соңғы кезеңде модульдік білім беру бағдарламасы, оның ішінде блоктық оқу жоспары және модульдік оқу бағдарламаларының жиынтығы жасалады.

Міндетті оқу пәндерінің модульдік бағдарламаларының негізінде модульдер болады. Оқу пәнінің әрбір модульдік бағдарламасы үшін оқыту модульдерінің пакеті құрылады.

Оқыту модульдерінің пакетін құрастырудың үш нұсқасы болады:

1) әдебиетте әзірленген және жарияланған оқыту модульдерін қолдану, олардың нақты шарттарға бейімделуі;

2) мұғалім жинаған оқу және әдістемелік материалдарды оқыту модульдеріне өзгерту;

3) жобалау негізінде оқыту модульдерін құру.

Сонымен, модульдік оқыту технологиясының мәні білім алушылардың қажетті құзыреттілік деңгейіне қол жеткізу үшін тиісті қағидаттар мен тәсілдер негізінде оқу материалын құрылымдау, білім алушылардың өз бетінше таңдауға және оқытудың толық, қысқартылған немесе тереңдетілген нұсқасынан өтуге бағытталған оған бірдей оқыту әдістерін, құралдары мен түрін таңдау жүзеге асырылады.

Ынтымақтастық технологиясы

Шағын топтарда оқытуды көздейді. Ынтымақтастықта оқытудың негізгі идеясы – бір-біріне көмектеу ғана емес, бірге оқу, достарының табыстары мен жетістіктерін сезіну.

Ынтымақтастықта оқытуды ұйымдастырудың бірнеше нұсқасы бар. Олардың ішінен ең қызықтысын қарастырайық [6].

Командада оқыту. Топтық мақсат қойылады. Табысқа тақырып, мәселе немесе сұрақтар бойынша жұмыс істеу кезінде топтың (команданың) барлық мүшелерінің тұрақты өзара іс-қимылы кезінде ғана қол жеткізуге болады. Команданың әрбір қатысушысы қажетті білімдерді, біліктерді және дағдыларды игеру керек, сонымен қатар команданың барлық мүшесі кімнің неге қол жеткізгенін білуі қажет. Топтық қызметті бағалау жұмыстың түріне және дидактикалық мақсаттарға байланысты. Тапсырманы барлық топтармен орындағаннан кейін мұғалім жаңа материалды меңгергенін тексеруге тест береді. Тест тапсырмаларын білім алушылар жеке орындайды. Әрбір топ өзінің нақты тапсырмасын орындаған кезде командаға балл сомасы қойылады. Бұл

жағдайда команда бойынша жолдастарға материалды түсіну мен меңгеруге көмек көрсету бақыланады.

«Ара». Білім алушылар фрагменттерге (логикалық немесе мағыналық блоктарға) бөлінген оқу материалымен жұмыс істеу үшін 4-6 адамнан тұратын топтарға ұйымдастырылады. Топтың әрбір мүшесі жұмыстың бір бөлігін орындайды. Содан кейін бір мәселені зерттейтін, бірақ әр түрлі топтарда тұратын білім алушылар осы мәселе бойынша сарапшылармен кездесіп, ақпаратпен алмасып отырады. Басқаша айтқанда, сарапшылар кездесіп отырады.

Содан кейін олар өз топтарына оралып, топтың басқа да мүшелерін өздері білгендерін үйретеді. Өз кезегінде олар тапсырманың өзінің бөлігі туралы баяндайды (бір араның тістері сияқты) өйткені барлық тақырыптың материалын меңгерудің жалғыз жолы – бұл команда бойынша өз серіктестерін мұқият тыңдау және дәптерге жазу – мұғалім тарапынан ешқандай қосымша күш салу қажет емес. Білім алушылар өздерінің жолдастары өз міндеттерін адал орындауға мүдделі, өйткені бұл олардың қорытынды бағасына әсер етеді. Барлық тақырып бойынша әрқайсысы жеке түрде және жалпы команда болып есеп береді. Қорытынды кезеңде мұғалім команданың әрбір қатысушысынан осы тақырып бойынша кез келген сұраққа жауап беруін сұрайды.

Бірге оқимыз. Сынып дайындық деңгейі бойынша 3-5 адамнан топтарға бөлінеді. Әр топ үлкен тақырыптың бір бөлігі болып табылатын тапсырма алады. Жеке топтар мен жалпы барлық топтардың бірлескен жұмысының нәтижесінде материалды меңгеруге қол жеткізіледі.

Топ ішінде білім алушылар жалпы тапсырманы орындау үшін рөлдерді өздері бөледі және топ екі міндетті: танымдық, шығармашылық мақсатқа жету және тапсырманы орындау барысында қарым-қатынастың белгілі бір мәдениеті мен бірлескен қызметті ұйымдастыру. Топ әр білім алушының жетістігіне байланысты марапаттар алады.

Шағын топтардың жұмысын ұйымдастырудың барлық үш негізгі нұсқасына тән негізгі идеялар – мақсат пен міндеттердің ортақтығы, жеке жауапкершілік және табыстың топ мүшелерінің барлығына беретін тең мүмкіндіктері.

Әріптестікте оқытуды ұйымдастырудағы мұғалімнің негізгі іс-әрекеттерін қарастырайық.

1. Балалардың бір-бірін көру үшін жұмыс орындарын орналастыруды ойластыру қажет (үстелдерді бір-біріне бұрышпен немесе екі-екіден, орындықтарды екіден, бір-біріне қарама-қарсы орналастыра отырып қою керек).

2. Сабаққа дайындық кезінде топтарда жаңа материалды меңгеру бойынша белгілі бір іс-әрекеттерді қарапайым түсіндіруден кейін 1-2 тапсырма беру керек.

3. Сыныпта 2-3 адамнан топтарға бөлу және білім алушылардың тапсырманы орындаудағы әрбір адамның рөлін анықтауға мүмкіндік беру.

4. Топтарда жаңа материалмен жұмыс істеу кезінде топтың әрбір қатысушысына 2-3 сұрақ қою қажет. Бірінші қатысушы жауап берген кезде, қалған екеуінің біріне оның жауаптарын растау немесе теріске шығару қажет, ал үшінші қатысушы осы жауаптарды тіркейді немесе айтылған ойды растайтын мысалдар ойлайды. Одан әрі білім алушылар рөлдерімен ауысады.

5. Жеке тапсырмалар берілгенге дейін білім алушыларға материалды жұптасып талқылауға мүмкіндік беру. Бақылау жұмысы немесе тест жүргізуден бұрын жұпта немесе үштікте болу мүмкіндігін ұсыну.

6. Білім алушылар (мұғалімге бақылау (өзіндік) жұмысы бар өз дәптерлерін берер алдында) топтағы жұмысты бір-бірінің жұмысын тексеруге және әрбір білім алушының тапсырманы дұрыс саналы орындауына қол жеткізуге мүмкіндігі болуы тиіс.

7. Сабақтың басында және топтарда жұмыс істеу алдында мақсатты нақты айту қажет.

8. Жұмыс кезінде білім алушылардың белсенділігін бақылап, егер қажет болса, кез келген топқа көмектесу [8].

Дамыта оқыту технологиясы

Дамытушы оқыту деп оқытудың жаңа, белсенді-әрекеттік тәсілі түсіну. Дамытушы оқыту даму заңдылықтарын ескереді және қолданады, жеке баланың деңгейі мен ерекшеліктері қалыптасады. Балаларды дамытудың ұйымдастырушылық тәсілі, мазмұны, әдістері мен формалары дамудың барлық бағыттарына бағытталған.

Дамыта оқыту технологиясында балаға қоршаған ортамен өзара әрекеттесетін дербес субъект ролі беріледі. Мұндай оқыту кезінде балалар тек білімді, білікті және дағдыларды меңгеріп қана қоймай, ең алдымен өз бетінше ұғыну тәсілдерін үйренеді, ойлау, қиял, назар аудару, есте сақтау, ерік-жігер дамиды, оларда іс-әрекетке шығармашылық қарым-қатынас қалыптасады.

Дамыта оқытудың негізгі идеясы баланың дайындығы өзінің шығармашылық әлеуетін өз бетінше пайдалануға қамтамасыз ететін ойлау қабілетінің басымдықты дамуы болып табылады.

Дамыта оқыту құрылымында оқытудың негізі «мақсат – құрал – бақылау», ал орталық технологиялық байланыс – бұл баланың өз іс-әрекетін қабылданған мақсатқа сәйкес реттеу қабілетіне негізделген білім алушылардың өз бетінше оқыту және оқу-танымдық қызметі болып табылады.

Дамыта оқытудың ерекшелігі – дәстүрлі белгілердің болмауы. Мұғалім білім алушының жұмысын жеке эталондар бойынша бағалайды, бұл олардың әрқайсысына сәттілік жағдайын жасайды. Мұғалімнен алынған критерийлердің арқасында қол жеткізілген жетістіктерді өзін бағалау мазмұнын енгізіледі. Білім алушының өзін-өзі бағалауы мұғалімнің бағалауынан бұрын, үлкен айырмашылық болған жағдайда онымен келісіледі. Өзін-өзі бағалау әдістемесін меңгере отырып, білім алушы оқу әрекетінің нәтижесі соңғы мақсатқа сәйкес келетіндігін анықтайды. Кейде тексеру жұмыстарына сабақта әлі оқылмаған материал немесе балаға белгісіз тәсілмен шешілетін тапсырмаларды қамтиды. Бұл қалыптасқан оқу білігін бағалауға, балалардың білетін және білмейтін

нәрселерін бағалау қабілеттерін анықтауға, олардың интеллектуалды қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Оқыту негізінде мұғалім мен білім алушылардың арасында, білім алушылардың арасында диалогтық қарым-қатынас орнатылған [4].

Осылайша, жеке тұлғаға-бағытталған мектепте оқыту:

- білім алушылардың оқуға деген ынтасын арттыру;
- олардың танымдық белсенділігін арттыру;
- тұлғалық компоненттерді ескере отырып, оқу үдерісін құру, яғни әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеру, сондай-ақ олардың танымдық қабілеттерін дамытуға және шығармашылық, танымдық іс-әрекеттерін белсендіруге бағдарлану;
- оқу барысында өз бетінше басқару үшін жағдай жасау;
- оқу үдерісін саралау және дараландыру;
- білім алушылардың білімін меңгеруін жүйелі бақылау (рефлексия) үшін жағдай жасау;
- оқу үдерісі барысында оқытушының уақытылы түзету әсерін енгізу;
- білім алушылардың даму динамикасын қадағалау;
- іс жүзінде әрбір білім алушының оқыған мен үйренген деңгейін ескеру.

Кәсіптік-бағдарлы оқыту технологияларын жүзеге асырудың негізгі қағидаға тоқталайық. *Оқыту қағидалары* – білім беру, оның ішінде кәсіптік-бағдарлы үдерісті ұйымдастыру кезінде жүзеге асырылу қажет талаптар.

Табиғатқа сәйкестік ұстанымы. Бұл ұстанымының мәнін алғаш рет Я.А.Коменский өз жұмыстарында ашты. Ол білім алушының табиғи және әлеуметтік ортамен өзара қарым-қатынасында жеке тұлға ретінде дамуын қарастырды. *Ұстанымның мәні.* Адам табиғат құбылысы болып табылады және табиғат заңдары, оның ішінде әлеуметтік табиғат заңдары бойынша дамиды. Бұл белгілі бір жағдайларда нақты адамның тиісті бағыттылығы, даму және тәрбиелеу динамикасы орын алуы мүмкін дегенді білдіреді. Адамға деген қарым-қатынас табиғи, дәлірек айтқанда, әлеуметтік-табиғи болуы керек. Адамды тек оның табиғи мүмкіндіктерін ескере отырып дамытуға, жетілдіруге болады. Ал керісінше болған жағдайда оны тек бұзып алуға болады:

Ұстанымның негізгі талаптарына жатады:

- педагогтың адамның дамуы мен тәрбиесінің заңдылықтары мен заңдарын білуі және оған сәйкес барлық педагогикалық қызметті құра білуі;
- педагогтың білім алушының жас ерекшеліктерін, жыныстық, жеке ерекшеліктерін ғана емес, сонымен қатар оның болашақ мүмкіндіктерін білуі және есепке алуы;
- педагогикалық жұмыстың мақсатын қою және оларға жету жолдарын таңдауға білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескереді, олардың өзгеру динамикасын ескеріп отырады.

Оқытудағы жеке тәсіл ұстанымы

Ұстанымның мәні. Ұстанымның негізінде адамның барлық жеке ерекшеліктерімен, мүмкіндіктерімен, қасиеттерімен және кемшіліктерімен қабылдау. Нақты білім алушылармен жұмыста ерекше тәсіл, өзінің амалдары

мен педагогикалық іс-әрекет әдістемелерінің болуы қажет. Жеке көзқарас қағиданың талаптарын жүзеге асыру мынадай ұсынымдарды ескере отырып қамтамасыз етіледі:

- білім алушылармен (білім алушылар тобымен) педагогикалық жұмысты бастау алдында педагогтың оның (олардың) ерекшеліктерін білуі тиіс. Бұған бастауыш (алғашқы) диагностика, педагогтың білім алушылардың жеке ерекшеліктерін толық тануға ұмтылуы ықпал етеді. Оқытушының жеке тәжірибесі, оның бірінші кездесу кезінде білім алушылардың өзіндік ерекшелігін барынша толық және бірдей бағалау және танымдық жеке ерекшеліктер негізінде өз қызметін құру қабілеті ерекше маңызға ие;

- оқыту үдерісінде білім алушылардың жағдайына, олармен жұмыс жасау барысында олардың өзгеру динамикасына әсер ететін факторлардың барлық жиынтығын ескеру. Білім алушылардың өзгермелі жағдайын және нақты қызметтің қажеттілігін ескере отырып, бұл жұмыста икемділік таныта білу;

- оқу үдерісінде білім алушы үшін онымен педагогикалық жұмыс барысында қолайлы жағдай жасау, оны өзін танытуға және өзін-өзі көрсетуге бағыттау.

Гуманизм ұстанымы. «Гуманизм» (латын тілінен «humanus» - адамгершілік) ұғымы әр адамның жеке тұлғаның құндылығын, еркіндік, бақыт, өмір мен денсаулықты сақтауға және қорғау құқығын мойындайтын қарым-қатынас жүйесі.

Жоғары мектеп педагогикасындағы гуманизм ұстанымының мәні әрбір білім алушының жеке басын құндылығының басымдығын, оның құқықтарын қорғау және қамтамасыз ету үшін жағдай жасау, даму және тәрбиелеу, оған өмірде өзін-өзі анықтауға, қоғамға ықпал етуге көмек көрсету болып табылады.

Педагогтың (мұғалімнің, оқытушының) оқыту қызметінің кәсібилігі мен нәтижелілігінің өзара байланыс ұстанымы

Ұстанымның қайнар көздері. Ерте кезден бастап педагогикалық қызметтің (оқыту, тәрбиелеуші) педагогтың шеберлігі мен беделіне байланысты екені белгілі. Педагогтың кәсіпқойлығы жоғары болған сайын, оның педагогикалық қызметтің оңтайлы нұсқасын таңдау және оны білікті іске асыруды қамтамасыз ету қабілеті жоғары. Бұл қағида оқытушының кәсіби даярлығын және кәсіби қызметінің жинақталған тәжірибесін есепке алу қажеттілігін талап етеді. Кәсіби дайындық оқытушының құзыреттілік деңгейімен және тұтас оқу-тәрбие үдерісінің нақты жағдайында педагогикалық қызметте өзін іске асыруға ішкі қажеттілігімен анықталады.

Ұстанымның негізгі талаптары:

- оқытушылық жұмыс тәжірибесі жоқ жас маман, әдетте, осы тәжірибені алу және кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру үдерісінде дұрыс көмек пен қолдауды қажет етеді;

- педагогикалық оқытушылық қызмет тәжірибесі бар мамандармен әкімшілік-басқару жұмысында өздігінен білім алуды және кәсіби қызметке жауапкершілікпен қарауды ынталандыратын жеке тәсіл қажет.

Кәсіби-бағдарлы оқыту технологияларын жүзеге асырудың негізгі ұстанымдарын қарастырайық.

Ғылым ұстанымы кәсіби-бағдарланған білім мазмұнын заманауи ғылыми білімдермен өзара байланыстырады. Бұл қағидада оқытудың мазмұны білім алушыларды объективті ғылыми фактілермен, теориялармен, заңдармен таныстырады және ғылымның қазіргі жай-күйін көрсетеді. Бұл ұстаным оқу бағдарламалары мен оқулықтарда, оқылатын материалды іріктеуде, сондай-ақ білім алушы ғылыми іздену элементтерімен, ғылым әдістерімен, оқу еңбегін ғылыми ұйымдастыру тәсілдерімен іске асырылады.

Ғылым, мәдениет, іс-тәжірибенің жетістіктерін меңгерудің *жүйелілігі мен дәйектілігі ұстанымы* оқу іс-әрекеттерінің жүйелік сипатын, теориялық білімді, білім алушылардың практикалық дағдыларын береді. Бұл ұстаным белгілі бір тәртіпте, жүйеде оқыту мен оқуды білдіреді. Ол оқу материалының мазмұнын және оқу үрдісінің логикалық өзара байланысты құрылымдық-кезеңдік ұйымдастырылуын логикалық түрде жасауды талап етеді.

Оқытудың тәрбие сипатының қағидасы болашақ маманның кәсіби-бағдарланған білім беру үдерісінде әлеуметтік маңызды жеке қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған (тәрбие оқыту үдерісінде тәртіптілік, табандылық, ұқыптылық және т.б.). Сондай-ақ, бұл ұстаным болашақ жас маманның кәсіптік-бағдарланған біліктілігінің технологияларын енгізу барысында кәсіптік маңызды жеке қасиеттерін тәрбиелейді. Оқытудың тәрбие сипатының ұстанымы болашақ жас маманның кәсіби, деонтологиялық мәдениетінің негізін қалыптастыратын кәсіби-бағдарланған технологияларды енгізу үдерісінде жағдай жасауға бағытталған.

Оқытудың дамытушылық сипатының ұстанымы білім алушының жеке басын дамытуға (тұлғаның интеллектуалды, эмоционалды, еріктілік, мінез-құлық бағыттарын дамыту, атап айтқанда, өзін-өзі басқару біліктері мен дағдыларын дамыту, эмоционалды жағдайды және мінез-құлық реакцияларын өздігінен реттеуге) бағытталған. Бұл ұстаным болашақ маманның кәсіби ойлауын дамытуды, оның дүниетанымын және эрудициясын дамытуды қамтиды.

Оқытушының ынталандыру (белсендіруші, басшылық) рөлімен білім алушылардың саналы, шығармашылық белсенділігі мен дербестігі ұстанымы. Ежелгі Греция мұғалімдері: «Ешкімге ештеңені үйретуге болмайды, тек бірдеңені үйренуге көмектесуге болады» деген екен. Ежелгі Шығыс елдерінде: «Түйені сарқырамаға апаруға болады, бірақ оны су ішуге мәжбүрлеуге болмайды. Білім алушыны білім теңізіне жеткізуге болады, бірақ ол кем дегенде оның бір тамшысын өзіне сіңіре ала ма?» деген көпшілікке мәлім болған көрінеді. Бұл ұстаным қазіргі дидактикалық жүйеде ерекше өзекті, өйткені білім алушылар саналы түрде оқу-танымдық белсенді көрсеткенде ғана тиімді. Бұл білім алушылар білімге қызығушылық танытады, өз оқу-танымдық жұмысын жоспарлайды және ұйымдастырады, өзін бақылай алады және тексере алады, мәселелерді қояды және олардың шешімін табады.

Көрнекілік ұстанымы кәсіптік-бағдарлы оқытудың тиімділігі оқу материалын өңдеуге және қабылдауға сезімнің тиісті түрде тартылуына байланысты екенін білдіреді. Оқытудың көрнекілік ұстанымы ХҮІІІ ғасырда чех педагогы Ян Амос Коменскийдің өзінің «Ұлы дидактика» кітабында тұжырымдалған. Оқыту үдерісінде білім алушыға бақылау, өлшеу, тәжірибе жүргізу, іс жүзінде жұмыс істеу – бұл білімге қол жеткізу арқылы мүмкіндігін беру қажет.

Оқудың *қолжетімділік ұстанымы* білім алушылардың психологиялық даму, жас ерекшеліктерін ескере отырып, білім алушылардың нақты қабілеттерін оның ассимиляциясы тұрғысынан оқу материалын талдау, білім алушылардың интеллектуалды, моральдық, физикалық жүктемелерге тап болмайтын оқытуды ұйымдастыруын талап етеді.

Кәсіптік-бағдарланған оқыту нәтижелерінің *беріктігі ұстанымы* білім алушылардың жадында есте сақтауына, олардың санасының бір бөлігі, олардың дүниетанымының негізіне, кәсіби тұрғыдан дұрыс мінез-құлық негізін талап етеді.

Оқытудың өмірмен байланыстыру ұстанымы кәсіптік-бағдарлы оқыту үдерісі кезінде білім алушылардың тіршілік әрекетінің түрлі салаларында (атап айтқанда, практика, волонтерлік жұмыс, сынақ мерзімі кезеңінде) практикалық міндеттерді шешуде алған білімін пайдалануға ынталандырады; өз көзқарасын, соның ішінде кәсіби болмыстың шынайылығын талдап, қоршаған ақиқатты қайта құруға үйретуді көздейді.

Оқу жұмысының ұжымдық және жеке түрлері мен тәсілдерін тиімді үйлестіру ұстанымы оқытушы оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі формаларын қолдана алады және қолдануы тиіс: лекциялар, семинарлар, экскурсиялар, практикумдар, сондай-ақ білім алушылардың оқу үдерісін өзара әрекет жасаудың әртүрлі тәсілдерін: жеке жұмыс, тұрақты және ауыспалы жұптардағы, кіші және үлкен топтардағы жұмыс және т. б.

Озық оқыту ұстанымы оқытудың белгілі бір дидактикалық ырғағын және оқу материалын меңгеруді қамтамасыз етуге арналған. Бір оқу тақырыбынан екіншісіне ауысу кезінде өзіндік вакуум пайда болуы мүмкін. Бұл жағдайда білім алушы алдыңғы тақырып арасындағы байланысты түсіну үшін біраз қосымша уақыт қажет. Озыңқы оқыту ұстанымы педагог алдыңғы тақырыпты зерттеу барысында келесі тақырыптарды «плацдармды» басып алатындай етіп «көпір» құруға ұмтылады. Осылайша, ықтимал вакуум орнында оқыту үдерісінің динамикалық ырғағы пайда болады.

Визуалды тірек ұстанымы кәсіби бағытталған білім беру үдерісіне оқу материалын ықшамдалған, жүйелі, эмоционалды көрнекі түрде көрсететін тірек конспектілерін, арнайы дидактикалық сызбалар мен суреттерді енгізуді көздейді. Тірек конспектімен таныса отырып, білім алушылар оқу материалын логикалық ойластырылған, тұтас меңгеру тәжірибесін меңгереді. Тірек конспектілерімен тура ұқсастық бойынша жұмыс істеуге болады (бұл жағдайда білім алушылар дайын тірек конспектісін алады және ол бойынша келесі сабаққа дайындалады). Жанама ұқсастық бойынша жұмыс істей отырып,

педагог білім алушыларға үйде өз бетінше орындайтын және сәйкесінше келесі сабаққа дайындалатындай тірек конспектісін түсінуді ұсынады. Шығармашылық ұқсастық бойынша жұмыс істей отырып, педагог білім алушыларға оқытылатын материалдың жүйелік сипатын түсіндіреді және оларға өз бетінше тірек конспект жасауды ұсынады. Көрсетілген жұмыс нысандарының бірінен екіншісіне ауысу біртіндеп жүзеге асырылады. Мұндай өту уақытын алдын ала бағдарламалау мүмкін емес, өйткені ол білім алушылардың психикалық және танымдық ерекшеліктеріне, олардың дайындық сипатына, интеллектуалдық даму деңгейіне және т. б. байланысты. Шығармашылық ұқсастық бойынша жұмыс істей отырып, оқытушы білім алушыларға оқылатын материалдың жүйелік сипатын түсіндіреді және оларға өз бетінше тірек конспект жасауды ұсынады. Көрсетілген жұмыс нысандарының бірінен екіншісіне ауысу біртіндеп жүзеге асырылады. Мұндай өту уақытын алдын ала бағдарламалау мүмкін емес, өйткені ол білім алушылардың психикалық және танымдық ерекшеліктеріне, олардың дайындық сипатына, интеллектуалдық даму деңгейіне және т. б. байланысты.

Қиындықтардың жоғары деңгейінде оқыту ұстанымы білім алушылар ақыл-ой мүмкіндіктерінің белгілі бір шегінде жұмыс істейтін білім беру үдерісін құруды көздейді. XIX ғасырда-ақ ұлы орыс педагогы К.Д.Ушинский интеллектінің дамуын адамның физикалық дамуымен салыстыра отырып, үнемі қозғалысқа түспейтін интеллект физикалық жаттығулармен айналыспайтын адамның босаңсыған бұлшық еттері сияқты күйге түсетінін ескертті. Жоғары деңгейдегі оқыту принципі қиындық білім алушыларды ақыл-ой күштерін толық жұмсауға итермелейді. Қиындықтардың шекті деңгейі қолжетімділік ұстанымымен үйлеседі. Бұл жағдайда білім алушылардың шаршауының алдын алу маңызды. Қиындықтардың жоғары деңгейінде оқыту принципі білім алушылар ақыл-ой мүмкіндіктерінің белгілі бір шектерінде жұмыс істейтін білім беру процесін құруды көздейді.

Конгруэнттілік ұстанымы оқу-тәрбие үдерісін мазмұнды-технологиялық және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етудің болашақ маманның кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына сәйкестігін көздейді. Бұл ұстаным кәсіби бағытталған оқытуды ұйымдастырудың мазмұнында, технологиясы мен нысандарында бітірушілердің болашақ кәсіби қызметінің барлық қажетті теориялық және кәсіби-қолданбалы аспектілері көрініс табатын болады деп болжайды.

Ситуативтілік ұстанымы болашақ мамандардың кәсіби іс-әрекетінің кәсіби құзыреттілігі көрінетін жағдайларды іріктеуді және еңбек қызметінің нақты жағдайларын талдау негізінде оқу үдерісін ұйымдастыруды көздейді.

Болжамдық ұстанымы постиндустриалды қоғамдағы кәсіби қызмет түрлерінің эволюциясы контекстінде жоғары білім беруді дамыту және жаңғырту перспективаларын есепке алуды болжайды.

Оқытудың әрбір ұстанымы өзіне тән дидактикалық қызмет атқарады. Сондықтан оқыту ұстанымдарын олардың маңыздылығы бойынша салыстыруға

болмайды. Мұнда кәсіби бағдарланған оқытудың барлық ұстанымдарының өзара байланысы мен өзара шарттылығын түсінудің жүйелі тәсілі ұтымды болып табылады.

Оқыту технологияларын таңдау, жобалау және іске асыру негіздері

Кәсіби бағытталған оқытудың нақты технологиясын әзірлеу үдерісін педагогикалық жобалау үдерісі деп атауға болады. Оның қадамдарының реті мынадай:

- оқу жоспары мен оқу бағдарламаларымен қарастырылған Кәсіби-бағытталған оқытудың мазмұнын таңдау;
- оқытушы негізге алатын басым мақсаттарды таңдау: жобаланып отырған оқу материалын оқу (игеру) барысында білім алушылардың қандай білік, дағды, кәсіби және жеке қасиеттері қалыптасады;
- мақсат жиынтығына немесе кәсіптік оқытудың бір басым мақсатына бағдарланған технологияны таңдау;
- оқыту технологиясын іске асыру бойынша кезеңдер мен іс-қимыл реттілігін анықтау.

Оқыту технологиясын жобалау пән мазмұнын, оқу үдерісін ұйымдастыру нысандарын жобалауды, оқыту әдістері мен құралдарын таңдауды көздейді.

Педагогикалық қызметтің әрбір нақты жағдайында мұғалімнің алдында оқыту технологиясын тиімді және қолайлы іске асыруды қамтамасыз ету мәселесі тұрады. Осы жағдайда неғұрлым орынды технологияны таңдай білу керек және ең бастысы, оны білім алушымен, білім алушылардың тобымен жұмыс істеу барысында іске асырудың жоғары нәтижелілігін қамтамасыз ету керек.

Өзінің мәні бойынша оқыту технологиясын іске асыру үдерісі – бұл объектіні (білім алушыны) оқытуда, кәсіби даярлауда белгілі бір педагогикалық мақсатқа барынша оңтайлы қол жеткізуді қамтамасыз ететін маманның (субъектінің) мақсатты іс-әрекеттерінің реттілігі.

Мазмұны бойынша оқыту технологиясын іске асыру үдерісі оның құрылымдық компоненттерінде көрінеді, олардың әрқайсысы белгілі бір функционалдық мақсат пен сапалық-сандық шешімді орындайды.

Оқыту технологиясын іске асырудың педагогикалық үдерісінің мазмұны мен бағыттылығын анықтайтын жетекші компонент оның *объектісі (білім алушы)* болып табылады. Ал объект, сондай-ақ оқыту технологиясын іске асыру үдерісінің субъектісі адам болғандықтан, оған да жеке ерекшеліктер, мүмкіндіктер, әлеуметтік мәселелер және т. б. тән.

Мектептегі нақты кәсіптік даярлықты жүзеге асыру үшін таңдалған оқыту технологиясы белгілі бір *(болжамды) мақсатқа* жетуге бағытталған. Әрбір мақсат міндеттердің белгілі бір көлемін шешуді қажет етеді және оған қол жеткізу бойынша оқытушы қызметінің *нақты мазмұнын* болжайды.

Мақсатты технологияны таңдау және оны практикалық тұрғыдан іске асыру кезеңдеріндегі педагог қызметі өте маңызды және жауапты болып табылады.

Технологияны таңдау кезеңінде оқытушы қызметінің ерекшеліктерінің арасында ең маңызды болып табылады:

а) маманның кәсіби деңгейі;

б) объектінің ерекшеліктері және оның оқыту саласындағы, танымдық іс-әрекет саласындағы мамандардың көмегімен шешуді талап ететін педагогикалық мәселелері; оқыту технологиясының өзіндік ерекшелігі және оны практикалық іске асыру шарттары; маман қызметінің әрбір кезеңі бойынша кәсіби құзыреттілік, оқытудың тиісті педагогикалық проблемаларын шешу бойынша белгілі бір санаттағы адамдармен оқытушылық, ғылыми-педагогикалық жұмысының жеке тәжірибесі; маман қызметінің уәждемесі; оның кәсіби қызметінің стилі.

Жалпы мектепте кәсіптік бағдарланған оқыту технологиясын таңдау мыналарға тікелей қатысты:

- оқытылатын оқу пәнінің, тақырыптың ерекшеліктері;
- білім алушылардың жас ерекшеліктері;
- білім алушылардың нақты танымдық мүмкіндіктерінің деңгейі;
- қандай да бір материалды оқытуға бөлінген уақыт;
- нақты сабақ материалының мақсаты, міндеттері мен мазмұны;
- оқытушының мүмкіндіктері мен ерекшеліктері, оның жеке және кәсіби қасиеттері, оның теориялық және практикалық дайындық деңгейі, әдістемелік шеберлігі;

- мектептің материалдық-техникалық жабдықталуы, құрал-жабдықтардың, көрнекі құралдардың, арнайы техникалық құралдардың болуы.

Кәсіптік-бағдарлы оқытудың белсенді формалары

Оқу экскурсиясы. Оқытуды ұйымдастырудың бұл түрі әртүрлі заттарды, құбылыстар мен үдерістерді табиғи жағдайда бақылау негізінде оқытуға мүмкіндік береді. Экскурсия оқытушыға оқытудың өмірмен тікелей және белсенді байланысын орнатуға мүмкіндік береді. Экскурсия білім алушылардың танымдық қабілеттерін дамытады (зейін, бақылау, ойлау, қиял және т.б.). Әдістемелік сауатты дайындалған және өткізілген оқу экскурсиялары білім алушылардың эмоционалдық өрісіне айтарлықтай күшті әсер етеді, олардың оқу-танымдық қызығушылығын және өздігінен білім алуға ұмтылысын жандандырады.

Экскурсияның алдында білім алушыларға тапсырма беріледі, онда әркімнің қандай бақылау жүргізуі тиіс, қандай сұрақтарға өз бетінше жауап табуы керек, материалды қандай формада жинау керек, экскурсия туралы есепті қай мерзімге дайындау керек екендігі көрсетіледі.

Экскурсияның маңызды кезеңі қорытынды әңгімелесу (кейде жазбаша жұмыс) болып табылады, оның барысында экскурсияда алынған ақпарат білім мен біліктіліктің жалпы жүйесіне енгізіледі. Білім алушыларға экскурсия деректерін олардың тапсырмаларына сәйкес өңдеу бойынша нұсқаулар береді. Олар жеке немесе шағын топтасып кесте құрастырады, көрнекі құралдар, баяндамалар, қысқа есептер дайындайды. Экскурсия материалдарын одан

кейінгі жұмыстарда қолданады. Оқу экскурсиясының нәтижелері бойынша семинар сабағында «дөңгелек үстел» немесе пікірталас өткізуге болады.

Оқу конференциясы жоғары дербестік, белсенділік, бастамашылық негізінде оқытушы мен білім алушылардың педагогикалық өзара іс-әрекетін қамтамасыз ететін кәсіби бағытталған оқытудың ұйымдастырушылық нысаны болып табылады. Конференция, әдетте, кәсіби бағытталған білім, білік жүйесін кеңейтуге, бекітуге және жетілдіруге бағытталған оқытудың ерекше құрылымы болып табылады.

Конференцияға дайындық тақырыпты анықтаудан, таңдалған тақырыпты ашатын сұрақтарды іріктеуден басталады.

Конференцияның басты мақсаты проблемалық мәселелерді еркін, белсенді, дәлелді талқылау болып табылады.

Ауылдық шағын жинақты мектепте кәсіптік бағдарланған оқыту мақсатында қолдануға болатын оқытудың негізгі технологияларын қарастырайық.


Проблемалық оқыту – оқытушы ұйымдастырған оқытудың проблемалық мазмұны мен субъектінің *өзара белсенді іс-әрекетінің тәсілі*, оның барысында ол ғылыми білімнің объективті қайшылықтарына және оларды шешу тәсілдеріне қосылады, ойлауды үйренеді, білімді шығармашылық жолмен меңгеруді үйренеді (А.М.Матюшкин).

Проблемалық оқытудың мақсаттары:

- білім алушыларды ғылым заңдылықтарын, фактілерін білуге сүйене отырып, *ойлануға*, дәлелді *қорытынды* жасауға, дербес дәлелді *шешімдер* қабылдауға үйрету;
- білім алушылар *білім жүйесін* игеріп, ақыл-ой іс-әрекетінің тәсілдерін меңгеріп, *кәсіби ойлауды* қалыптастыра алады;
- білім алушылардың жоғары даму деңгейіне қол жеткізу, *дербестікке*, өзін-өзі оқытуға, өздігінен білім алуға, шығармашылыққа қабілетті дамыту;
- білім алушылардың зерттеу белсенділігін қалыптастыру;
- әртүрлі әлеуметтік рөлдерді орындай отырып, *командада* жұмыс істеуге үйрету.

Проблемалық оқытудың **мәні** «білімнен мәселеге» стратегиясын «проблемадан білімге» стратегиясына ауыстыру болып табылады. Білім алушыларға білім мен іс-әрекет тәсілдері дайын түрде ұсынылмайды, ол іздену пәні ретінде қойылады және білім алушылардың проблемалық жағдайларды шешу барысында табылады. Проблемалық оқыту технологиясы дамытушы педагогикалық технологияларға жатады және келесі құрылымға ие (4-сурет).

Проблемалық оқытудың құрылымы



4-сурет

Проблемалық оқытудың орталық ұғымдары:

- *мәселе* – бар теориялар мен алгоритмдер негізінде шешілмейтін міндет.
- *проблемалық жағдай* – оқу материалын баяндаудың мұндай тәсілінде оқу субъектісі өз бетімен оқығанын толықтыруға немесе өзінде бар білімді, іскерлік пен дағдыларды пайдалана отырып, қорытынды жасайды.
- *проблемалық міндет* – оқу субъектісі өзінде қалыптасқан қасиеттер негізінде оқыған материалды өздігінен толықтыруды талап ететін, оның шешілуі оқытылған материал арқылы жүзеге асатын оқу міндеті.
- *шығармашылық міндет* – шешу тәсілі объективті белгісіз тапсырма.
- *білім алушылардың өзіндік жұмысы*.

Проблемалық әдіс келесі қадамдарды жобалайды: проблемалық жағдайды құру, оны оқу проблемасына түрлендіру => проблемалық міндет => шешім табу моделі => шешім.

Проблемалық оқыту тәсілдері проблемалық мәселелер деңгейіне қарай және проблемалық мәселелерді шешу тәсілі бойынша ерекшеленеді (8 кесте) және ол үшін талап етілетін іскерліктер (9-кесте)

8-кесте. Проблемалық мәселелерді шешу әдісі бойынша проблемалық оқыту әдістері мен проблемалық деңгейлері

Проблемалық оқыту деңгейлері	Проблемалық оқыту әдістері
1. Педагог проблеманы өзі тұжырымдап, өз бетінше шешеді	Проблемалық баяндау
2. Педагог мәселені өзі қояды, ал шешімді білім	Ішінара-іздеу әдістері –

алушылармен бірге табады	бірлескен оқыту
3. Педагог мәселені тұжырымдайды, ал шешімді білім алушылар өз бетінше табады.	Зерттеу
4. Білім алушылар мәселені тұжырымдайды және оның шешімін табады	Шығармашылық оқыту

Проблемалық жағдайларды құрудың әдістемелік тәсілдері:

1. таңдау жағдайын жасау - топқа қарама-қайшы фактілерді, ғылыми теорияларды немесе бір-біріне қарама-қайшы көзқарастарды ұсыну;

2. бөгде адамдардың ойлау тәсілімен танысу емес, білім алушылардың әртүрлі пікірлерін бір-бірімен түйістіру (жаңа материалға сұрақ немесе практикалық тапсырма ұсынылады);

3. амал екі қадаммен орындалады: алдымен (1-қадам) педагог білім алушылардың «қате» деген сұрақтарымен жұмыс істейді немесе практикалық тапсырмалармен тақырыпты ашады. Содан кейін «2-қадам» хабарлама, эксперимент арқылы ғылыми фактіні көрсетеді;

4. уәждемелі тәсілдерді қолдану:

- «жарқын бейне» – қызықты материалды (тарихи фактілер, аңыздар, оқытушының тәжірибесінен, күнделікті өмірден алынған оқиғалар, көркем әдебиеттен үзінділер және т. б.) хабарлау;
- түсініксіз құбылыстарды көрсету (эксперимент, көрнекілік);
- «актуализация» – білім алушылар үшін мәселенің мәнін, маңыздылығын анықтау.

5. проблемалық мәселені ұсыну (жалпылауға, негіздеуге, нақтылауға, ойлау логикасына);

6. құбылысты түсіндіруге немесе оны практикалық қолдану жолдарын іздеуге арналған проблемалық оқу тапсырмаларын қою, білім алушыларды фактілерді, құбылыстарды, ережелерді, іс-әрекеттерді салыстыруға, салғастыруға және бір-біріне қарама-қарсы қоюға итермелеу; ұқсастықтар тәсілін қолдану;

7. проблемалық міндеттерді тұжырымдау (мысалы, деректердің жеткіліксіз немесе артық болуы, сұрақ қоюдағы белгісіздік, деректердің қарама-қайшы сипатта болуы, біле тұра жіберілген қателіктер, «психологиялық инерцияны» еңсеру үшін қажетті шешім уақытының шектеулі болуы және т.б.).

9-кесте. Проблемалық жағдайларды шешу үшін қажетті іскерліктер

Білім алушылардың проблемалық жағдайларды шеше білу қабілеті	Педагогтардың проблемалық жағдайларды шешу үдерісін басқара білу қабілеті
Мәселелерді көру және оларды өз бетінше қою	Проблемалық жағдайда мақсатқа жету жолындағы мүмкін болатын мәселелерді алдын ала болжау;

Шешім гипотезасын жасау, оны бағалау және мүмкін болмаған жағдайда жаңасына көшу	Белгісіз компоненттердің санын реттеу негізінде оны жеңілдетіп немесе қиындата отырып, проблемалық жағдайды тез қайта қалыптастыру
Өз мүдделеріне сәйкес шешімнің барысын бағыттау және өзгерту	Мәселені шешетіндердің ойлау барысына сәйкес проблемалық жағдайларды таңдау
Өз шешімі мен жанындағылардың шешімін бағалау	Білім алушылар мен оқытушының көзқарастары алшақ болған жағдайда да білім алушылардың шешімдерін объективті бағалау

Оқытушы үшін оқытудағы проблемалық деңгейлерді Е.В.Ковалевская білім алушы үшін проблемалық деңгейлерге ұқсастырып негіздеді.

Оқытушы:

бірінші деңгейде – проблемалық оқытудың негізгі ережелері мен ұғымдарын талқылау барысында әдіснамалық білімдерді меңгереді;

екінші деңгейде – жұмыста әдеби дереккөздердегі (оқулық) проблемалық жағдайларды пайдаланады;

үшінші деңгейде – сабаққа дайындалу барысында мүмкін болатын проблемалық жағдайларды өз бетінше ойластырады және оларды сабақта құрады;

төртінші деңгейде – жаңа әдістеме, жаңа оқулық, ғылыми зерттеу жасайды.

10-кесте. Проблемалық оқыту технологиясында қолданылатын тәсілдер

Оқу материалын проблемалық баяндау		
Эвристикалық әңгіме	Дөңгелек үстел	Пікірталас сабағы
		
Зерттеу жұмысының тәсілдері		
Web-квест тәсілі	Жобалау қызметі	Ми шабуылы

Проблемалық оқыту технологиясының жалпы шектеулері бар.

1. Проблемалық оқыту кезінде дәстүрлі оқытумен салыстырғанда оқу материалын оқуға көп уақыт қажет.

2. Білім алушылардың практикалық іскерліктері мен дағдылары нашар зерделенуі мүмкін.

Жоба - (лат. Projectus, сөзбе-сөз – алға тасталған) бұл:

1) қандай да бір құрылыс салу немесе бұйым жасау үшін қажет құжаттар жиынтығы;

2) қандай да бір құжаттың бастапқы мәтіні;

3) ой, жоспар.

Жоба әдісі – білім алушылар бірте-бірте күрделенетін практикалық тапсырмалар мен жобаларды жоспарлау және орындау үдерісінде білім мен іскерлікке ие болатын оқыту жүйесі. ХІХ ғасырдың екінші жартысында АҚШ-та пайда болды, прагматикалық педагогика өкілі Дж. Дьюидің теориялық тұжырымдамаларына негізделген, оны «істеу арқылы оқыту» деп жариялаған.

Қазіргі заманғы ғалым-педагогтар *оқу үдерісін ұйымдастырудың жобалық формасын*, сыныптық-оқу және дәрістік-семинарлық жүйеге балама түрлерін және басқа оқыту әдістерімен қатар сабақта пайдалануға болатын *жобалар әдісін* ажыратады, **жоба** — «*жеті П*» екендігін есте сақтау керек:

Проблема

Жобалау (жоспарлау)

Ақпаратты іздеу

Іске асыру үдерісі

Өнім

Презентация

Портфолио

Жоба – бұл бірнеше саты емес, тұтас нәрсе екенін есте сақтау маңызды. Жобаларды ақпараттық, практикаға бағытталған, зерттеу деп ажыратады. Мектептің оқу үдерісінде жобалар шығармашылық және ғылыми болып бөлінеді.

Жобаға қойылатын негізгі талаптар

1. *Әлеуметтік маңызы бар* зерттеу, ақпараттық, практикалық *міндеттің (мәселе)* болуы қажет.

2. *Жобаны орындау проблеманы шешу бойынша іс-әрекетті жоспарлаудан*, басқаша айтқанда – жобаның өзін жобалаудан, әсіресе өнімнің түрі мен презентация нысанын анықтаудан басталады.

3. Әрбір жоба білім алушылардың *зерттеу жұмысын* қажет етеді.

4. *Жоба жұмысының нәтижесі*, басқаша айтқанда, жобаның шығуы *өнім болып табылады*. Жалпы алғанда, бұл қойылған мәселені шешу үшін жобалық топтың қатысушылары дайындаған құрал.

5. *Дайындалған өнім тапсырыс берушіге және (немесе) жұртшылық өкілдеріне ұсынылуы тиіс* және проблеманы шешудің барынша қолайлы құралы ретінде жеткілікті деңгейде дәлелді ұсынылуы тиіс.

Жобалық қызметтің ықтимал өнімдері

Мультимедиялық өнім; ұсынымдар пакеті; жарияланым; жол көрсеткіш; иллюстрациялар сериясы; салыстырмалы талдау; мақала; көрме; газет; ойын.

Жобамен жұмыс жобаның қажеттілігін негіздеуден басталады: проблеманы сипаттау, өзектілігі мен жобаның мақсатты аудиториясын анықтау.

Анықталған мәселеге сәйкес осы жоба шеңберінде шешуі жоспарланып отырған мақсаты мен міндеттері анықталуы қажет.

Содан кейін компоненттері төмендегідей болуы мүмкін жобаның сипаттамасын, мысалы, іс-шаралардың тізбесі мен сипаттамасын, жобаға қатысушыларды іріктеу критерийлерін, сондай-ақ белгіленген мақсаттарға қол жеткізу мен орындаудың әдістерін, жоба мен оның нәтижелері туралы ақпаратты тарату тетігін жасау керек.

Жобаны іске асырудың жұмыс жоспары нақты мерзімдерді көрсете отырып, жобаны іске асыру кезеңдерін (дайындық, негізгі, қорытынды) қамтуы тиіс.

Жобаның күтілетін нәтижелері мен нәтижелерін бағалау тетігі міндетті түрде айқындалады. Жобаның табыстылығын/тиімділігін бағалау әдістері ретінде сұхбат, қатысушыларға сауалнама жүргізу, жобаға қатысушылардың өз нәтижелерін бағалау және өзін-өзі бағалау, ұйымдастыру комитеті өткізген іс-шаралар болуы мүмкін.

11-кесте. Жобаны жасауға арналған логикалық кестенің үлгісі-толтыруға арналған сұрақтар

Жобаның компоненттері	Объективті куәліктер (көрсеткіштер, негіздемелер)	Сыртқы жағдайлар (факторлар, алғышарттар, жорамалдар)
<p>Мәселені қою 1. Жобаны орындау қажеттілігі неден пайда болды? 2. Неге бұл проблеманы шешу – басым міндет?</p>	<p>Өтініш берушінің өзінен басқа, қандай ақпарат көздері бұл проблеманың бар екенін және оны шешу маңызды екенін куәландырады?</p>	
<p>Мақсаты 1. Жоба аясында іс-әрекет бағытталған қозғалысқа арналған мақсат қандай? Ол қойылған мәселені шешумен қалай байланысты? 2. Мақсатқа жету нәтижесінде кім жеңеді? Жобада көзделген іс-әрекеттер қолданыстағы жағдайды қалай</p>	<p>1. Мақсатқа қозғалысты тексеру құралдары қандай? 2. Тексеруші ұйымдар / тұлғалар жобаның мақсатты алға жылжытуға үлес қосатынына қалай көз жеткізе алады? 3. Жобада мақсатқа жылжу дәрежесін өлшеуге мүмкіндік беретін деректерді жинау көзделген бе?</p>	

өзгертеді?		
<p>Міндеттері. Күтілетін нәтижелер</p> <p>1. Жобаны орындау кезінде қандай нақты нәтижеге қол жеткізу керек, егер жоба аяқталса, онда қоршаған ортада, халықтың осы тобының жағдайында және т. б. қандай нақты жақсартулар немесе өзгерістерді күтуге болады?</p> <p>2. Қойылған міндеттерді орындау жағдайды мәлімделген мақсаттарға жетуге қалай жақындатады?</p> <p>3. Қойылған міндеттерді орындау үшін қандай нәтиже (олардың сипаты мен сандық өлшемін) алу қажет?</p>	<p>1. Қандай куәліктер, деректер және көрсеткіштер жоба қойылған міндетті орындағанын растайды?</p> <p>2. Тексерушіге жоба бойынша жұмыстардың орындалу дәрежесі туралы айтуға мүмкіндік беретін нәтижелерді өлшеудің нақты сандық әдістері қандай?</p> <p>3. Жоба барысында жұмыстардың орындалуын бақылауға және түзетуге мүмкіндік беретін деректерді жинау көзделіп отыр ма?</p>	<p>1. Жобаның бақылауынан тыс қандай оқиғалар, шарттар немесе шешімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қойылған міндеттерді орындау қойылған мақсатқа ілгерілетуге ықпал етті; - жоспарланған нәтижелерге қол жеткізетін міндеттерді орындауға әкеледі;
<p>Әдістер (жоба барысында өткізілетін іс-шаралар)</p> <p>Жобада көрсетілген нәтижелерді алу үшін жобаны орындаушыларға қандай іс-шараларды жүзеге асыру қажет?</p>	Неге осы әдістер таңдалған?	- жобада көрсетілген әдістерді қолдану (іс-шараларды өткізу) күтілетін нәтижелерді алуға кепілдік берер ме еді;
<p>Ресурстар</p> <p>1. Жобада көзделген іс-шараларды өткізу үшін қандай ресурстар-кадрлар, тауарлар, қызметтер</p>	1. Жалақы деңгейі, құрал-жабдықтарының құны, көлік және басқа да қызметтерге жұмсалатын шығыстар деңгейі ненің негізінде жоспарланады?	- қандай қажетті ресурстарды бөлу іс-шараларды өткізуге (аталған әдістерді қолдануға) әкеп соқтырар еді.

пайдаланылуы тиіс? 2. Бұл ресурстар қандай көздерден түседі (орындаушы, серіктестіктер және қолдайтын ұйымдар, қорлар, үкімет және т.б.)?	2. Қаражатты пайдалану тиімділігін бағалауға қандай көрсеткіштер мүмкіндік береді?	2. Осылардың әрқайсысында мүмкін болатын кедергілер қандай?
--	--	---

Жоба портфолиосы (жобалық папка):

- 1) жобаның атауы.
- 2) жоба жетекшісі.
- 3) жобаның кеңесшісі (лері)
- 4) жоба бойынша жұмыс жүргізілетін оқу пәні.
- 5) жоба тақырыбына жақын оқу пәндері.
- 6) жоба есептелген білім алушылардың жасы.
- 7) жобалау тобының құрамы (білім алушылардың т. а. ә.).
- 8) жоба түрі (реферативтік, ақпараттық, зерттеу, шығармашылық, практикалық-бағытталған, рөлдік).
- 9) жобаға тапсырыс беруші.
- 10) жобаның мақсаты (практикалық және педагогикалық мақсаттар).
- 11) жобаның міндеттері (2-4 міндет, дамыту міндеттерін ерекшелеу қажет!).
- 12) жоба мәселелері (жобаның тақырыбы бойынша оны орындау барысында қатысушылардың жауап беруі қажет 3-4 маңызды проблемалық мәселе).
- 13) қажетті құрал-жабдықтар.
- 14) Аннотация (жобаның өзектілігі, маңыздылығы, қысқаша мазмұны)
- 15) жобаның болжамды өнімдері.
- 16) жобамен жұмыс істеу кезеңдері (әр кезең үшін білім алушылардың жұмыс нысанын, ұзақтығын және орнын, жұмыс мазмұнын, кезеңнің шығуын көрсету).
- 17) жобалық топтағы рөлдерді шамамен бөлу.

Командалық оқыту – бұл белсенді оқыту, сондай-ақ шағын (5-7 білім алушыдан тұратын) топтарды пайдалануға негізделген білім беру стратегиясы, ол білім алушыларға жеке жұмысты, командалық жұмысты, сондай-ақ жедел кері байланысты қамтитын іс-әрекет реттілігінің көмегімен концептуалды білімді қолдануға мүмкіндік береді. Технологияның негізгі үш компоненті:

- білім алушының өзіндік дайындығының жоғары деңгейі;
- жеке немесе командалық тексеру тестері;
- аудиториялық уақыттың басым бөлігі шешім қабылдауға негізделген командалық практикалық тапсырмаларды орындауға арналған.

Бұл ретте бір білікті оқытушы 20 немесе одан да көп командамен жұмыс істей алады. Топтарда дәстүрлі оқытудан айырмашылығы, үлгерімі жоғары

білім алушылар ынғайсыздық сезбейді – олар барлық жұмысты өздері істемейді, сонымен қатар басқа білім алушылардың үлгерімінің төмендігі үздіктердің бағасына еш әсер етпейді. Үдерістің ашықтығы команданың әрбір қатысушысының өз жұмысы мен командалық табысқа қосқан жеке үлесі үшін жауапкершілігін көздейді. Топ бірге жақсы жұмыс істеген сайын, командалық және жеке нәтижелер жоғары. Әрбір жеке топ шеңберінде өзара оқытудың маңызы зор. Әрбір білім алушының жұмысы ашық және айқын, ал білім алушының соңғы бағасы оның жеке күш-жігеріне, сондай-ақ бүкіл топ жұмысының тиімділігіне байланысты.

Case-study жағдайына негізделген оқыту технологиясы немесе нақты жағдайлар әдісі (ағылшын тілінен case – жағдай) – нақты міндеттер мен жағдайларды шешу жолымен (кейстерді шешу арқылы) оқытуға негізделген белсенді проблемалық-жағдайлық талдау әдісі.

Кейс – білім алушыларды нақты фактілерді негізге ала отырып нақты проблема модельдеуге мүмкіндік беретін, пікірталасқа итермелейтін жағдайды түсінуге мүмкіндік беретін ақпараттық кешен болып табылады, одан әрі практикада кездесетін нақты проблеманы шешуге мүмкіндік береді. Кейсті күрделілігіне қарай суретті кейстер, проблеманы қалыптастырушы кейстер, проблеманы қалыптастырмайтын кейстер, қолданбалы кейстер деп бөледі.

Ситуациялық міндет – кейстің ең қарапайым нұсқасы – (3-4 сөйлемде ресімделген), шын мәнінде (диагностикалық және емдік емшараларды жүргізу, зертханалық жұмыстар мен эксперименттерді орындау кезінде) туындауы мүмкін жағдайларды имитациялайтын оқу тапсырмасының түрі.

Кейс шешімінің **мақсаты** келесі салаларда дағдыларды жетілдіру мен тәжірибе жинақтауда көрінеді:

- 1) проблемаларды анықтау, іріктеу және шешу;
- 2) үлкен көлемді ақпаратпен жұмыс істеу – аталмыш жағдайда сипатталған бөлшектердің мағынасын түйсінуге;
- 3) ақпарат пен аргументтердің талдануы мен жинақталуы;
- 4) болжамдар мен қорытындылармен жұмыс істеу;
- 5) баламаларды бағалау;
- 6) шешім қабылдау;
- 7) басқа адамдарды тыңдау және түсіну – топтық жұмыстың дағдылары.

Кейс-стади технологиясының артықшылықтары:

- проблемалық оқытудың ұстанымдарын қолдану;
- командада жұмыс істеу дағдыларын меңгеру;
- қарапайым жалпылау дағдыларын қалыптастыру;
- презентация жасау дағдыларын қалыптастыру;
- пресс-конференция өткізу, сұрақ қою, жауабын дәлелдеу дағдыларын қалыптастыру;
- білім алушылардың аналитикалық ойлау қабілетін дамыту;
- проблеманы шешудің жүйелі тәсілін қамтамасыз ету;
- дұрыс және бұрыс шешімдерді ұсынуға, қолайлы шешім табу өлшемдерін таңдауға, ұжымдық шешім қабылдауға мүмкіндік береді;

- білім алушыларға берілетін теориялық білім қорын нақты практикалық жағдаймен салыстыру оңайға түседі;
- оқыту жүйесіне жұмбақ, құпия элементтерін енгізеді;
- түсетін болжалды жағдай қатысушылардың ешқайсысының жеке басына қауіп төндірмейді.

Жақсы кейс келесі талаптарды қанағаттандыруы қажет:

- нақты тұжырымдалған мақсатқа сай құрылуы керек;
- қиындық деңгейі де сәйкес болуы керек;
- өмірдің бірнеше аспектісін көрсетуі керек;
- тым тез ескірмеуі керек,
- бүгінгі күні өзекті болуы керек,
- типтік жағдаяттарды көрсету;
- аналитикалық ойлау қабілетін дамытуы керек,
- дискусияға итермелеу керек,
- бірнеше шешімі болуы керек.

Кейсті құрастырудың негізгі кезеңдеріне жатады:

1. Кейстің дидактикалық мақсаттарын қалыптастыру. Бұл кезеңге оқу пәнінің құрамындағы кейстің орнын анықтау, аталмыш жағдайдың пәннің қай бөліміне арналғандығын анықтау, мақсаты мен міндеттерін тұжырымдау, білім алушылардың білімі, білігі мен дағдыларының «жауапкершілік аймағын» анықтау жатады.

2. Проблемалық жағдайды анықтау.

3. Мәтінде жүзеге асырылатын негізгі тезистерден тұратын кейстің бағдарламалық картасын құру.

4. Кейстің бағдарламалық картасының тезистеріне қатысты ақпарат жинау.

5. Жағдай моделін құру немесе таңдау, оның шындыққа сәйкестігін тексеру.

6. Кейс жанрын таңдау.

7. Кейс мәтінін жазу.

8. Кейстің дұрыстығы мен тиімділігін диагностикалау; осы кейстің тиімділігін анықтау үшін қандай да бір сұлба бойынша құрылған әдістемелік оқу экспериментін жүргізу.

9. Кейстің соңғы нұсқасын дайындау.

10. Кейсті оқыту практикасына енгізу, оқу сабақтарын өткізу кезінде қолдану, сондай-ақ оқытушы қоғамдастығына тарату мақсатында оны жариялау.

11. Кейсті қолдану бойынша әдістемелік ұсыныстарды дайындау: білім алушыларға арналған тапсырма мен дискуссия жүргізуге, кейсті презентациялауға қажетті сұрақтарды дайындау, кейсті талқылау кезінде білім алушылар мен оқытушының іс-әрекетін сипаттау.

Кейс құрылымы 3 құрамдас бөліктен тұрады: сюжеттік, ақпараттық және әдістемелік.

Сюжеттік бөлім – дерек көздерін көрсете отырып, аталмыш жағдай дамитын ортаны түсінуге мүмкіндік беретін ақпараты бар жағдайды сипаттау. Кейсте ойдан шығарылған оқиғалар орын алуы мүмкін, бірақ ол барынша нақты жағдайды көрсетуі және бірнеше нақты фактілерді қамтуы тиіс. Бұл жағдайда, нақты және ойдан шығарылған оқиғаларды баяндау олардың арасындағы айырмашылықты жойып жібереді.

Ақпараттық бөлім – оқиғалардың дамуын дұрыс түсінуге мүмкіндік беретін ақпарат:

- проблеманың қысқаша сипаттамасы, бірнеше әртүрлі көзқарасты көрсеткен дұрыс (әртүрлі оқиға қатысушыларының көзімен);

- іс-әрекеттерді немесе әсер ететін факторларды көрсете отырып, жағдайдың дамуының белгілі бір хронологиясы, олардың әсер ету нәтижелерін бағалау қажет;

- проблеманы жою бойынша қабылданған іс-әрекеттер (егер ондай болса), олар қандай нәтижелер берді;

- осы жағдайды шешуге қандай ресурстар бөлінуі мүмкін.

Әдістемелік бөлім – оқу пәні құрамындағы аталмыш кейстің орнын түсіндіреді, білім алушылардың кейсті талдау кезінде тапсырмаларды және оқытушыға арналған нақты жағдайды оқыту бойынша әдістемелік нұсқауларды құрастырады. Әдістемелік нұсқауларда «кейс» авторлары жағдайды авторлық талдау, олардың кілті, сондай-ақ сабақ өткізудің ұсынылатын әдістемесі баяндалатын жағдайларды талдау бойынша нақты ұсыныстар әзірлеуі тиіс.

Сюжеттік және ақпараттық бөліктер салыстырмалы түрде дербес қолданылады (ақпарат қосымшаға енгізілуі мүмкін), сондай-ақ тығыз байланысып та қолданылуы мүмкін. Бірақ кез келген кейсте оның мақсаты мен тапсырмасы нақты тұжырымдалуы тиіс.

Кейсте бейне-, аудиоматериалдар, электрондық тасымалдағыштардағы материалдар немесе басқа да материалдар болуы мүмкін.

Кейспен жұмысты ұйымдастыру бойынша мұғалім мен білім алушының негізгі іс-әрекеттері 12-кестеде көрсетілген.

12-кесте. Кейс әдісі негізінде оқыту кезеңдері

Кезең	Кейстің қатысушысы	
	Педагог	Білім алушы
Кейстің басы		
1	Кейс қалыптастырады, білім алушының дайындығы үшін қажетті материалдарды анықтайды, сабақ сценарийін әзірлейді	Кейс пен оны орындау бойынша ұсыныстар алады, жеке дайындық жүргізеді.
2	Кейсті алдын-ала талқылауды ұйымдастырады	Кейс пен оның міндеттерін түсінуді тереңдететін сұрақтарды анықтайды

	Топты кіші топтарға бөледі, «формалды» модератор- көшбасшыларды тағайындайды	Шешім нұсқаларын әзірлейді, берілген проблеманы шешудегі тәжірибені талдайды
	Кейстің талқылануын үйлестіреді, білім алушыларды қосымша мәліметтермен қамтамасыз етеді	Шешім әзірлеуге және қабылдауға қатысады, тәжірибені жинақтайды және жалпылайды
мен үшін ең бастысы не болды?», «Бұл топқа тағы не айтқым келеді?», «Мен өзім үшін құнды не алдым (жеке немесе кәсіби тұрғыда)?».

Координаттық торлы кестені пайдалану тиімді болады, онда модеративтік сабаққа қатысушылардың барлығы алынған нәтижелермен және ынтымақтастық қатынастарымен қанағаттану дәрежесін белгілейді.

Қатысушылардың алдағы жұмыстардан күтетіндігі көрсетілген І кезеңінде жасалған плакаттарға оралу өте маңызды. Енді авторлардың оларға деген қазіргі көзқарасын, модеративті сабақ нәтижелеріне қанағаттандырырлық/қанағаттандырырлықсыз дәрежесін талқылау, олардың себептерін анықтау маңызды болып табылады.

Модератордың қызметі, оның кәсіби құзыреттілігі модератордың әдістемелік тұрғыдан көмекші, «менеджер-үйлестіруші», адамдар арасындағы іскерлік (кәсіби-тұлғалық, оқу-танымдық) қарым-қатынасты жақсарту саласындағы маман болып табылатындығынан көрінеді.

Модерацияға қатысушыларға арналған ережелер

1-ереже. Модеративті сабақ барысындағы сөздер қысқа болуы керек. Егер біреу регламенттелген уақытты сақтамаса (мысалы, сабақтың басында регламент-1 минут), онда модератор оны сөз сөйлеудің келісілген уақытын көрсете отырып, міндетті түрде бөледі (сөз сөйлеу уақытының аяқталуын көрнекі түрде көрсететін үлкен құм немесе электрондық сағаттардың болуы қажет). Біреуді ренжітпеу үшін оған қосымша бірнеше секунд ішінде қысқа түсініктемелер беруге болады.

2-ереже. Бірнеше қатысушыға бір уақытта сөйлесуге рұқсат етілмейді. Сабақтың басынан бастап «айқай-шу, ұрыс-керіс» және «Шығыс базары» деп аталатындарды алып тастау үшін, модератордың рұқсатымен ғана қолдарын көтеру ниетін көрсете отырып, сөз сөйлеуге болады деп айтылады. Модератор барлығының тең құқылығын сақтауы және сөз сөйлеуге ниет білдірушілердің кезегін бұзбауы тиіс.

3-ереже. Басты идеялар мен ұсыныстар визуализациялануы тиіс.

Сөз сөйлеушілердің басты ойларын визуализациялау (жазбаларды жүзеге асыру, схемаларды, микротаблицаларды құру, қашықтықтағы оқылатын және барлық қатысушылардың көз алдында орналасқан слайдтарды пайдалану) – бұл модератордың негізгі міндеттерінің бірі. Бірнеше сағатқа созылатын талқылау кезінде, оқу сабақтары кезінде модерация бір аптадан кейін де жалғасуы мүмкін. Сондықтан модератор қатысушылардың келісімін алып, сөз сөйлеуді қысқаша қайталап, басты ой жазу керек. Осылайша, түсініспеушілік пен дұрыс емес тұжырымдар алынып тасталады.

Егер модератор визуализацияны қамтамасыз етуге үлгермесе, ол топқа қатысушылардың бірін оған көмек көрсетуді сұрай алады. Кейбір жағдайларда, егер жазбаны қатысушылардың өздері жүзеге асырса, жұмыс нәтижелі болады, бұл пікірлердің ойластығын және олар үшін жауапкершілікті арттырады. Ағымдағы визуализация бір мезгілде талқылау хаттамасының негізі болып табылады.

4-ереже. Модеративті сабақ барысында оның қатысушылары проблеманы талқылаудың негізгі сәттері мен оның шешімдерінің нұсқаларын жазады.

Егер өзекті тақырып (мәселе) талқыланса және мүдделі қатысушылар қызу пікірталасқа түссе, негізгі тақырыптан ауытқымай және талқылау тәртібін қатар сақтау қиын болады. Мұндай жағдайда әр адам өз идеясын карточкаға қысқаша жазуын сұрай алады. Карточкалар содан кейін тақтаға бекітіледі және тыныш талқыланады. Мұндай әдіс кезінде «қызыл жіп» жоғалмайды, бірде-бір дәлел тыс қалмайды. Сондай-ақ осы ереже туралы үзілуге ұсынылмайтын әрбір микротоптардың жұмыс нәтижелерін таныстырар алдында еске салу пайдалы (микротоптардан онда мәселенің қандай да бір аспектісін талқылау аяқталғаннан кейін бір адам сөйлейді, оның «ассистенті» сөз сөйлеу барысында схема тақтасында жасай алады, қорытынды жазып алады; егер талқылау барысында микротоптар компьютер қолданса, онда слайдтарды көрсетуге болады).

Жұмыс барысы кезінде микротоптардың барлық өкілдері, модераторлар, қатысушылар сұрақтар мен ескертулерді өз карточкаларына жазып алып, сол кеңестерді келесі кезеңде пайдалануына болады.

5-ереже. «Жанжал белгілерін» қолдану.

Кез келген талқылауда қарама-қайшы пікірлер бар. Олар жиі ұзақ және өнімсіз пікірталастарға әкеледі. Уақытты үнемдеу және жеке жанжалдардың алдын алу мақсатында арнайы белгілерді, мысалы, «найзағайдың» белгісін барлық қатысушылар келіспейтін пікірлерді белгілеу үшін пайдалану орынды. Сонымен қатар барлық қатысушылар өз пікірін еркін білдіруге мүмкіндік алатын атмосфера құрылады.

Саралап оқыту технологиясы

Саралап оқыту:

- мұғалімнің оқу үдерісі үшін қандай да бір маңызды жалпы қасиеттердің бар екенін ескере отырып құрған білім алушылар тобымен оқу үдерісін ұйымдастыру нысаны (гомогенді топ);
- білім алушылардың түрлі топтары үшін оқу үдерісін мамандандыруды қамтамасыз ететін жалпы дидактикалық жүйенің бір бөлігі.

Саралап оқытудың түрлері

- ішкі саралау. Бір сынып ұжымындағы білім алушыларды зияткерлік даму деңгейі бойынша бөлу. Негізгі мектепте әртүрлі деңгейлеп оқыту (5-сыныптан 9-сыныпқа дейін) тиімді.

- бейінді оқытуға байланысты сыртқы саралау. Бейіндерге бөлу үшін негізі болатындар: білім алушының өзін-өзі анықтауы, мұғалімдердің ұсыныстары, психологиялық диагностика. Бейіндік оқыту (қызығушылық саласы бойынша бөліп) жоғары сыныптарда ұйымдастырылады.

Орта мектепте саралап оқытуды пайдалану мақсаты:

- баланың жеке ерекшеліктері мен қызығушылықтарына сәйкес дамуы үшін оңтайлы жағдай жасау;
- оқу үдерісінің сапасын арттыру;
- сабақ кезінде білім алушылардың артық жүктемесін жою;

- дарынды білім алушыларды анықтау;
- әртүрлі деңгейдегі білім алушылар үшін табысты жағдайлар.

Ұстанымдар:

- білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін есепке алу;
- ақыл-ойы дамуының түрлі деңгейіндегі топтарға арналған оқу материалының вариативтілігі;
- оқу-танымдық әрекеттің вариативтілігі (репродуктивтіден шығармашылыққа дейін);
- білім алушылардың бейімделуі мен дамуына бағдарлау.

Педагогтың рөлі:

- оқытушы әрбір білім алушының ойлауын, есте сақтауын, зейінін дамыту деңгейін диагностикалайды;
- әртүрлі деңгейдегі топтарға білім алушыларды біріктіру үшін критерийлерді анықтайды;
- әрбір топ үшін әртүрлі тапсырмалар әзірлейді;
- білім алушылардың жұмысын жүйелі түрде талдайды және кері байланысты ұйымдастырады.

Білім алушылар үшін артықшылық:

- әр баланы оқыту жеке қарқынмен жүзеге асырылады;
- жұмыс қарқынын арттыра отырып, материалды терең деңгейде меңгеретін жақсы білім алушылардың бейімделуі артады;
- нашар білім алушылар үшін табысқа жетуге жағдай жасалады.

Мұғалім үшін артықшылық:

- жақсы және нашар білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу.

Білім алушылар үшін негізгі қиындықтар:

- топта бірлесіп жұмыс істейтін нашар оқитын білім алушылардың өзін-өзі бағалау деңгейін төмендету. Жарыса оқудың болмауы бұл білім алушылардың дамуын тежейді;
- коммуникативтік құзыреттілікті жетілдіру үшін тапсырмалар жоқ, ауызша сөйлеуге машықтанбайды;
- интеллектуалдық даму деңгейі бойынша саралау білім алушы тұлғаның басқа қасиеттерін ескермейді.

Педагог үшін негізгі қиындықтар:

- дидактикалық материалдардың болмауы;
- түрлі деңгейдегі тапсырмаларды әзірлеуге көп уақыт қажет.

Саралап оқыту сабағының құрылымы:

1. Барлық сыныпқа арналған мақсаттарды бірлесіп қою. Үлгіландыру кезеңі.
 2. Оқылатын материалды өзектендіру. Әр топ үшін әртүрлі деңгейдегі қайталауды ұйымдастыру.
 3. Жаңа білімнің ашылуы. Барлық сынып үшін де, топтар бойынша сараланған түрде де жүзеге асырылады. Білім алушылардың даму деңгейіне байланысты ақпаратты ұсынудың әртүрлі тәсілдері қолданылады:
- проблемалық жағдай,

- әрекет ету алгоритмін құру,
- тірек сызбасын талдау,

- оқытушының қосымша кеңес беру көмегімен немесе өздігінен жаңа материалды оқу.

4. Түрлі деңгейдегі дидактикалық материалдарды қолдану арқылы бекіту. Ақыл-ойы төмен деңгейде дамыған білім алушылар үшін мұғалімнің жеке консультациясы.

5. Тақырып бойынша қорытынды бақылау. Тест немесе өзіндік жұмыс.

6. Рефлексия. Тапсырмалардың орындалуын тексеруді ұйымдастыру (мұғалімнің тексеруі, өзін-өзі тексеру немесе бір-бірін тексеру).

7. Сараланған үй тапсырмасы.

Дидактикалық материалдың деңгейлері

Саралап оқыту технологиясында жаттығу және бақылау жұмыстары үшін тапсырмалар берудің мазмұны мен нысанына көп көңіл бөлінеді. Оқу материалы білім алушылардың интеллектуалдық даму деңгейіне сәйкес іріктеледі. Тапсырмалар қиындықтары мен күрделілігінің өсу принципін ескере отырып беріледі.

А деңгейі. Есте сақтау және қайтадан еске түсіру. Теориялық блокты және тапсырманы орындау бойынша нұсқаулықты толық қамтитын ақпарат беруші карточкаларды пайдалану.

Б деңгейі. Негізгі сұлба, алгоритм бойынша жұмыс. Салыстыруды, өзіндік мысалдарды іріктеуді қамтитын ішінара-іздеу тапсырмалары.

В деңгейі. Бейтаныс жағдайда білімді шығармашылықпен қолдану, проблемалық сұраққа жауап беру. Ақпаратты өз бетінше іздеу және талдау.

Осылайша, оқытудың жеке және жеке және бейінді-бағдарлы технологиясы деп болашақ кәсіби қызметі үшін маңызды жеке тұлғаның қасиеттерін, сондай-ақ білім алушылардың таңдаған мамандығы бойынша функционалдық міндеттерін орындауды қамтамасыз ететін білімдерін, дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыруға ықпал ететін технологияны түсіну керек.

Бұл құралда шағын жинақты мектептің бейіндік сыныптарында жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологиясының моделін жобалау әрекеті ұсынылған, оған мыналар кіреді: Кәсіптік таңдау кезеңінде білім алушылардың пәндік даярлығын ұйымдастыру моделі; бейіндік сынып білім алушыларын оқытуды оқу-әдістемелік құралдарымен қамтамасыз ету; білім алушылардың зияткерлік мүмкіндіктерін және шығармашылық дайындығын қалыптастыру технологиясы және өзін-өзі дамыту; қоғам талаптарын және жеке тұлғаның білім беру сұраныстарын ескеретін білім алушылардың сабақтан тыс қызметін ұйымдастыру; мектеп білім алушыларын кәсіби таңдау кезеңінде өз тағдырын құрушы болуға үйретуді мақсат ететін тұлғаның өзін-өзі белсендендіру құралдарының жүйесі.

Бейіндік сыныптарда оқытудың жеке және бейінді-бағдарлы технологиясының жобаланатын моделі әдістемелік негіз ретінде мыналарды қолданады: дәстүрлі оқыту теориясын, оның негізінде білім алушылардың оқу-

математикалық қызметінің фазалық динамикасы туралы түсінік жатыр; мазмұндық жинақтауды қалыптастыру технологиясы, абстрактіден нақтылыққа көшу негізінде дамытып оқыту теориясын; жеке тұлғалық өсуді, зияткерлік дамуды, әлемнің тұтас бейнесі контекстінде Пәндік білім алуды болжайтын оқытуға тұлғалық-бағдарлы көзқарас; «байытатын модель» білім алушылардың интеллектуалдық дамуын болжайтын, оның когнитивтік, метакогнитивтік және интенциялық бөліктерін байыту арқылы ментальдық тәжірибені өзектендіру және қиындату арқылы мектептегі оқытудың психологиялық бағдарланған моделінің «байытатын моделі»; проблемалық оқыту теориясының проблемалық дәріс, эвристикалық әңгімелесу, білім алушылардың зерттеу қызметі сияқты әдістерін пайдалануды болжайды; оқу-математикалық қызметті жергілікті, жүйелік, жүйеаралық және пәнаралық қауымдастықтарды жинақтау және меңгеру үдерісі ретінде қарастыратын рефлекторлы-ассоциативті теорияны; оқу ақпаратын меңгерудің төрт деңгейін қалыптастыруды көздейтін оқытудың деңгейлік теориясын: тану, репродуктивті әрекет, өнімді әрекет, шығармашылық.

Пәнді оқытудың жеке және бейінді-бағытталған технологиясының тиімділігін келесі критерийлер бойынша тексеруге болады: бітірушінің кәсіби ойлауы мен өнімділігінің осындай деңгейін дамыту, алдағы кәсіби міндеттерді өз бетінше тұжырымдау, олардың өнімді шешімін қамтамасыз ететін ақпарат көздерін іздеу, қандай да бір шешімдерді іске асырудан болатын салдарды болжау, ізделіп отырған нәтижелерге қол жеткізу стратегиясын құру. Өзінің мамандандырылған педагогикалық диагностикасын пайдалана отырып, ұстаздарға келесі талаптар бойынша ескеруі қажет:

Бейіндік оқыту және әлеуетті кәсіби өзін-өзі анықтау кезінде арнайы диагностиканы қолданған жөн. Бұл диагностика оқыту технологияларын, сондай-ақ оқыту тәсілдерін және техникаларын таңдау үшін база болып табылады.

Оқытушының тиімді кәсіби қызметін жүзеге асыру үшін білім алушылардың тыныс-тіршілігінің әртүрлі жақтарына қатысты нақты ақпарат қажет. Психологиялық диагностика (психодиагностика) психологиялық талдауға болатын тұлғаның жеке-психологиялық қасиеттерін анықтау үдерісі болып табылады. Осы диагностиканың мақсаты тұлғаның психологиялық ерекшеліктерінің өзекті жай-күйі, олардың одан әрі дамуын болжау туралы қорытынды ретінде психологиялық диагноз қою болып табылады.

Педагогтың психологиялық диагноз қоймайтынын ерекше атап өткен жөн, бірақ ол тірек психодиагностикалық белгілер ретінде білім алушылардың келесі тәуекел факторларын анықтай алады: инфантильділікті сақтау, жағдайға шектен тыс тәуелділік, қиындықтарға, әлсіз байлыққа күтім жасауға бейімділік, өзін-өзі бақылау мен эмоциялық және мінез-құлықтық реакциялардың өздігінен реттелуінің болмауы тұлғалық дамудың негізгі алғышарттарының қалыптаспауының белгілері ретінде; инфантильділіктің үлкен қоздырғыштықпен, аффективтілікпен үйлесуі, ол адамның мінез-құлқының басқарылмауына әкеп соқтырады; жоғары агрессивтілік және жанжал.

Әлеуметтік диагностика себеп-салдар байланыстарын және оқу тобындағы, студенттік немесе ғылыми-зерттеу, шығармашылық ұжымдағы өзара қарым-қатынасты анықтау мен зерделеудің кешенді үдерісі; осы объектілерді сипаттайтын адамгершілік-психологиялық, мәдени-құқықтық, медициналық-биологиялық және санитарлық-экологиялық жай-күй ерекшеліктерін анықтау болып табылады. Бұл диагностиканың мақсаты әлеуметтік диагноз қою, яғни зерттелетін объектінің әлеуметтік денсаулығы, әлеуметтік әл-ауқаты туралы ғылыми негізделген қорытынды болып табылады.

Педагогикалық диагностика білім алушының тұлғасын, тұтас педагогикалық үдерісте жеке және сараланған тәсілдің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында білім алушы ұжымының ерекшеліктерін зерттеу болып табылады.

Жеке тұлғаны зерттеу кемшіліктерді анықтауға ғана емес, жеке тұлғаның резервін, оның ашылмаған мүмкіндіктерін іздеуге, әртүрлі қызмет түрлерінде (оқу, шығармашылық, зерттеу, спорттық және т. б.) білім алушының әлеуетін анықтауға бағытталуы тиіс.); педагогикалық диагностика өзін-өзі бағалау емес, ынталандыру сипатында болуы тиіс; білім алушының тұлғасын зерделеуді іс-әрекеттің және қарым-қатынастың нақты түрлері үдерісінде жүзеге асыру қажет; білім алушының жеке басы дербес емес, әлеуметтік қатынастар контексінде оқытылады; педагогикалық диагностика деректері білім алушының өзіне қарсы бағытталмауы тиіс; бір диагностикалық әдіс негізінде ғана білім алушының жеке басының ерекшеліктері туралы қорытынды жасауға болмайды; білім алушының даму тұлғасын зерделеу және оның жетістіктерін басқа білім алушылардың жетістіктерімен ғана емес, ең алдымен оның алдыңғы көрсеткіштерімен салыстыру қажет.

Әлеуметтік-педагогикалық диагностика білім алушының тұлғасына әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, конфессиялық және басқа да факторлардың әсері туралы ақпарат жинайтын арнайы ұйымдастырылған таным үдерісі болып табылады.

Мазмұны мен түпкі мақсаты бойынша бұл диагностика педагогикалық болып табылады, ал өткізу әдістемесі бойынша психологиялық және әлеуметтік зерттеулермен көп ортақ.

Әлеуметтік-педагогикалық диагностикада тәрбиелік микросоциумның әлеуметтік-психологиялық сипаттамалары танылады: тұтас кәсіптік-білім беру процесінің тәрбиелік әлеуеті анықталады, сондай-ақ әртүрлі әлеуметтік-коммуникациялық өзара іс-қимыл нәтижесінде дамитын білім алушы тұлғасының жеке-психологиялық сипаттамалары анықталады.

Жалпы класты және әрбір балаға диагностикалық зерттеулер жүргізу нәтижесінде алынған барлық деректер білім алушылардың (ата-аналармен және педагогтармен бірге) оқу бейінін, сондай-ақ әлеуетті кәсіби өзін-өзі анықтауын таңдауда баға жетпес көмек көрсете алады.

3. ШЖМ-да болашақ мамандыққа бағытталған оқыту үдерісін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар

«Кім боламын?» деген сұрақ өмірлік маңызды мәселе. Оған жауап адамның алдағы бүкіл өміріне әсер етеді. Дұрыс бағытты таңдау, әсіресе мектепті бітірген жастар үшін мамандықтар әлеміндегі өз орнын табу қиын. Ол қоғам үшін маңызды, оның қажеттіліктері мен мүдделеріне жауап беретін мамандықты таңдауы керек. Жас жігіт немесе қыз балаға өмірде өз орнын табуға көмектесетін кәсіби бағдар болып табылады.

Кәсіби бағдар – өскелең ұрпақтың жеке қабілеттеріне, қоғамның қажеттілігіне және қандай да бір мамандыққа жарамдылығына сәйкес кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін қалыптастыру мақсатында жүргізілетін жұмыс. Осыған орай, кәсіби бағдарлау әдістері бойынша педагогикалық, мазмұны бойынша әлеуметтік, нәтижелері бойынша экономикалық, жұмысты ұйымдастыру жағынан мемлекеттік деген қорытынды жасауға болады.

Ауылда тұратын білім алушылармен кәсіби жұмыс орталығы олар өмір сүріп, жұмыс істейтін қоғамдық жағдайларды барынша ескере отырып, жас ұрпақты оқытатын және тәрбиелейтін жалпы білім беретін орта мектеп болып табылады. Мектепте мамандықты саналы түрде таңдау үшін жағдай жасау, оларды ғылым негіздерін оқу кезінде алған білім негізінде өндірістің техникасы мен технологиясымен таныстыру қажет. Кәсіби бағдар бойынша жұмыс нәтижесінде білім алушылар кәсіптер әлемімен танысады. Ауылдық шағын жинақты мектепте кәсіптік бағдар беру білім алушылардың мектепті бітіруімен байланысты жекелеген іс-шаралардың сомасы ретінде емес, барлық оқу-тәрбие жұмысының органикалық құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Жалпы ол жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру үдерісімен, білім алушыларды өмірге, еңбекке дайындаумен тығыз байланысты және мектепте оқу барысында толық жүзеге асырылады.

Мектептегі кәсіптік бағдар жұмысының мазмұны мыналарды қамтиды:

- әртүрлі мамандыққа қызығушылықты тәрбиелеу;
- білім алушыларды халық шаруашылығының әртүрлі салаларымен таныстыру;
- ең көп таралған мамандықтармен кеңінен таныстыру;
- білім алушыларды жан-жақты зерттеу, олардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін, сондай-ақ физикалық және психологиялық мүмкіндіктерін анықтау, зерделеу және дамыту;
- оқытудың бейіндік бағытын күшейту;
- білім алушыларды нақты мамандықтардың жалпы білім беретін пәндердің білім көлеміне, біліктері мен дағдыларына қоятын талаптармен, сонымен қатар болашақ мамандардың жұмыс сипатымен таныстыру;
- мамандықтарға қатысты білім алушыларға кеңес беру, тиісті мамандықтарды меңгеруге болатын оқу орындары туралы ақпарат беру;
- мектеп білім алушысына өзінің бейімділігіне сәйкес еңбек қызметінің нақты түріне қатысты өз қабілеттері мен қасиеттерін бағалауда көмек көрсету;

- саналы түрде мамандық таңдауда белсенділік танытуды қалыптастыру;
- мектеп түлектерінің кәсіпорында бейімделуіне, педагогикалық әсер ету әдістерінің тиімділігіне талдау жасау.

Кәсіби бағдар – көп деңгейлі міндет. Оның құрылымындағы келесі элементтерді бөліп көрсетуге болады:

- 1) кәсіптік ағарту;
- 2) кәсіптік тәрбие;
- 3) кәсіптік диагностика;
- 4) кәсіптік кеңес;
- 5) бейіндік оқыту мектепте кәсіби бағытталған оқытудың негізі ретінде.

Бұл құрамдас бөліктер кәсіби бағдар жүйесін құрайды.

Мектеп білім алушыларын кәсіби бағдарлау бойынша негізгі жұмысты сынып жетекшісі, бейіндік пәндер мұғалімдері жүргізеді.

Жоғары сыныптарда білім алушылар мен олардың ата-аналарына сауалнама жүргізіледі, қаланың, ауданның, облыстың оқу орындарында алуға болатын мамандықтар туралы ақпарат беріледі.

Мектеп білім алушылары үлкен өмірге аттанғалы тұрғанда, «Кім болам?» деген мәселені шешуге жақын келгенде бітіруші 11-сыныпта кәсіби бағдар бойынша жұмыс қарқынды ұйымдастырылады.

Әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу үшін біз республика ШЖМ-дағы бейіндік-бағдарлы оқытудың жай-күйіне талдау жасадық.

Зерттеу ҚР көптеген аймақтарында жүргізілді.

Көп жағдайда білім алушылармен жұмыс белгілі бір үлгі бойынша құрылады:

- психологиялық диагностикалау мен кеңес беру;
- кәсіби бағыттылықты анықтау үшін тестілеу;
- жұмысқа орналастырудың практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған іскерлік ойындар;
 - өзін-өзі тану сабақтарында психология, коммуникация негіздерін оқыту;
 - кәсіпорындарға экскурсия;
 - жоғары сынып білім алушыларының қабілеттерін зерттеу.

Білім алушылар мен олардың ата-аналарының қалауын анықтау мақсатында мектепте 9-сыныпта мектеп педагог-психологы білім алушылар мен ата-аналарға сауалнама жүргізеді.

Сауалнамалардың мысалдары төменде келтірілген.

Білім алушылар үшін сауалнама

Аты-жөні, тегі, _____

Сынып _____

Жылы _____

1. Сіз үшін ең тартымды 10 мамандық атаңыз, оларды маңыздылығы бойынша орналастырыңыз:

1/. _____

2/. _____ т.с.с.

2. Сіз кім болғыңыз келеді? Сіз қандай мамандықты таңдадыңыз?

3. Сіздің болашақ мамандығыңыздың артықшылығын атаңыз:

4. Сіздің болашақ мамандығының кемшіліктерін атаңыз:

5. Сіз таңдаған мамандықты игеру үшін қажетті қасиеттерді атаңыз:

6. Сүйікті мамандығыңызды алуға кедергі келтіретін қасиеттерді атаңыз: _____

7. Болашақ мамандықты таңдауға кім және не әсер етеді:

- ата-аналар

- туыстары

- педагогтар

- достар

- таныстар

- кітаптар

- фильмдер

- өмірлік жағдайлар

- қабілеттер

8. Сіздің ата-анаңыз сіз таңдаған мамандыққа қалай қарайды?

Ата-аналар үшін сауалнама

Аты-жөні, тегі, _____

1. Сіз өз ұлыңызбен /қызыңызбен/ мамандықты таңдау мәселесін талқыладыңыз ба? _____

2. Сіздің ұлыңыз/қызыңыз қандай мамандықты таңдағысы келеді?

3. Сіз оған қандай кеңес бересіз? _____

4. Таңдалған мамандыққа сіздің көзқарасыңыз бен мүдделеріңіз сәйкес келе ме? _____

5. Балаңыздың мамандық таңдауына Сіздің негізгі дәлеліңіз қандай? _____

6. Егер балаңыз болашақ мамандықты өзі таңдауын талап етсе, сіз оған қарсы боласыз ба? _____

7. Сіз өз кәсібіңізге ризасыз ба? Неліктен? _____

8. Сіздің кәсіби таңдауыңызға не әсер етті? _____

9. Сіздің кәсібіңізде не қызықты? _____

10. Өз мамандығының қандай кемшіліктерін атай аласыз?

11. Өмірді қайтадан бастау мүмкіндігі болса, сіз мамандығыңызды өзгертесіз бе, жоқ па? _____

12. Сіздің ұлыңыз/қызыңыз сіздің мамандығыңызды жалғастырғанын қалайсыз ба? Неліктен? _____

Бұл сауалнамалар мектеп бітірушілердің неге қызығатынын, оларды қандай мамандықтарға тартатынын, таңдаған мамандығының артықшылықтары мен кемшіліктері, олардың таңдауына кім әсер еткенін анықтауға мүмкіндік береді.

Ата-аналардың сауалнама деректері осы мәселе бойынша өз балаларының мамандық таңдауына немқұрайлы қарай алмайтын ата-аналардың көзқарасын анықтауға көмектеседі.

«Болашақ ойыны»

Сауалнама

1. Сен таңдаған жолда жетістікке жететінің қанша пайыз сенімдісің? _____
2. Өмірде не істеу керектігін кім айтады? _____
3. Қандай жалақы алғың келеді? _____
4. Саған ең көп ұнайтын мамандық, лауазым, атақтарды ата? _____
5. Өз денсаулығыңды 10 балдық шкала бойынша бағала _____
6. Егер жоғары оқу орнына түспесең – бұл өте қорқынышты жағдай ма? _____
7. Мектеп сені табысты өмір сүруге дайындады ма? _____
8. Мектеп бітіргеннен кейін сыныптастарыңмен жиі кездесесің бе? _____
9. Егер сен өз фирманды ашсаң, өз сыныптастарыңның қайсысын жұмысқа және қандай лауазымға шақырар едің? _____
10. Өзіңнің 10 негізгі іскерлігіңді жазыңыз: _____
11. Паракты екіге бөліп, өзің барлық негізгі жақсы қасиеттеріңді сол жаққа, ал оң жаққа – өз кемшіліктеріңді жаз.
12. Өзіңнің портретіңді сөзбен жаз, сыныптан өзің толық сенетін бір адамды таңдап ал да, оған да өзіңнің портретіңді сөзбен жазғыз.

Бұл жұмыс түрлерін мектеп педагогтары жиі қолданады

Жүргізілетін жұмыстың бірінші бөлігі бейіналды дайындықпен байланысты. Бұл кәсіби бағытты таңдауға байланысты өткізілетін кездесу, әңгіме, экскурсия, сондай-ақ диагностика сияқты іс-шаралар.

Көптеген мектептер кәсіби бағдар беру жұмыстары бойынша жүйелі шаралар өткізеді.

Мамандық таңдауына 10-11-сынып білім алушыларының әртүрлі мамандық өкілдерімен кездесулері айтарлықтай әсер етеді.

Аймақтарда ШЖМ-да болашақ мамандыққа бағдарлап оқыту үдерісін ШЖМ-ны дамытудың аймақтық орталықтары ҚР БҒМ 17.09.2013 ж. № 375 бұйрығының 18-тармағына сәйкес үйлестіреді (Г қосымшасы).

Мысалы, *Ақмола облысы* Білім беру басқармасының ақпараты бойынша, оқу жылы бойы мектеп білім алушыларымен «Мен өзімнің болашақ

мамандығымның пайдасы мен маңыздылығын білемін», «Мамандықты таңдау – күрделі және жауапты міндет», «Мамандықтың жаманы жоқ» және т. б. тақырыптарда дөңгелек үстел басында кездесулер ұйымдастырылды. Бұл іс-шаралардың мақсаты – білім алушылардың мамандық әлемі туралы ой-өрісін кеңейту, болашақ мамандыққа деген қызығушылығын дамыту, білім алушыларды мамандық таңдауға дайындау, еңбекке деген құрметке тәрбиелеу.

Мысалы, Степногорск қаласында мектеп білім алушыларымен дөңгелек үстел басында кездесулер ұйымдастырылып, өткізілді:

- 2017 жылы 16 қазанда Мектепаралық оқу-өндірістік комбинаты, «Шағын бизнес кәсіпкері» бейіндегі білім алушылар ЖК қызметкері О.С.Волосниковамен кездесу өтті. Дөңгелек үстел барысында білім алушылар «Аспаз», «Технолог» мамандықтары, кәсіпкерлік қызметтің ерекшеліктері туралы көп жана әрі қызықты мәліметтер алды;

- 2017 ж. 24 қарашада Қарабұлақ ауылының орта мектебі «Мамандық таңдау – күрделі және жауапты міндет», 11-сынып білім алушыларымен;

- 2017 ж. 11 желтоқсанда Ақсу кентінің негізгі мектебі, ПБ қызметкерлерінің қатысуымен дөңгелек үстел;

- 2018 ж. 16 қаңтарда Қырық құдық орта мектебінің 11-сынып білім алушыларымен «Менің болашақ мамандығым – менің тағдырым»;

- 2018 ж. 4 сәуірде Степногорск ауылы орта мектебінің 11-сынып білім алушыларымен «Мамандықтың жаманы жоқ»;

- 2018 ж. 16 сәуірде Изабелдік ауылы орта мектебінің 9-сынып білім алушыларымен «Мен болашақ мамандығымның пайдасы мен маңыздылығын білемін».

10-11 сынып білім алушыларының жұмыспен қамту орталығы, әкімшілік, кәсіпкерлер палатасы мамандарымен кездесуі (80 адам қамтылды).

Білім алушылармен әңгіме, пікірталастар, диспут, тренингтер өткізіледі. Аталған іс-шараларға 936 адам қатысты. «Еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар», «Қазақстанның заманауи мамандықтары», «10-топ мамандық» және т. б. тақырыптар бойынша бейне-дәрістер.

10-11-сынып білім алушылары облыстың, қаланың жоғары оқу орындары мен колледж өкілдерімен, оқу орындарының студенттерімен кәсіптік бағдар беру кездесулері (800-ден астам адам қамтылды) өткізіледі. Білім алушыларға арналған ашық есік күндері (120 адам қамтылды) ұйымдастырылады.

«Ашық есік күні» сияқты іс-шараны өткізу дәстүрге айналды. Іс-шараның мақсаты – білім алушылардың өзін-өзі анықтауы үшін әртүрлі мамандықтар туралы түсініктерін қалыптастыру.

Кездесу кезінде балалар мен олардың сынып жетекшілері сұранысқа ие мамандықтар туралы роликтерді қарайды, МОӨК-ның барлық бейіндеріне, колледж мамандықтарына барады, мастер-кластарға қатысады, тестілеуден өтеді. Сонымен қатар қала кәсіпорындарында ұйымдастырылған ашық есік күндері де қызықты өтеді.

Кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырудың бір түрі экскурсия болып табылады (649 адам қамтылды).

Кәсіби білім берудің ең тиімді түрі – бұл кәсіби бағдар беру экскурсиясы. Ол қысқа мерзімде тікелей бақылау арқылы білім алушыларға таңдалған мамандықпен танысуға мүмкіндік береді. Мәселен, 2018 жылдың 22 қыркүйегінде 1-5 сынып білім алушылары мен ата-аналары Халықаралық «Роботтар балына» - Астанадағы Нұрәлем павильонындағы сиқырлы кеңістікке саяхат жасап, ашық сабақтарға қатысты. Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу үшін педагогтар әртүрлі конкурстар, конференциялар, фестивальдар, жобаларды қорғау, викториналар, суреттер көрмесі, кітап көрмелерін ұйымдастыру сияқты іс-шараларды да таңдайды (429 адам қамтылды).

Кәсіби өзін-өзі анықтау проблемасын шешу тәсілдерінің бірі кәсіби сынақтарды ұйымдастыру және өткізу болып табылады, онда балалар мамандық туралы оған терең бойлау арқылы білуге мүмкіндік алады.

Кәсіптік бағдар берудің басты міндеті – білім алушылармен топтық және жеке жұмыстың әртүрлі түрлерін пайдалану арқылы оларды кәсіп таңдаудың әлеуметтік және жеке маңыздылығын түсінуге, олардың кәсіби өзін-өзі анықтаудағы өз белсенділігін көрсетуге ынталандыру. Оқу жылы бойы балалардың қызығушылығын, қабілеттерін және бейімділігін, кәсіби өзін анықтауға дайындық дәрежесін анықтау бойынша жұмыстар жүргізіледі. Бұл әңгімелесу, іскерлік және рөлдік ойындар, кәсіби диагностика, әртүрлі тестілеу (Г.В. Резапкинаның әдістемесі, Беннеттің тестері, Е.Климовтың диагностикалық сауалнамасы, «Қызығу картасы», «Темперамент және мамандық таңдау» және т. б.)

Ата-аналармен жұмыс жүргізіледі (587 адам қамтылды). Ата-аналар жиналысын өткізу кезінде білім алушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуынан басқа кәсіптік бағдар мәселелері талқыланады. Оқу жылы бойы ата-аналарды орта кәсіптік және жоғары білім беру мекемелері мен кәсіпорындарында экскурсиялар өткізуге қатыстырады, оқу пәндері бойынша бейінді курстарды таңдау, балалардың болашақ мамандығын таңдау мәселелері бойынша ата-аналармен жеке консультациялар өткізіледі.

Қостанай облысы Білім беру басқармасының ақпараты бойынша, мектептердегі кәсіптік бағдар беру жұмыстарының нысандары сынып сағаттары («2018 жылғы қажетті мамандықтар», «Өз жолыңды таңда», «Менің болашақ мамандығым», «Өз жолымызды өзіміз таңдаймыз»), «Мамандықтар калейдоскобы» постерлер конкурсы, «Кәсіптер әлемінде» эссе; кәсіпкерлер палатасы мүшелерінің қатысуымен 11-сынып білім алушыларының «Кәсіби жетістік формуласы «Диалогтық алаңдары»; «Кәсіптік қызмет және адамның әлеуметтік мәртебесі», 9, 10-сынып білім алушылары үшін «Жасөспірімдердің еңбек құқықтары» диалогтық алаң; «Мен және менің болашақ мамандығым» тестілеу; «Адамның өмірлік қиындықтары», «Адам туралы айт» тренингтік сабақтары, 9, 11-сынып білім алушыларының топтық диагностикасы «Мен қалаймын...»; «Профессиомания»; «Кәсіби сана»; «Сіз дұрыс мамандықты таңдадыңыз ба?» тестілеу; «Мамандық және мен ол туралы не білемін» тестілеу; 9, 11 сынып білім алушыларымен «Мамандықтар аукцион», «Болашақ мамандықтар және оқуды одан әрі таңдау» тренингі; оқу орындарына

бару, ЖОО және ООО өкілдерімен кездесу. Есеп беру кезеңінде педагогикалық кеңестерде білім алушылардың танымдық мәдениетін арттыру факторы ретінде кәсіптік оқыту мәселелері қарастырылды. Мектепте үйірме жұмысы жүргізілді. Ауданның барлық мектептерінде «Қайда оқуға баруға болады» кәсіптік бағдар бұрыштары ресімделді, онда түлектер мен ата-аналар үшін Қазақстан Республикасының колледждері, ЖОО туралы материалдар орналастырылды.

Аудан мектептерінің кітапханашылары білім алушыларға кәсіби тәрбие беру бойынша «Кәсіптік бағдар – болашақ мамандығын таңдау», «Қайда баруға болады» атты тақырыптық сөрелерді безендірді.

Облыстың білім беру мекемелерімен танысу мақсатында соңғы жылдары облыстың жоғары оқу орындары мен орта оқу орындары өкілдерінің қатысуымен іс-шаралар өткізу бойынша жұмыстар жолға қойылды: 2017 жылдың басынан бастап 3 «Кәсіптер әлемі» форумы өткізілді, оған облыс мектептерінің түлектері қатысты. Облыс мектептерінің базасында ауыл шаруашылық колледжінің өкілдерімен, Қостанай автомобиль көлігі колледжінің, Қостанай политехникалық колледжінің, Қостанай әлеуметтік-техникалық колледжінің, Қостанай экономикалық колледжінің өкілдерімен кездесулер өткізілді.

Ауылда беделді саналатын мамандықтарға қызығушылықты дамыту мақсатында шаруа қожалықтарына және шаруа қожалығының наубайханаларына экскурсия ұйымдастырылды.

Ақтөбе облысы Білім беру департаментінің ақпараты бойынша, облыстың шағын жинақты мектептерінде психологтар 10-11-сынып білім алушыларына кәсіби жолды таңдауға көмек көрсетеді, сабақтан тыс уақытта «Мамандықты таңдау құпиясы», «Бүгінгі елдің түлегі – ертеңгі күннің тірегі», «Менің болашақ мамандығым», «Менің таңдауым», «Өзіңді іздеу», «Мен таңдаған мамандық», «Кәсіптің құпиясы неде?», «Мамандықты таңдауда қателесуге болмайды» және т.б. тақырыптарда сынып сағаттары өткізіледі. Әртүрлі сыныптан тыс іс-шаралар өткізіледі: сахналық қойылымдар, оқу лекциялары, «Еңбек-бәрінен артық» конференциясы, «ҰБТ-ны өте жақсы тапсырамыз!». Жоғары сынып білім алушыларымен кеңестер жүргізіліп, мұғалімдерге, сынып жетекшілеріне жадынамалар таратылып, жоғары сынып білім алушыларының ата-аналарына қажетті мамандықтар туралы мәлімет берілді. Сондай-ақ, мектеп дәліздерінде ақпараттық және уәждемелік материал ретінде кәсіпті таңдауға бағытталған «Мамандықты таңдау сенің қолыңда», «Түлектер тақтасы», «Әскери оқу орындары» және т.б. стендтер жабдықталған.

Мектеп – бұл білім алушылардың кәсіптік бағдар жұмысын ұйымдастыратын және үйлестіретін орталық. Мектепте кездесулер, пікірталастар өткізіледі, жоғары оқу орындарының, орта кәсіптік-техникалық колледждердің мамандарымен кәсіптік бағдар бойынша жұмыстар үйлестіріледі.

Облыс бойынша 11-сынып білім алушыларының кәсіптік диагностикасы Е.А. Климовтың «Қызығу картасы» әдістемесін, Г.В. Резапкиннің кәсіби бейімділіктерінің сауалнамасы және т.б. Диагностика нәтижесінің

қорытындысы бойынша білім алушылардың көпшілігі жаратылыстану-математика бағытының пәндерін оқытуға бейімді. Сонымен қатар 11-сынып білім алушылары арасында «Сізді қандай мамандық қызықтырады» атты сауалнама жүргізілді.

11-сыныптардың тестілеу нәтижелері бойынша «KASIP TEST» электронды порталы арқылы білім алушылар жаратылыстану-математикалық бағыттағы физика, биология, математика, география пәндерді таңдады.

Жоғары сынып білім алушыларының кәсіби бағдарын анықтау мақсатында кәсіпкерлермен, Дон тау-кен байыту комбинатының жұмысшыларымен, медицина, ауыл қызметкерлерімен және т.б. мамандармен кездесулер мен дөңгелек үстелдер өткізіледі. Сонымен қатар аудандық төтенше жағдайлар бөліміне, медициналық қызмет көрсету орталықтарына және т. б. экскурсиялар өткізіледі.

Жоғарыда аталған іс-шаралардан басқа мектептерде білім алушылардың кәсіптік бағдарына бағытталған әртүрлі экскурсиялар, пәндік сабақтар, тақырыптық кештер, техникалық үйірмелер өткізіледі.

Аудандық қорғаныс бөлімінің Хромтау тау-кен-техникалық колледжінің, «ҚазТрансГаз» Орал филиалының, Бадамша агротехникалық колледжінің және Никельтау темір жол станциясының өкілдері Ақтөбе облысының шағын жинақты мектептерінде 10-11-сынып білім алушылары арасында кәсіптік бағдар беру мақсатында ағарту жұмыстарын жүргізуде.

Білім беру бөлімімен кәсіптік бағдар беру жұмысы мақсатында жыл бойы түрлі іс-шаралар жоспарланып отыр. Жыл сайын колледждерде «Ашық есік» күні өткізіледі, Ақтөбе өңірінде Қ. Жұбанов атындағы мемлекеттік университеті мен М. Оспанова атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті және басқа да жоғары оқу орындарының өкілдерімен кездесулер мен пікірталастар өткізіледі.

Батыс Қазақстан облысы Білім беру департаментінің ақпараты бойынша, соңғы 3 жылда мектеп түлектері техникалық және медициналық мамандықтарға көңіл бөледі.

Облыста кәсіптік бағдар беру жұмыстарына және өз аймақтарында бітірушілерді оқытуды жалғастыруға көңіл бөлінеді. Мектеп түлектері мен жастарды ерте кәсіптік бағдар беруге бағытталған жұмыс аясында кәсіптік бағдар беру жұмыстарының кестесіне сәйкес, облыстың Кәсіпкерлер палатасымен бірге өндірістік кәсіпорындар мен жеке шаруашылықтарға экскурсия ұйымдастырылды. Атап айтқанда, кәсіптік бағдар бойынша 147 іс-шара 5520 білім алушыны қамтыды. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Жоғары оқу орындары: Назарбаев Университеті және облыстың жоғары оқу орындары өкілдерімен кездесулер, Ашық есік күндері ұйымдастырылды. Білім алушыларға өз аймағының мамандықтары туралы жүйелі ақпарат беріледі, республикада мамандардың қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында ағарту жұмыстары жүргізіледі. Болашақ мамандықты саналы таңдау үшін жағдай жасау мақсатында 9-11 сынып білім алушылары «Түлектер тақтасы» жобасымен танысты, 183 мектепте стендтер безендірілді. Барлық

аудан және қала орталықтарында орналасқан колледждер базасында «Кәсіптік бағдар беру күні» ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «KASIP TEST» бағдарламасы бойынша 4610 білім алушы онлайн-диагностикадан өтті.

Шығыс Қазақстан облысы Білім беру департаментінің ақпараты бойынша, 10 – 11 сынып білім алушылары үшін оқу жоспарының вариативті бөлігінен «Кәсіптік оқыту» таңдау курсы өткізіледі. Білім алушыларды кәсіптік бағдар бойынша жұмыстар тәрбие жұмысы жоспарының міндетті бөлігі болып табылады. 2018 жылдың қазан айында үгіт тобы С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 9–11 сынып білім алушыларымен кездесу өткізді, онда ЖОО мамандықтары туралы айтылды. Қараша айында 11-сыныпта «Менің сүйікті мамандығым», «Кім боламын?», «Барлық мамандықтар жақсы» атты байқау өтті; желтоқсан айында 9 –11 сынып білім алушыларымен «Заманауи мамандықтар», «Студенттермен кездесу», «Мен мамандықты таңдаймын» тақырыбында пікірталас өтті.

Мектеп кітапханаларында көрмелер өткізіледі, кәсіптік бағдар тақырыбындағы стендтер көрсетіледі. Бейіндік және бейіналды оқытуға бағытталған факультативтер мен арнайы курстарды мамандар жүргізеді; білім алушылардың оларға қызығушылығы жоғары. Жыл бойы жоғары оқу орындарынан, колледждерден кәсіптік бағдар беру топтары құрылып, білім алушыларға газеттер, бюллетеньдер таратады, арнайы бейнероликтер көрсетеді. Аудан мектептері С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Семей педагогикалық институты, Жол-құрылыс институты сияқты оқу орындарымен бірге жұмыс істейді. Ауылда ауылдық кәсіпкерлермен, шаруа қожалықтарымен, фельдшерлік-акушерлік пункттің фельдшерлерімен кездесулер өткізілді.

Білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, оқу жоспары негізінде жыл сайын арнайы факультатив, вариативті сағат есебінен үйірме жұмыстары жүргізіледі. Атап айтқанда, жоспарға сәйкес жыл бойы «Тіл білгірі», «Жас қалам», «Математика сырлары», «Ағылшын тілінің қыры-сыры», «Тіл тағлымы», «Ғажайып физика» және т.б. өткізіледі.

Сонымен қатар түрлі сынып сағаттары, тренингтер, сауалнамалар, тест жұмыстары, «Бүгінгі мектеп түлегі – ертеңгі елдің тірегі» тақырыбында студенттермен, жоғары оқу орындарының өкілдерімен кездесулер өткізіліп, үгіт-ағарту жұмыстары жүргізілуде.

2018-2019 оқу жылында 11-сынып білім алушылары өзінің кәсіби қалауының дұрыстығын анықтай отырып, кәсіптік бағдар беру онлайн-тестілеуге қатысты.

Жамбыл облысы Білім беру департаментінің ақпараты бойынша, облыстың барлық негізгі және орта шағын жинақты мектептерінің жұмыс оқу жоспарларына білім алушы компоненттері енгізілуде, олар «Кәсіптер әлемінде», «Кәсіп және мен», «Кәсіптер кеңістігі» бейінді курстарда өткізіледі.

Жамбыл облысының мұғалімдері 10-11-сынып білім алушыларын бейінді оқыту мазмұнының вариативті компонентін іске асыратын қолданбалы курстар

бағдарламаларын әзірлейді, содан кейін аймақтық ғылыми-әдістемелік кеңестің сараптамасынан өтеді.

Өңірде 2008 жылдан бастап «Мектеп-колледж-жоғары оқу орны» жүйесінде білім алушылардың кәсіптік-бағдарлы білім беру мазмұнының сабақтастық моделін негіздеу бойынша жұмыс жүргізілді; бүгінгі таңда бұл жүйе кеңінен енгізілген.

Бейіндік оқытуда интерактивті, инновациялық, жобалау-зерттеу технологияларын және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану ұсынылады: желілік бейінді оқыту. Бұл нұсқа Жамбыл облысында кеңінен жүзеге асырылуда.

Бұл нұсқада бірнеше жалпы білім беретін оқу орындары желіге біріктіріледі және осылайша оқу-әдістемелік, кадрлық және материалдық ресурстармен неғұрлым жабдықталған оқу орындары болады.

Оқу орны білім беру жүйесінде жүзеге асырылатын білім мазмұнының механизмі тізімін мен өз бетінше анықтайды, таңдау үшін оқу материалдарымен қамтамасыз ету мүмкіндігі туындайды, атап айтқанда базалық мазмұндағы бейіндеуші жалпы білім беретін пәндер үшін, бейіндеуші жалпы білім беретін пәндер немесе таңдау бойынша міндетті пәндер үшін.

Солтүстік Қазақстан облысы Білім беру департаментінің ақпараты бойынша, білім алушылар арасында кәсіптік бағдар бойынша диагностиканы жыл сайын мектеп психологтары өткізеді. Жыл сайын ақпан-наурыз айларында 9-сынып білім алушылары арасында кәсіп түрі анықталатын бейімділік пен қызығушылықты анықтау бойынша сауалнама жүргізіледі.

2018 жылдың 28 қарашасы мен 8 желтоқсанында «EDTECH-KZ халықаралық білім беру орталығы» ЖШС KASIP TEST-тің кәсіптік бағдарлаудың кешенді жүйесін пайдалана отырып, облыстың 11-сынып білім алушыларының кәсіби диагностикасын өткізді. Тестілеуге 11-сынып білім алушыларының 85 пайызы қатысты.

Бакалавриат бағдарламалары бойынша жетекші халықаралық жоғары оқу орындарында білім алғысы келетін түлектер арасында кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу бойынша Халықаралық бағдарламалар орталығымен ынтымақтастық жолға қойылған.

Білім басқармасы әзірлеген және бекіткен кәсіптік бағдар беру жұмыстарының жоспарына сәйкес 9-11-сынып түлектері арасында Қазақстанның орта арнайы және жоғары оқу орындарына талапкерлерді тарту үшін мақсатты жұмыстар жүргізіледі.

Облыстың барлық аудандарында оқу орындарының базасында барлығы 46 орталық пен кәсіптік бағдар кабинеттері ашылды және жұмыс істейді. Оның 38-і орта мектеп базасында және 8-і колледж базасында орналасқан.

Кабинеттер, кәсіптік бағдар орталықтары оқу жылы ішінде 9,11-сынып білім алушылары үшін әртүрлі мамандықтармен танысу мақсатында экскурсиялар өткізеді, сондай-ақ еңбек нарығының кадрларға қажеттілігі туралы сұрақтарға жауап беруге арналған ағарту жұмыстарын жүзеге асырады; сонымен қатар білім алушылардың ата-аналарымен жеке әңгімелесулер, ТЖКБ

ұйымдары мен облыс кәсіпорындарының қатысуымен бітірушілер форумдары өткізіледі.

Білім беру ұйымдарында ТжКБ ұйымдары мен жоғары оқу орындары туралы ата-аналарға арналған ақпараттық стендтер ресімделген.

Мемлекет басшысының «Үшінші жаңғырту: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауына сәйкес «Барлығына арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» бағдарламасын көпшілікке тарату үшін жалпы білім беретін мектеп білім алушылары мен жастар арасында: «Мамандық. Еңбек. Болашақ» кәсіптік бағдар беру фестивалінің жұмысы, үгіт-насихат және түсіндіру жұмыстары, акциялар, флешмобтар және т. б.

Жыл бойы ТжКБ ұйымдарының бітіруші сынып білім алушылары үшін «Колледждің ашық есік күндері» өткізіледі, мектеп білім алушылары колледж мұражайларына барады. Еңбек ардагерлерімен, жұмысқа орналасқан колледж түлектерімен, кәсіби шеберлік конкурстарының жеңімпаздарымен кездесулер ұйымдастырылады.

2018 – 2019 оқу жылының басынан мектептің 9, 11-сынып білім алушылары теміржол колледжі, гуманитарлық-техникалық колледжі, М.Жұмабаев атындағы Петропавл гуманитарлық колледжі, Петропавл құрылыс-экономикалық колледжі, Петропавл медициналық колледжі, Солтүстік Қазақстан кәсіптік-педагогикалық колледжі, Қызмет көрсету саласы колледжіне барды және т. б.

Кәсіби бағдар беру орталығы Петропавл қаласының кәсіпорындарына экскурсиялар ұйымдастырып, бару кестесі жасалды: «Мұнаймаш» АҚ, «ПЗТМ» АҚ, «Единство» ЖШС, «Молочный союз» ЖШС, «Султан» АҚ, «Қызылжар су» АҚ, «Петропавл былғары зауыты» ЖШС, «СҚ ОӨК» ЖШС, «Нан комбинаты» АҚ, №2, 3 Өрт сөндіру бөлімі, ОТЖҚ (вагон депосы), 6637 ә/б және т.б.

Білім басқармасы мен М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті арасында бірлескен іс-шаралар жоспары әзірленді, оның шеңберінде түлектермен кездесу, Ашық есік күндерін өткізу, аудандарға шығу сияқты іс-шаралар жоспары әзірленді, облыс мектептерінің түлектері үшін жоғары оқу орнына жеңілдік негізінде түсу мүмкіндігін бере отырып, пән олимпиадаларын өткізу жоспарланған. Сонымен қатар, аудан әкімдері мен М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ректоры арасында өзара ынтымақтастық және ерте кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу туралы меморандумдар жасалды.

Түлектер мен ата-аналарды ақпараттандыру, қажетті мамандықты таңдауда бағдар беру мақсатында «Түлектер тақтасы» жобасы жүзеге асырылуда. Жобаға 323 орта мектеп пен 23 колледж қатысады.

Мектептерде мамандықтар туралы көрнекі анықтамалық ақпараты бар стендтер ресімделді, облыстың, республиканың колледждері мен жоғары оқу орындарының тізімдері мен буклеттері, мекен-жайы, қажетті мамандықтар мен ұсынылатын гранттар тізбесі орналастырылған.

Білім басқармасының сайтында кәсіптік бағдар беру туралы ақпарат орналастырылған, ТЖКБ ұйымдарының тізімі және ұсынылатын мамандықтар тізімі бар.

Оқу жылы бойы СҚО Білім басқармасы жоғары сынып білім алушылары арасында кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу үшін Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары өкілдерінің шақыруы бойынша жұмыс жүргізуде.

Жыл сайын Алматы қ. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ. КИМЭП, Астана қ. «Назарбаев Университеті» АҚ, Алматы қ. Халықаралық бизнес университеті, ҚР ҰҚК Шекара әскерлерінің Жоғары әскери орны, ҚР ПМ Қарағанды академиясы, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, М.С. Нәрікбаев атындағы ҚазГЗУ, Астана қ. Сулейман Демирел атындағы университеті, Көкшетау қ. Азаматтық қорғау колледжі, Алматы қ. Қазақстан-Британ техникалық университеті және Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті өкілдерімен кездесулер өткізіледі.

Қарағанды облысы Білім беру департаментінің ақпараты бойынша, білім алушылардың кәсіби бағдарына көп көңіл бөлінеді. Осы мақсатта мобильді құрылғыларға арналған «Кәсіби навигатор» бағдарламасы әзірленіп, енгізілуде.

Қазіргі уақытта бұл бағдарлама ұялы телефондарда 25 мыңнан астам білім алушы, оның ішінде шағын жинақты мектеп білім алушыларына орнатылған. «Кәсіби навигатор» әр білім алушыға бастапқы кәсіптік-психологиялық тест тапсыруға, сондай-ақ таңдаған мамандығы туралы ақпарат алуға және қайда түсуге болатын колледждердің тізімін анықтауға, әрқашан сұранысқа ие мамандықтар мен болашақ мамандықтары туралы білуге мүмкіндік береді.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 24 наурыздағы №214 «ҚР жалпы білім беретін мектептерінің 9(10) – 11(12) сыныптарының білім алушыларына кәсіптік бағдар беру күнін өткізу тәртібі туралы» бұйрығына сәйкес колледждерде кәсіптік бағдар беру күндерін, Ашық есік күндерін өткізу кестесі және кәсіптік сынақ бағдарламасы әзірленді.

Кәсіби сынақтар жылына 3 рет демалыс кезінде алдын ала бекітілген кестеге сәйкес облыс колледждерінде өткізіледі.

Кәсіби бейімделу кабинеттерін ашу бойынша жұмыс жалғасуда. Қазіргі уақытта облыстың жалпы білім беретін мектептерінде 268 кәсіби бейімдеу кабинеті ашылды. Кәсіби бейімделу кабинеттерінің негізгі мақсаты – білім алушылар мен ата-аналармен ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін жағдай жасау.

Облыстың оқу орындарының мамандықтарымен танысу мақсатында, сондай-ақ білім алушыларға шағын жинақты мектептерде болашақ мамандықты таңдауға жәрдемдесу мақсатында жүйелі түрде кәсіптік бейімдеу, соның ішінде:

- әртүрлі мамандықтар өкілдерімен және еңбек ардагерлерімен кездесулер өткізіледі;

- үгіт бригадаларының конкурсы өткізіледі.

Кәсіби бейімделудің Жол картасы аясында өңірлік кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп 2017-2018 оқу жылы ішінде шағын жинақты мектеп білім алушылары үшін кәсіпорынға экскурсия ұйымдастырылды.

Бүгінгі таңда Қарағанды облысында Теміртау, Шахтинск, Шет аудандарында орналасқан 3 оқу-өндірістік комбинат жұмыс істейді. 2017-2018 оқу жылында 158 сыныптарда оқу-өндірістік комбинаттарда 3 196 білім алушы оқыды. Педагогикалық кадрлар толығымен жұмыс істейді және 31 мұғалімнен тұрады.

Оқыту келесі мамандықтар бойынша автослесарлық қызмет, медициналық білім негіздері, шаштараз-визажист, тамақ дайындау технологиясы, автодело, серверлік механизатор, информатика, іс жүргізу, тігінші жүргізіледі.

Жыл сайын қоғамдық бірлестігі «Қазақстан болашағы үшін Жастар қозғалысы» Қарағанды облысының білім басқармасының қолдауымен «Талапкер» Қарағанды облысы жоғары оқу орындары мен колледждердің дәстүрлі көрме өткізеді.

Бұл іс-шара мектеп түлектеріне мамандық пен оқу орнын таңдауға көмек көрсетуге арналған. Жобаға талапкерлерді іріктеуге мүдделі барлық жоғары оқу орындары мен колледждер, сондай-ақ Қарағанды қаласының, серіктес-қалалардың және жақын маңдағы ауылдық елді мекендердің мектеп түлектері қатысады.

Көрменің негізгі мақсаты – техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары мен жоғары оқу орындары ұсынатын білім беру қызметтері туралы халықтың хабардар болуын арттыру; жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін дамыту, соның арқасында білім беру қызметтерінің сапасы артады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдауы аясында облыста «KASIP TEST» автоматтандырылған жүйесінде жеке тұлғаның кәсіби диагностикасы бойынша жұмыс жүргізілуде.

2018 жылғы 8-10 қараша аралығында облыстың білім беру мекемелерінде ең танымал мамандықтарға білім алушыларды кәсіби диагностикалау және бағдарлау мақсатында 11-сынып білім алушылары арасында «Жылдың үздік психологы» облыстық байқауы өтті.

Павлодар облысы Білім беру департаментінің ақпараты бойынша, шағын жинақты мектеп білім алушыларын кәсіби бағдарлау және оларды болашақ мамандығына дайындау кезінде белгілі бір мақсатты жұмыстар жүргізілуде.

Үш бағыт бойынша: ата-аналармен жұмыс; білім алушылармен жұмыс; жоғары оқу орындарымен және ТжКБ ұйымдарымен бірлескен жұмыс жоспары жасалды. Жұмысшы мамандықтарын насихаттауға ерекше көңіл бөлінеді.

Мектеп кітапханаларында кәсіптік бағдарлы туралы әдебиет бар, «Оқуға қайда баруға болады?», «Сен және мамандық» кітап көрмелері безендірілді және т. б.

Мектепте сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі (ӘБ) отырыстарында білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтау мәселелері қарастырылады.

Түлектердің ата-аналары үшін «Балаға мамандық таңдауға қалай көмектесу керек», «Болашақ мамандыққа бейімділік» тақырыптарына жиналыстар, дәрістер өткізіледі; мамандықты дұрыс таңдауда мектеп психологтары үлкен роль атқарады, олар кәсіптік кеңес беруді, мамандықты таңдау уәждемесін, белгілі бір қызмет түріне бейімділігін анықтау бойынша тестілеуді ұйымдастырады.

Оқу жылы бойы мектептерде орта және жоғары буын білім алушыларын кәсіби өзінің табысты анықтау жағдайларымен таныстыру бойынша үлкен жұмыс жүргізіледі: сынып сағаттары, тренингтер, кәсіби оқу орындарының өкілдерімен, табысты адамдармен кездесулер, өндіріске экскурсиялар, шығармалар, сауалнамалар, дөңгелек үстелдер және басқа да нысандар.

Мектеп психологтары «Уақыт бізді таңдайды», «Өзінді таны» психотест, «Айқын тесті», «Мен болашақта кім боламын?», осындай әдістемелердің көмегімен «Кім болу керек?», KASIP TEST, «Кәсіби бағдар» сауалнамасы, жеке тұлғаның түрін анықтау, қызығушылық картасы, Е.А. Климовтың дифференциалды-диагностикалық сауалнамасы және т. б.

Білім алушыларға мамандық таңдауда көмек көрсету мақсатында түлектер мен ата-аналардың С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің өкілдерімен кездесулері ұйымдастырылады. С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің, Инновациялық Еуразия университетінің және облыстың басқа да жоғары оқу орындары мен колледждерімен өзара іс-қимыл жасау. Білім алушылардың оқу орындарына «Ашық есік күніне» баруы, табысты адамдармен кездесулер ұйымдастырылады.

6.	Жасушалардың негізгі компоненттері. Қабықтың құрылысы мен функциялары. <i>№2 ЛР. Пияз эпидермисінің жасушаларында плазмоллиз және деплазмоллизді бақылау.</i>	1	§13.
7.	Цитоплазма. Метбран емес органоидтар. <i>№3 ЛР. Өсімдік жасушаларында цитоплазманың қозғалысын бақылау</i>	1	§14-15.
8.	Екі қырлы органоидтар - митохондрия және пластидтер	1	§17-18.
9.	Ядро	1	§19-20.
	II - тоқсан		
	III - бөлім. ЖАСУШАДАҒЫ ЗАТ АЛМАСУ (МЕТАБОЛИЗМІ)	(5)	
10.	Тыныс алу кезеңдері және олардың ерекшеліктері	1	§24.
11.	Фотосинтез, оның фазалары. Фотосинтездің физика-химиялық аспектілері	1	§25.
12.	Хемосинтез, оның энергетикалық ерекшеліктері	1	§26.
13.	Генетикалық код, оның қасиеттері	1	§28.
14.	Ақуыздың биосинтез кезеңдері: транскрипция	1	§29.
	IV - бөлім. ОРГАНИЗМДЕРДІҢ КӨБЕЮІ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ДАМУЫ (ОНТОГЕНЕЗІ)	(2)	
15.	Митоз. Жасушалық цикл	1	§30.
16.	Мейоз, оның ерекшеліктері мен типтері	1	§32.
	III - тоқсан		
	6-тарау. Ағзалардың жеке дамуы	(1)	
17.	Органогенез. Дамушы ұрықтың бөліктерінің өзара ықпалдастығы. Биогенетикалық заң.	1	§36.
	V- бөлім . ГЕНЕТИКА НЕГІЗДЕРІ	(7)	
	8-тарау. Тұқым қуалаушылықтың негізгі заңдылықтары	(4)	
18.	Жынысты алдын ала анықтаудың генетикалық механизмдері. Жыныс генетикасы	1	§42.
19.	Жалғасқан тұқым қуалаушылық. Тұқым қуалаушылықтың хромосомдық теориясы	1	§43.
20.	Кодоминирлеу құбылысы. Аллельді емес өзара әрекеттесу. Полимерия	1	§44.
21.	Гендердің аллельдік емес өзара әрекеттесу түрлері: комплементарлық және эпистазалар. Плейотропия	1	§45.

	9-тарау. Өзгергіштіктің негізгі заңдылықтары	(3)	
22.	Мутацияның себептері мен маңызы. Тұқым қуалаушылық өзгергіштіктің гомологиялық қатарының заңы <i>№4 ЛЖ. Өзгергіштікті зерттеу, вариациялық қатарды және вариациялық қисықты құру.</i>	1	§48.
23.	Популяциялар генетикасы	1	§49.
24.	Популяциядағы табиғи іріктеу түрлері . <i>№5 ЛЖ. Өсімдіктер фенотиптерін зерттеу</i>	1	§50.
	VI - бөлім. АДАМ ГЕНЕТИКАСЫ	(5)	
25.	Адамның тұқым қуалаушылығын зерттеу әдістері	1	§51.
26.	Генетиканың практикалық маңызы. Адамның тұқым қуалаушылық ауруларының алдын алу	1	§52.
	IV - тоқсан		
27.	Көпбуданды будандастырудағы генетикалық міндеттерді шешу әдістемесі.	1	§53.
28.	Дигибридті будандастырудағы Генетикалық міндеттерді шешу. Дигибридті будандастыруға арналған Пеннет торы. Белгілердің полигибридті тұқым қуалауы	1	§54.
29.	Жыныстыпен жалғасқан белгілердің тұқым қуалаушылығына генетикалық міндеттерді ешу әдісі. <i>№6 ЛЖ. Шежіре жасау</i>	1	§55.
	VII - бөлім. СЕЛЕКЦИЯ ЖӘНЕ БИЛТЕХНОЛОГИЯ НЕГІЗДЕРІ	(5)	
30.	Заманауи селекцияның жетістіктері	1	§60.
31.	Микроорганизмдер, саңырауқұлақтар, прокариоттар биотехнологияның объектілері ретінде	1	§61.
32.	Биотехнологияның проблемалары мен келешегі. Тамақ өнімдерінің, витаминдердің, ферменттердің, дәрілердің микробиологиялық өндірісі. Биотехнологияның келешегі. Негізгі бағыттары. <i>Қосымша оқу үшін</i>	1	§63.
33.	Гендік инженерия, оның жетістіктері мен перспективалары	1	§64.
34.	Қорытынды	1	

№3 - МОДУЛЬ

ҚР МЖМБС-да қойылған элективтік курстардың негізгі жалпы мақсаттарынан басқа; бейіндік пән бойынша білім, білік, дағдыларды ұлғайту және тереңдету; берілген бейін аясында қолданбалы дайындық,

Бұл курс нақты **мақсат** қояды: білім алушылардың ақпараттық мәдениетін, өздігінен білім алу қабілеті дамыту үшін жағдай жасау.

Міндеттер:

- жоспарланған бейінде оң ынталандыру жасау;
- білім алушылардың танымдық әрекетін жандандыру;
- білім алушылардың көптеген мәселелерді өз бетімен оқу әрекетін ұйымдастыру;
- ақпараттық құзыреттілікті дамытуға ықпал ететін нысандар мен әдістерді

таңдау.

Күтілетін нәтиже: жеткілікті дамыған ақпараттық мәдениеті бар білім алушылар, өздігінен білім алуға дайын.

Курстың мазмұны

«Генетикалық мәселелерді шешу» элективтік курсы, генетиканың практикалық негіздерін жақсы меңгеруге көмектеседі; білім алушыларды міндеттерді шешуде шығармашылық тәсілді қолдануға, стандартты емес жағдайларда бағдарлануға үйретеді; биология пәнінен емтихан тапсыруға жақсы дайындалуға үйретеді. Бағдарлама практикалық нәтижеге есептелген. Курсты оқытудың ұсынылатын формасы жоғары деңгейлі күрделіліктегі генетикалық міндеттерді шешу бойынша практикумдар болып табылады.

Мектептік курста «Плейотропия», «Пенетранттылық» және «Популяциялық генетика» тақырыптары бойынша міндеттер шешілмейді. Элективтік курс бағдарламасында әр түрлі дәрежелі күрделіліктегі, аралас және өз бетінше шешуге арналған міндеттер қарастырылады.

Курстың мақсаты: генетиканың практикалық негіздерін меңгерудегі білімді тереңдету; білім алушылардың генетикасы мен өзін-өзі дамыту бойынша міндеттерді шешу үшін осы білімдерін қолдана білуін дамытуды жалғастыру.

Курстың міндеттері:

- классикалық генетиканың теориялық және практикалық негіздерін меңгеру;

- міндеттерді шешуде шығармашылық тәсілдерді ынталандыру;
- стандартты емес жағдайларда бағдарлай білу;
- білім алушыларды биология пәнінен емтихан тапсыруға дайындау.

Бұл курсты оқып болғаннан кейін білім алушылар:

- молекулалық және классикалық генетика бойынша күрделілігі жоғары деңгейдегі міндеттерді шешу үшін теориялық білімді қолдану тәжірибесін жетілдіре;

- популяция генетикасы бойынша міндеттерді шеше білуін қалыптастыра;

- логикалық пайымдаулардың барысын және өз тұжырымдарының дұрыстығын дәлелдеу, генетикалық міндеттерді шешудің тиімді тәсілін таңдауды;

- генетиканың негізгі ұғымдарын; белгілердің тұқым қуалау түрін; негізгі генетикалық терминология мен символиканы, генетика әдістерін; адамның генетикасын зерттеу әдістерінің – генеалогиялық, популяциялық, цитогенетикалық, биохимиялық, егіздік ерекшеліктерін; тұқым қуалаушылық заңдарын; жынысты анықтау механизмін және белгілердің тұқым қуалаушылық түрін; адам денсаулығын қалыптастыратын факторларды; ақуыздардың, нуклеин қышқылдарының рөлін, хромосомалардың құрылысы мен функциясын, олардың тұқым қуалаушылық ақпаратты сақтаудағы және таратудағы рөлін; хромосомалардың санның, түрлері мен өлшемдерінің түрлік тұрақтылығының түрлік тұрақтылығының мәнін; ген және генетикалық кодты; негізгі биополимерлі молекулаларды; биополимерлер синтезінің процестері;

тірі табиғаттағы организмдердің тұқым қуалаушылық және өзгергіштігінің рөлін, антропогенез кезеңдерін сипаттауды (мазмұндау)

- РНҚ мен ДНҚ-ны салыстыруды (айырып тану, тану, анықтау);

- генетика заңдарының рөлін негіздеу (түсіндіру, салыстыру, қорытынды жасау); тұқым қуалаушылықты беруде хромосомалар мен гендердің рөлі; табиғи ортаның ластануының адамның тұқым қуалаушылығына зиянды әсері; сүтқоректілердің, жануарлар мен адамның, адам нәсілдерінің туыстығы, адамның тіке жүруі, еңбек іс-әрекеттеріне, адамның жануарлардан шығу тегіне байланысты ерекшеліктерін;

- өмірдің бірегей құндылығын дәлелдеу үшін; өз денсаулығын сақтау; генетика және молекулалық биология бойынша міндеттерді шешу үшін биология бойынша білімді қолдануды;

- салыстыра, дәлелдеуі; оқу материалындағы негізгі идеяларды ажырата білу; рефераттар дайындау, генетика және молекулалық биология бойынша міндеттерді шешудің схемаларын жасай білулері тиіс.

Бақылау нысандары:

- өзіндік жұмыстар;

- презентациялар;

- міндеттерді шешу;

- практикалық жұмыстар.

№ 4 - МОДУЛЬ

«Биология бойынша зерттеу қызметін ұйымдастыру» атты таңдауы бойынша курс (9-27сағат)

Таңдауы бойынша барлық курстардың негізгі мақсаты МЖМБС-2012-білім алушылардың тұлғалық бағдарында көрсетілген.

Курстың мақсаты:

Білім алушылардың зерттеу мәдениетін дамытуға жағдай жасау.

Курстың міндеттері:

- білім алушылардың бойында ғылыми зерттеулер маңыздылығы сезімінің қалыптасуына ықпал ету;

- білім алушылардың ғылыми зерттеудің теориялық негіздерін меңгеруіне көмек көрсету;

- білім алушылардың зерттеу біліктіліктері мен дағдыларын дамыту бойынша іс-әрекетін ұйымдастыру.

Күтілетін нәтиже – проблеманы тұжырымдауға, оны шешу жолдарын жоспарлауға, зерттеулер жүргізуге және нәтижелерді ресімдеуге қабілетті тұлға.

Курстың мазмұны

1) **Әдеби көздермен жұмыс істеу.** Каталогтармен жұмыс істеу принциптері мен тәсілдері. Әдеби көздерді зерделеу әдістемесі.

2) **Ғылыми жұмыстардың түрлері.**

Рефераттар: библиографиялық (ақпараттық, индикативтік); ғылыми-оқу (тиімсіз, тиімді).

Аннотация, баяндама, конспект, рецензия, тезистер, пікір, ғылыми -

зерттеу жұмысы. Әр жұмыс түрінің мазмұны компоненттері, әр жұмыс түріне қойылатын талаптар, мазмұнына қойылатын талаптар, жұмыс кезеңдері, ресімдеуге қойылатын талаптар, бағалау критерийлері.

3) Ғылыми зерттеудің теориялық әдістері.

Ғылыми зерттеудің эмпирикалық әдістері.

4) Жобалар әдісі.

Жобаға қойылатын негізгі талаптар. Жобалық жұмыс өнімдерінің құрылымы, жіктелуі, нысандары. Жобаларды ресімдеуге қойылатын талаптар.

5) Практикалық бөлім.

5.1. Зерттеу жұмыстары

- а) инвариантты бөлімді;
- б) қолданбалы курстарды.

5.2. Жұмысты жобалау

Іс-әрекеттер алгоритмі

Зерттеу жұмысы.

Зерттеу объектісін таңдау. Проблеманың қойылуы және оны шешу жолдарын жоспарлау. Зерттеу әдістемелері. Берілген тақырып бойынша әдебиеттерді оқу.

Шығармашылық зертханада тәжірибенің негізін қалау.

Жұмыс кезеңдері.

Бақылау, талдау, нәтиже, қорытынды.

Жұмысты ресімдеу.

Қорытынды ғылыми-практикалық конференция

Эксперименталды жұмыстарды қорғау және таныстыру.

Жобалау жұмысы.

Жобаның шамамен тақырыптары:

1. Шежірені талдау және құрастыру.
2. Классикалық генетика бойынша міндеттерді шешу.
3. Заманауи селекцияның жетістіктері.
4. Тамақ өнімдерінің микробиологиялық өндірісі.
5. Дәрілердің микробиологиялық өндірісі.
6. Витаминдердің микробиологиялық өндірісі.
7. Ферменттердің микробиологиялық өндірісі.

Нұсқау. № 4 - Модуль таңдауы бойынша курс болып табылады, ол негізінен, білім алушылардың тұлғалық бағдарлануына және әлеуметтенуіне бағытталған. Сондықтан, оларды ұйымдастыру бойынша нақты сағат саны, әдістемелік ұсынымдар ұсынылмаған. Білім алушы компоненті білім алушылардың өзіндік, зерттеу және жобалау іс-әрекетінде құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін оқытудың белсенді түрлері мен әдістерін қолдану үшін пайдаланылуы тиіс.

Осындай жолмен 11-сынып үшін бейінді оқытуды ұйымдастыру бойынша, сондай-ақ басқа оқу пәндері мен бейін бағыттары бойынша бірыңғай оқу бағдарламасын және УОЖ-ны жасауға болады.

Жоғары сынып білім алушыларына білім беру бағдарламасының арқауын

рәсімдеу (жеке карта, жеке білім беру және баланың даму картасы, жеке маршрут және т. б.) үлгілер Д қосымшасында келтірілген.

Жоғарыда үш бөлімде баяндалғандар негізінде, бейіндік-бағдарлы оқытуды іск жүзеге асыру және жетілдіру бойынша ұсынымдамалар:

1. Оқыту әдістерін жетілдіру.

2. Білім алушылардың зерттеу және жобалық қызметін дамыту;

3. Кәсіби бағдар беру саласында психологтың жүйелі жұмысын жүргізу; бейіндік оқытуға дайындық деңгейін анықтау бойынша білім алушыларды диагностикалау формаларын тандап алу; білім алушылардың мамандыққа бейімділіктерін ерте диагностикалауды енгізу (біз кәсіптік бағдар беру сипатындағы үздік бағдарламаларды ұсындық).

4. Колледждермен және жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орнату және қашықтықтан оқыту саласында серіктестермен өзара әрекеттесу.

5. Бейіндік-бағдарлы оқытуды ұйымдастыруды жақсарту үшін жоғары оқу орындарына экскурсия өткізу; виртуалды кәсіптік экскурсия жүйесін әзірлеу.

6. Тірек мектебінде оқыту үшін желілік блоктағы «дарынды» білім алушыларды тарту бойынша жұмысты ұйымдастыру.

7. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру үшін мамандандырылған кабинеттер, жұмыс аймақтарын құру қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Заманауи білім беру жүйесін жаңғырту мектеп жағдайында оқу үдерісін ұйымдастырудың технологиялық тәсілін іске асыруға негізделеді.

Мектеп мұғалімі өзінің негізгі қызметтеріне қоса орындауы тиіс:

а) білім алушының жеке дамуын ескере отырып, жеке білім беру траекториясын құруға мүмкіндік беретін әрбір білім алушының толық әлеуетін ашуға ықпал ету;

б) білім алушылардың өздерінің пәндік мүдделерін, қабілеттері мен одан арғы өмірлік ұмтылыстарын жүзеге асыру мүмкіндігіне ықпал ету.

Мұны іске асыру үшін мұғалім өз жұмысында бейіндік-бағдарлы оқыту технологияларын қолдануға психологиялық тұрғыдан дайын болуы және әдістемелік тұрғыдан оқытылған болуы тиіс.

Бейіндік-бағдарлы оқыту технологиясы оқытушының дидактикалық, әдістемелік құралдарды таңдау, жинақтау және қолдану тәртібін анықтайтын әдістемелік және ұйымдастырушылық-әдістемелік нұсқаулар жиынтығы ретінде қарастырылуы керек.

Кәсіби бағытталған технологиялар тиімді болуы үшін келесі талаптарға сай болуы тиіс:

а) білім алушының табиғи психологиялық қасиеттерін және оның ой-өрісін ескеру;

б) тұлғаны мәжбүрлеуге емес, оның ішкі ресурстарына сүйену;

в) тұлғаның кәсіби тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруге бағытталған шығармашылық ынталануын дамыту.

Ауылдағы білім алушылармен кәсіби жұмыс орталығы жалпы білім беретін орта мектеп болып табылады, онда мамандықты саналы түрде таңдау үшін жағдай жасалуы қажет. Ауылдық шағын жинақты мектепте кәсіптік бағдарлау оқу-тәрбие жұмысының барлық жүйесінің органикалық құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Мектепте мұндай жұмыстың мазмұнына кіреді:

- білім алушыларды халық шаруашылығының әртүрлі салаларымен, халық арасында көп тараған мамандықтармен таныстыру;

- оқытудың бейіндік бағытын күшейту;

- білім алушыларды жалпы білім беретін пәндердің білім көлеміне нақты мамандықтар талаптарымен таныстыру;

- мамандықты саналы түрде таңдауда белсенділік қалыптастыру.

ШЖМ-дегі кәсіби бағдар беру – көп деңгейлі міндет. Оның құрылымындағы құрамдас элементтер:

1) кәсіптік ағарту;

2) кәсіптік тәрбие;

3) кәсіптік диагностика;

4) кәсіптік кеңес;

5) бейіндік оқыту мектептегі кәсіби бағытталған оқытудың негізі ретінде.

Білім берудің жаңартылған мазмұнының маңызды идеясы білім алушының қоғамда өз бетінше өмір сүруіне, оның өзін-өзі ерте анықтауына дайындығы болып табылады. Мұғалім осыған байланысты шығармашылық оқу үдерісін ұйымдастырушы және үйлестіруші болып табылатын технологияларға ерекше назар аударуы, сонымен қатар әрбір білім алушының жеке қабілетін ескере отырып білім алушылардың іс-әрекетін тиісті арнаға бағыттауы қажет.

Бейіндік-бағдарлы оқыту технологияларын оқу үдерісіне енгізу нәтижелері: бейіндік пәндер бойынша пәндік білім мен дағдылардың қалыптасу деңгейін арттыру, білім алушының әлеуметтік белсенділігін дамыту, сондай-ақ мектеп мұғалімдерінің зерттеу және әдістемелік құзыреттілігін дамыту болып табылады.

Осылайша, ШЖМ-да білім алушылардың бейіндік-бағдарлы білім алуын табысты ұйымдастыру үшін мұғалім осы үдерістің мәнін түсінуі, негізгі технологиялық тәсілдерді білуі, кәсіптік-бағдарлы білім беру технологияларын меңгеруі және оларды ШЖМ жағдайында қолдана білуі тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында бейіндік оқытуды дамыту тұжырымдамасы Астана 2010.
2. Пряжников Н.С., Е. Ю. Пряжникова Психология труда и человеческого достоинства. М.: «Академия» баспа орталығы, 2003.
3. Пряжников Н. С. Профессиональное и личностное самоопределение. – М.: Воронеж, 1996.
4. Кисляков А. В., Щербаков А. В. Построение модели воспитания и социализации обучающихся на основе принципа интегративности// Ярославский педагогический вестник. 2014. № 1. II Том (Психолого-педагогические науки). С. 26-32.
5. Шамова Т. И. Управление профильным обучением на основе личносно ориентированного подхода – М., 2006.
6. Махеева О.А. Я выбираю профессию [Текст] / О.А. Махеева, Е.Е. Григорьева. М. 2004.
7. Резапкина Г.В. Отбор в профильные классы [Текст]/ Г.В. Резапкина. – М., 2005.
8. Пан С. М. Профильное обучение: проблемы формирования содержания и организация учебной деятельности. – Қорған, 2007.

Қосымша

А-қосымшасы

Білім алушының кәсіптік кеңес беру картасы

Аты-жөні _____
Жасы _____ Мектебі _____ Сыныбы _____
Денсаулық жағдайы: а) дені сау; б) функционалдық ауытқулар;
в) созылмалы аурулар.

Балалар дәрігерінің қорытындысы _____

Мамандықтар әлемі туралы хабардар етілуі: а) толық жеткілікті;
б) жеткіліксіз; в) жоқ.

Кәсіби жоспардың болуы: иә; жоқ.

Мамандық: а) негізгі _____
б) қосалқы _____
в) оқу орнының типі _____
г) өндіріс типі _____

Өзін-өзі бағалау деңгейі _____
Өін-өзі оң бағалау коэффициенті Kc^+ _____
Сыншылдық коэффициенті Kk^- _____
Мүдделері _____
Бейімділігі _____

Коммуникативтік бейімділік: а) көрсеткіші _____
б) бағалау _____ в) көрініс деңгейі _____

Темперамент _____
Жады _____

Назар аудару _____
Ойлау _____
МБҰ _____
Холланд тесті _____
«Түйсуі» _____
Кәсіп таңдау туралы жалпы қорытынды
Кәсіптік консультанттың қолы
Күні _____

**Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың
2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы**

8-бөлім «Барлық білім беру ұйымдары үшін ортақ, жекелеген лауазымдар бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің типтік штаттары»

Қолданыстағы басылым	Ұсынылған басылым
<p>29. Білім беру ұйымдарында қажет болған жағдайда балаларды (тәрбиеленушілерді, білім алушыларды) оқыту мен тәрбиелеу бейініне сәйкес келетін, сондай-ақ өткізілетін үйірме, спорттық және емдеу іс-шараларына (директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-ұйымдастырушы, социолог-талдаушы, аккомпаниатор, көркемдік жетекші, костюмер, суретші, киномеханик, сахна қызметкері, музыкалық аспаптарды баптаушы, өндірістік оқыту шебері, дене шынықтыру және еңбек жөніндегі нұсқаушы, қосымша білім беру педагогы, музыкалық жетекші, мұрағатшы, экономист және басқаларға) байланысты қосымша лауазымдық штаттық бірліктер тағайындалады.</p>	<p>29. Білім беру ұйымдарында қажет болған жағдайда балаларды (тәрбиеленушілерді, білім алушыларды) оқыту мен тәрбиелеу бейініне сәйкес келетін, сондай-ақ өткізілетін сынып жетекшілігі бойынша іс-шаралар, үйірме, спорттық және емдеу іс-шараларына (директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-ұйымдастырушы, социолог-талдаушы, аккомпаниатор, көркемдік жетекші, костюмер, суретші, киномеханик, сахна қызметкері, музыкалық аспаптарды баптаушы, өндірістік оқыту шебері, дене шынықтыру және еңбек жөніндегі нұсқаушы, қосымша білім беру педагогы, музыкалық жетекші, мұрағатшы, экономист және басқаларға) байланысты қосымша лауазымдық штаттық бірліктер тағайындалады.</p>

Тірек мектебінің мектепаралық ғылыми-әдістемелік кеңесі туралы ереже

Жалпы ережелер

Мектепаралық ғылыми-әдістемелік үйлестіру кеңесі – ол, жақын орналасқан мектеп педагогтарының қоғамдық бірлестігі, өзін-өзі басқару органы.

Мектепаралық ғылыми-әдістемелік үйлестіру кеңесі (МҒӘҮК), әдістемелік желінің білім беру ұйымдарының (ББҰ) әдістемелік қызметінің барлық құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіру мақсатында тірек (базалық) мектебінде құрылады.

Кеңес желіге қатысты білім беру ұйымдары мұғалімдерін ерікті негізде біріктіретін ұжымдық мемлекеттік орган болып табылады.

МҒӘҮК желідегі білім беру ұйымдарындағы әдістемелік және тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру мәселелері бойынша консультативтік орган болып табылады.

МҒӘҮК өз қызметінде: бала құқықтары туралы конвенцияны сақтайды, оқу-тәрбие, әдістемелік, тәжірибелік-эксперименттік және жобалау-зерттеу қызметі мәселелері бойынша ҚР заңдарын, ҚР Үкіметінің, барлық деңгейдегі білім беруді басқару органдарының шешімдерін, сондай-ақ тірек (базалық) мектептің Жарғысы мен жергілікті құқықтық актілерін басшылыққа алады.

МҒӘҮК-нің мақсаты мен функциялары

МҒӘҮК-нің басты мақсаты желі мұғалімдерінің педагогикалық шеберлігін үздіксіз арттыру және кәсібилігін жетілдіру үшін жағдай жасау болып табылады.

МҒӘҮК келесі функцияларды атқарады:

- әдістемелік жұмыстың перспективалық және жыл сайынғы жоспарын жасайды;

- мектепаралық педагогикалық кеңестер, мұғалімдердің мектепаралық әдістемелік бірлестіктері, шығармашылық топтар және әдістемелік жұмыстың басқа да бөлімшелері отырыстарының тақырыптарын қарастырады;

- мектепаралық әдістемелік бірлестіктердің жұмысы туралы есебін тындайды, бағдарламаларды, жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін, эксперимент кезеңдерін, жаңа педагогикалық, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануды, элективті курстарды жүргізуді талқылайды, мұғалімдердің әдістемелік сервисіне деген сұранысын зерттейді, мұғалімдердің педагогикалық шығармашылығын диагностикалайды;

- мектепаралық әдістемелік бірлестіктердің басшыларын бекітеді;

- мектепаралық әдістемелік бірлестіктер немесе жеке педагогтар ұсынған ұсынымдамаларды қарайды;

- өзекті педагогикалық тәжірибені қарастырады, бекітеді, жинақтайды және насихаттайды;

- семинарлар, практикумдар, іскерлік ойындар, мастер-кластар, конкурстар, тәжірибе алмасу және педагогтармен жұмыстың басқа да белсенді түрлерін жоспарлайды, оларды дайындау мен өткізуді ұйымдастырады;

- байқау жеңімпаздарының педагогикалық тәжірибесін жинақтайды және таратады.

Кеңес жұмысын ұйымдастыру

Кеңес құрамына тірек (базалық) мектептің директоры, желілік ББҰ-ның директорларының орынбасарлары, мектепаралық және мектеп әдістемелік бірлестіктерінің басшылары, тәжірибелі мұғалімдер кіреді. Кеңес құрамын мектепаралық педагогикалық кеңес бекітеді.

Кеңесті эксперименттік және әдістемелік жұмысқа жетекшілік ететін тірек (базалық) мектеп директорының орынбасары басқарады. Жұмысты қамтамасыз ету үшін кеңес хатшысы сайланады.

Кеңес жұмысы жылдық жоспар негізінде жүзеге асырылады. Жоспарды мектепаралық әдістемелік кеңестің басшысы жасайды, ол оның отырысында қаралады, тірек (базалық) мектептің директорымен және желі мектептерінің директорларымен келісіледі және мектепшілік ғылыми-әдістемелік үйлестіру кеңесінің отырысында бекітіледі.

МҒӘҮК-нің отырысы кемінде тоқсанына бір рет өткізіледі. Кеңес өз жұмысында бірыңғай әдістемелік тақырыпқа бағдарланады және жоғары орган – мектепаралық педагогикалық кеңеске есеп береді.

Хаттамаларды нөмірлеу оқу жылының басынан жүргізіледі. Хаттамалар ғылыми-әдістемелік кеңестің папкасында сақталады. Әдістемелік кеңестің шешімдері отырыста оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған жағдайда көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар саны тең болған кезде МҒӘҮК басшысының дауысы шешуші болып табылады.

МҒӘҮК-нің құқықтары

МҒӘҮК-нің мыналарға құқығы бар:

- желідегі ББҰ-ның оқу процесін жақсарту туралы ұсыныстар жасау;

- желінің әдістемелік жұмысы бөлімшелерінде жинақталған өзекті педагогикалық тәжірибе туралы материалдарды жариялау туралы мәселе қою;

- білім басқармасы алдына тәжірибелік-іздігі, эксперименталды, ғылыми-әдістемелік және жобалау-зерттеу әрекетіне белсенді қатысқаны үшін ББҰ-ның қызметкерлерін мадақтау туралы мәселе қою;

- біліктілікті арттырудың әртүрлі формаларын мұғалімдерге мұғалімдерге ұсыну;

- «Жыл мұғалімі» және т. б. конкурстарға қатысу үшін мұғалімдерді ұсыну.

Әдістемелік кеңестің қызметін бақылау

МҒӘҮК-нің қызметін бақылауды әдістемелік жұмыс жоспарына сәйкес білім басқармасының ұйымдастыру-әдістемелік ақпараттық орталығы жүзеге асырады.

Мектепаралық әдістемелік бірлестік туралы ереже.**I. Жалпы ережелер.**

Мектепаралық әдістемелік бірлестік бір пән бойынша немесе білім беру саласы бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік, тәжірибелік-эксперименттік және сыныптан тыс жұмыстарды жүргізуді жүзеге асыратын білім беру ұйымының әдістемелік қызметінің негізгі құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Мектепаралық әдістемелік бірлестікте бір пәннен немесе бір білім беру саласы бойынша кемінде үш мұғалім болған жағдайда ұйымдастырылады. Мектепаралық әдістемелік бірлестіктің құрамына аралас және қамтамасыз ететін пәндер мұғалімдері кіруі мүмкін.

Білім беру ұйымдарында сондай-ақ мектепаралық әдістемелік бірлестіктерде тәрбиешілердің және сынып жетекшілерінің т. б. бірлестігі құрылуы мүмкін. Мектепаралық әдістемелік бірлестіктердің саны мен олардың құрамы білім беру ұйымдарына қойылған міндеттерді кешенді шешу қажеттілігіне қарай айқындалады және білім беру ұйымы директорының бұйрығымен бекітіледі.

Мектепаралық әдістемелік бірлестіктерді осы бірлестікке жетекшілік ететін директордың орынбасарының ұсынысы бойынша білім беру ұйымының директоры құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

Мектепаралық әдістемелік бірлестіктер директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарына тікелей бағынады.

Мектепаралық әдістемелік бірлестіктер өз қызметінде бала құқықтары туралы Конвенцияны сақтайды, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Білім алушыларды білім беру мен тәрбиелеу мәселелері бойынша барлық деңгейдегі білім беруді басқару органдарының шешімдерін, сондай-ақ мектептің Жарғысы мен жергілікті құқықтық актілерін, директордың бұйрықтары мен өкімдерін басшылыққа алады.

Ішкі тәртіп мәселелері бойынша олар еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын, мектеп Жарғысын, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, еңбек шарттарын (келісім-шарттарды) басшылыққа алады.

II. Мектепаралық әдістемелік бірлестік қызметінің міндеттері мен мазмұны:

- білім алушылардың интеллектуалдық, мәдени және адамгершілік дамуына қажеттіліктерін қанағаттандыру;

- бір немесе бірнеше ұқсас пәндер бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік және тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жоғары кәсіби деңгейде ұйымдастыру және өткізу;

- әртүрлі сабақ түрлерін өткізу әдістемесін жетілдіру және оларды оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
- мұғалімдердің педагогикалық біліктілігін арттыру;
- педагогикалық эксперименттер өткізу;
- Мектеп бітірушілерге кәсіби бағдарлау жұмыстарын ұйымдастыру, және оларды жоғары оқу орындарына түсуге дайындық жүргізу.

Мектепаралық әдістемелік бірлестіктегі жұмыстың негізгі түрлері:

- білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әдістемелік проблемалары бойынша педагогикалық эксперименттер өткізу және олардың нәтижелерін білім беру процесіне енгізу;
- дөңгелек үстелдер, оқу-әдістемелік мәселелер бойынша кеңестер мен семинарлар, мұғалімдердің шығармашылық есептері және т. б.;
- оқыту және тәрбиелеу әдістемесі мәселелері бойынша мектепшілік әдістемелік бірлестіктің отырысы;
- пән бойынша ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар; дәрістер, баяндамалар, шеберханалар, мастер-класстар, оқыту және тәрбиелеу әдістемесі, Жалпы педагогика және психология мәселелері бойынша хабарламалар мен пікірталастар;
- пәндік және әдістемелік апталар өткізу; өзара сабаққа қатысу;
- оқу сабақтарын өткізу, сапасын бақылау.

Әдістемелік бірлестік қызметінің негізгі бағыттары:

- пәндер бойынша білім беру қызметінің нәтижелерін талдау;
- оқу жоспарларының вариативті бөлігін әзірлеуге қатысу, оқу курстарының ең аз көлемі мен мазмұнына қойылатын талаптарға өзгерістер енгізу;
- білім алушылардың мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарын толық меңгеруін қамтамасыз ету үшін оқылатын пәндер бойынша кіріктірілген оқу бағдарламаларын әзірлеу және оларды аралас пәндер бағдарламаларымен келісу;
- пәндер бойынша оқу-әдістемелік құралдар мен дидактикалық материалдардың қолжазбаларын дайындау және талқылау;
- пәндер бойынша ашық сабақтар мен сыныптан тыс ашық іс-шаралар өткізу;
- оқу пәндерін оқыту әдістемесі, біліктілікті арттыру және мұғалімдердің біліктілік санаттары бойынша баяндамаларды дайындау және талқылау;
- бағдарламаның негізгі мәселелерін баяндау әдістемесі бойынша баяндамаларды талқылау, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды талқылау және бекіту;
- оқу сабақтарының жекелеген түрлерін оқыту әдістемесін және оларға дидактикалық материалдардың мазмұнын талқылау;
- білім алушылардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, басқару және бақылау мәселелерін қарастыру;

- оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын іздеу және енгізу бойынша педагогикалық эксперименттерді ұйымдастыру және өткізу;

- оқытудың көрнекілігін арттыру құралдарын әзірлеу және жетілдіру (терминалды және дисплей кешендері, макеттер, стендтер, диафильмдер, кестелер, электрондық оқулықтар және т. б.), сондай-ақ оларды оқу процесінде қолдану әдістемесі;

- оқу-зертханалық базаны жетілдіру (зертханалық және арнайы сыныптар, кабинеттер, жергілікті есептеу желілері және оларды бағдарламалық қамтамасыз ету);

- оқу пәндерін оқыту әдістемесін жетілдіру және тәжірибе алмасу мақсатында мектепаралық әдістемелік бірлестіктер ішінде өзара сабақтарына қатысу және мектепаралық әдістемелік бірлестіктердің мұғалімдері арасында да өзара сабақтарына қатысу;

- басқа оқу орындарының ұқсас мектепаралық әдістемелік бірлестіктерінің жұмыс тәжірибесін зерделеу және осы жұмыс тәжірибесімен алмасу;

- тәлімгерлердің жұмысын таңдау жас мамандармен мен тәжірибесі аз ұстаздарға ұйымдастыру;

- пәндер бойынша конкурстар, олимпиадалар, жарыстар өткізу туралы ережелерді әзірлеу.

III. Жұмыс тәртібі

Мектепаралық әдістемелік бірлестікті, мектепаралық әдістемелік бірлестік мүшелерінің келісімі бойынша педагогтар арасынан мектеп директоры тағайындаған ең тәжірибелі жетекші басқарады.

Мектепаралық әдістемелік бірлестіктің жұмысы ағымдағы оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі. Жоспарды мектепшілік әдістемелік бірлестіктің төрағасы жасайды, мектепшілік әдістемелік бірлестіктің отырысында қаралады, аудандық әдістемелік орталықпен және мектепшілік әдістемелік кеңеспен келісіледі.

Мектепаралық әдістемелік бірлестік отырысын тоқсанда кемінде төрттен бір рет өткізу қажет. Отырыстың өткізілетін уақыты мен орны туралы әдістемелік бірлестіктің төрағасы, директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарына хабарлауға міндетті. Желілік қоғамдастық өзара іс-қимылға кіретін мектептердің мектепаралық әдістемелік бірлестіктерімен бірлескен отырыстары айына кемінде 2 рет өткізіледі. Отырыста талқыланатын әрбір мәселе бойынша ұсыныстар қабылданады, олар хаттамалар журналында тіркеледі. Ұсыныстарға мектепаралық әдістемелік бірлестіктің басшысы қол қояды.

Мектепаралық әдістемелік бірлестіктің құқықтары

Мектепаралық әдістемелік бірлестіктің мыналарға құқығы бар:

- біліктілік санатын арттыру үшін мұғалімдерге ұсыныстар дайындау және ұсыну;

- желілік қоғамдастыққа кіретін мектептерде оқу үдерісін жақсарту туралы ұсыныстар енгізу; озық педагогикалық тәжірибе, жинақталған әдістемелік бірлестік туралы материалдарды жариялау туралы мәселе қою, мектеп әкімшілігінің алдына эксперименталды қызметке белсенді қатысқаны үшін әдістемелік бірлестік мұғалімдерін көтермелеу туралы сұрақ қойылады;

- мұғалімдерге біліктілікті арттырудың әртүрлі түрлерін ұсыну: білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңес алу;

- мұғалімдерге аттестациялауды ұйымдастыру және мазмұны бойынша ұсыныстар енгізу;

- мұғалімдердің әдістемелік бірлестігінен «Жыл мұғалімі» және «жыл сынып жетекшісі» конкурстарына, «білім» ұлттық басым жобасының конкурстарына қатысу үшін ұсыну.

- «білім» ұлттық басым жобасының конкурстарына әдістемелік бірлестіктен «Жыл мұғалімі» және «жыл сынып жетекшісі» конкурстарына, мұғалімдерді қатыстыру үшін ұсыну.

IV. Мектепаралық әдістемелік бірлестіктің қызметін бақылау

Әдістемелік жұмыс жоспарына сәйкес, мектепаралық әдістемелік бірлестіктің қызметін бақылауды аудандық әдістемелік орталық жүзеге асырады.

V. Әдістемелік бірлестіктің құжаттамасы

Әдістемелік бірлестікте қалыпты жұмыс істеу үшін мынадай құжаттар болуы тиіс:

1. Мектепаралық әдістемелік бірлестікті ашу туралы бұйрық.

2. Мектепаралық әдістемелік бірлестіктің төрағасы лауазымына тағайындау туралы бұйрық.

3. Мектепаралық әдістемелік бірлестік туралы ереже.

4. Мектепаралық әдістемелік бірлестік мұғалімдерінің функционалдық міндеттері.

5. Өткен жылғы жұмысты талдау.

6. Әдістемелік жұмыстың тақырыбы, оның мақсаты, жаңа оқу жылына арналған басым бағыттары мен міндеттері.

7. Ағымдағы оқу жылына арналған мектепаралық әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары.

8. Әр айға мектепаралық әдістемелік бірлестік жұмысының жоспар-кестесі.

9. Мектепаралық әдістемелік бірлестіктің мұғалімдері туралы деректер банкі: сандық және сапалық құрамы (жасы, білімі, мамандығы, оқытылатын пәні, жалпы өтілі және педагогикалық, біліктілік санаты, марапаттары, атағы, мекен-жайы, телефоны).

10. Мектепаралық әдістемелік бірлестік мұғалімдерінің өз білімін жетілдіру тақырыптары туралы мәліметтер.

11. Мектепаралық әдістемелік бірлестікте кеңестер, конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, шығармашылық есептер, іскерлік ойындар және т. б. өткізу кестесі.

12. Мектепаралық әдістемелік бірлестіктің мұғалімдерін аттестаттаудың перспективалық жоспары.

13. Әдістемелік бірлестік мұғалімдерінің ағымдағы жылға аттестаттаудан өту кестесі

14. Мектепаралық әдістемелік бірлестік мұғалімдерінің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары.

15. Ағымдағы оқу жылына мектепаралық әдістемелік бірлестік мұғалімдерінің біліктілігін арттыру кестесі.

16. Ағымдағы бақылау жұмыстарын жүргізу кестесін (мұғалімдердің өздері немесе мектепаралық әдістемелік бірлестіктің төрағасы енгізеді – мақсаты; білім алушылардың шамадан тыс жүктелуінің алдын алу – күніне бір бақылау жұмысынан артық емес).

17. Тоқсандық әкімшілік бақылау жұмыстарының кестесі.

18. Мектепаралық әдістемелік бірлестік мұғалімдерінің пән бойынша ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараларды өткізу кестесі.

19. Мектепаралық әдістемелік бірлестіктің ,кәсіби тәжірибесінің мекен-жайы.

20. Мектепаралық әдістемелік бірлестік мұғалімдерінің кәсіби қажеттіліктері туралы мәліметтер.

21. Әдістемелік апталықты өткізу жоспары (егер мектепаралық әдістемелік бірлестік өз бетінше өткізсе).

22. (Авторлық пән бойынша факультативтер, үйірмелер).

23. Пән бойынша оқу бағдарламалары және оларды оқу-әдістемелік қамтамасыз ету туралы ақпарат.

24. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау.

25. Мектепаралық бақылау (ақпараттық және аналитикалық анықтамалар, диагностика).

26. Мектепаралық әдістемелік бірлестік отырыстарының хаттамалары.

ҚР БҒМ 17.09.2013 ж. № 375 бұйрығы

18-тармақ. «ШЖМ-ны дамытудың өңірлік орталықтары жұмыс оқу жоспарларын әзірлеу, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау, оқытудың жеке бағдарламаларын жасау, қашықтықтан оқыту нысанының мазмұны, бейіндік бағыттылықты ескере отырып, оқыту әдістері мен арнайы курстар бойынша жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асырады».

БЕЙІН АЛДЫ ЖӘНЕ БЕЙІНДІК ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

Кәсіптік бағдар беруге арналған тест: Кім болып істеуім керек?

Сіздердің назарларыңызға кәсіпке, мамандық, лауазым таңдау үшін маңызды болатын сіздердің мүдделеріңізді өлшеуге бағытталған тест ұсынылады. Бұл тестте «дұрыс» және «дұрыс емес» жауаптар жоқ; сіз таңдаған кез келген жауап сіздің қандай да бір қалауыңыз туралы және бір мамандық үшін қолайсыз екенін куәландырады, екіншісі үшін өте қажет болуы мүмкін. Екінші нұсқаны жиі таңдауға тырысыңыз («жауап беруге қиналамын»), өйткені бұл алынған нәтижелердің дәлдігін төмендетуі мүмкін.

1. Есеп жүргізу мен бақылауға байланысты жұмыс – ол, абден іш пыстырады.

1. Иә
2. Жауап беруге қиналамын
3. Жоқ

2. Мысалы, музыкамен емес, мен қаржылық операциялармен айналысуды ұнатамын.

1. Иә
2. Жауап беруге қиналамын
3. Жоқ

3. Ең көп дегенде маған жұмысқа қанша уақыт кететінін дәл есептеу мүмкін емес

1. Иә
2. Жауап беруге қиналамын
3. Жоқ

4. Мен жиі тәуекелге барамын.

1. Иә
2. Жауап беруге қиналамын
3. Жоқ

5 Бейберекетсіздік менің берекемді алады

1. Иә
2. Жауап беруге қиналамын
3. Жоқ

6. Мен бос уақытымда ғылымның әртүрлі салаларындағы соңғы жетістіктері туралы қуана-қуана оқыр едім.

1. Иә
2. Жауап беруге қиналамын
3. Жоқ

7. Мен жасаған жазбалар өте жақсы құрылымдалып, ұйымдастырылмаған.

1. Иә
2. Жауап беруге қиналамын
3. Жоқ

8. Мен ақшаны бірден жұмсауды емес, ақылмен бөлуді ұнатамын.

1. Иә
2. Жауап беруге қиналамын
3. Жоқ

9. Менің үстелімнің үстінде, заттардың жинақылық бойынша орналасқан «кішкентай үйіндіге» қарағанда, онан гөрі жұмыстық ретсіздік байқалады.

1. Иә
2. Жауап беруге қиналамын
3. Жоқ

10. Мені нұсқаулық немесе нақты берілген алгоритм бойынша әрекет етуді қажет ететін жұмыс қызықтырады.

1. Иә
2. Жауап беруге қиналамын
3. Жоқ

11. Егер мен бірдеңе жинасам, мен коллекцияны ретке келтіруге, барлығын папкалар мен сөрелерге салып қойға тырысар едім.

1. Иә
2. Жауап беруге қиналамын
3. Жоқ

12. Не нәрсені болса да жүйелеп, ретке келтіруге шыдай алмаймын.

1. Иә
2. Жауап беруге қиналамын
3. Жоқ

13. Маған компьютерде жұмыс істеу: мәтіндерді ресімдеу немесе жай ғана теру, есеп жүргізу ұнайды.

1. Иә
2. Жауап беруге қиналамын
3. Жоқ

14. Әрекет етпес бұрын барлығын егжей-тегжейлі ойластыру керек.

1. Иә
2. Жауап беруге қиналамын
3. Жоқ

15. Менің ойымша, графиктер мен кестелер – ақпарат берудің өте ыңғайлы және ақпараттық тәсілі.

1. Иә
2. Жауап беруге қиналамын
3. Жоқ

16. Маған табысқа жету мүмкіндігін нақты есептеп және ұқыпты, бірақ нақты қадам жасай алатын ойындар ұнайды.

1. Иә
2. Жауап беруге қиналамын
3. Жоқ

17 Шет тілін зерделеу кезінде, мен грамматикалық негіздерді білмей жатып сөйлесу тәжірибесін алуды емес, грамматикадан бастауды артық көремін.

1. Иә
2. Жауап беруге қиналамын
3. Жоқ

18. Қандай да бір проблемаға кезіккенде, мен оны жан-жақты зерттеуге тырысамын (тиісті әдебиетпен танысу, Интернетте қажетті ақпаратты іздеу, мамандармен сөйлесу).

1. Иә
2. Жауап беруге қиналамын
3. Жоқ

19. Егер мен өз ойымды қағазға түсірсем, ... маған маңызды

1. Мәтіннің қисындылығы
2. Жауап беруге қиналамын
3. Баяндау бейнесі

20. Менің бірнеше күн бұрын маңызды ақпаратты жазып отыратын күнделігім бар.

1. Иә
2. Жауап беруге қиналамын
3. Жоқ

21. Мен саясат пен экономика жаңалықтарын қуана қараймын.

1. Иә
2. Жауап беруге қиналамын
3. Жоқ

22. Менің болашақ мамандығым ... қалар едім.

1. Мені қажетті мөлшерде адреналин үлесімен қамтығанын.
2. Жауап беруге қиналамын
3. Маған тыныштық пен сенімділік сезімін бергенін

23 Мен жұмысты соңғы сәтте істеп аяқтаймын

1. Иә

2. Жауап беруге қиналамын

3. Жоқ

24 Мен кітапты алған соң, оны әрдайым орнына қоямын.

1. Иә

2. Жауап беруге қиналамын

3. Жоқ

25. Мен ұйықтауға жатқанымда, ертең не істеу керектігін білемін.

1. Иә

2. Жауап беруге қиналамын

3. Жоқ

26. Өз сөздерім мен қылықтарымда «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» деген мақалды ұстанамын.

1. Иә

2. Жауап беруге қиналамын

3. Жоқ

27. Жауапты істерге дейін мен оларды әрдайым іске асыру жоспарын жасаймын.

1. Иә

2. Жауап беруге қиналамын

3. Жоқ

28. Кештен кейін ыдыс жууды таңертеңге дейін қалдырамын

1. Иә

2. Жауап беруге қиналамын

3. Жоқ

Тестілеу нәтижелерін өңдеу үшін келесі кестені пайдаланыңыз. Бағандарда сұрақтардың нөмірлері (1-ден 28-ға дейін), жолдарда-жауаптардың нұсқалары (бірінші, екінші және үшінші) келтірілген. Кесте торларында – әрбір сұрақ үшін тиісті нұсқаны таңдау үшін есептелетін балл. Сіз жинаған баллдардың санын санаңыз (ең жоғарғы саны – 56; ең төменгі – 0 балл).

	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28
Жауап 1	0	2	0	0	2	2	0	2	0	2	2	0	2	2	2	2	2	2	2	2	2	0	0	2	2	2	2	0
Жауап 2	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Жауап 3	2	0	2	2	0	0	2	0	2	0	0	2	0	0	0	0	0	0	0	0	0	2	2	0	0	0	0	2

49-дан 56 балға дейін

Сіз белгілік жүйелерге деген жоғары қызығушылықты көрсеттіңіз – бұл шартты белгілер, сандар, кодтар, табиғи және жасанды тілдер. Сіз құжаттарды жасау және ресімдеу (ана тілінде немесе шет тілінде), іс жүргізу, мәтіндерді талдау және оларды өзгерту, қайта кодтау (корректор, хатшы-референт,

техникалық редактор, кедендік декларатор, мұрағатшы, нотариус); сандармен, сандық қатынастармен (экономист, программист, бухгалтер, статистик, демограф, математик), шартты белгілер жүйелері, объектілердің схемалық бейнелерімен (сызба жасағыш, картограф) байланысты кәсіптерден өзіңізді елестетіп таба аларма едіңіз. Көпшілікке бір қалыпты және зеріктігерлік болып көрінетін қағазбен, сандармен, әріптермен, құжаттармен және т.б. жұмыс істеу – ұйымдастыру, реттеу, талдау, бақылау және т.б. сізге қызықты. Сіз жағдайды мұқият қарап және баламаларды өлшеп шешім қабылдайсыз, бұл сізді бизнесте, басқаруда, ғылымда таптырмайтын етеді. Алайда сіздің өзін-өзі бақылауыңызбен сізге, өнер саласының өкілдеріне қажетті турашылдық (және тіпті албырттық) жетіспейді. Сонымен қатар, босаңсый алмау салдарынан қиындықтар туындауы мүмкін, сондықтан сізге мінез-құлқыңызда икемділікті, қажет болған жағдайда өз жоспарларыңызды өзгерте білуді дамыту, өзіңізден және айналаңдағылардан мінсіз болуды талап етпеуіңіз керек.

37-ден 48 баллға дейін

Сіз таңбалық жүйелерге деген жоғары қызығушылықты көрсеттіңіз – бұл шартты белгілер, сандар, кодтар, табиғи және жасанды тілдер. Сіз өзіңізді мәтіндерді жасау және ресімдеу (ана немесе шет тілінде), іс жүргізу, мәтіндерді талдау және оларды өзгерту, қайта кодтау (корректор, хатшы-референт, техникалық редактор, кедендік декларатор, мұрағатшы, нотариус); сандармен, сандық қатынастармен (экономист, программист, бухгалтер, статистик, демограф, математик), шартты белгілер жүйелері, объектілердің схемалық бейнелерімен (сызба жасағыш, картограф) байланысты кәсіптерден өзіңізді елестетіп таба аларма едіңіз. Таңбалы жүйелермен жұмыс істеу адамнан абстрактілі ойлау қабілетін, ұзақ және тұрақты назар аударуды, шыдамдылықты талап ететінін есте сақтаңыз. Бұдан басқа, неғұрлым айқын мүдделер болған жағдайда, таңбалы жүйелермен жұмыс істеу, негізгі кәсіптің бір бөлігі ғана болуы мүмкін (мысалы, шет тілдерін белсенді пайдалану, құжаттаманы жүргізу, есеп айырысу – менеджер, заңгер, қаржыгер, журналист жұмысында).

25-тен 36 баллға дейін

Сіз белгілік жүйелерге қызығушылық танытасыз. Бұл қызығушылық мәтіндермен (реттеу, жазбаларды жүргізу, ақпаратты іздеу, талдау және өңдеу, әр түрлі мәліметтерді жинақтау және сақтау) немесе сандармен, формулалармен, кестелермен, сызбалармен, схемалармен (кодтау, схемалау, есептеу) байланысты кәсіптерді біріктіреді. Сіз қажет болған жағдайда, жұмысты ұқыпты және дәл орындауға қабілеттісіз – тәртіпті, жедел. Бірақ бұл ретте икемділік пен ұтқырлықты сақтайсыз. Ең бастысы – ол, көпшілікке бір қалыпты және зеріктігерлік болып көрінетін қағазбен, сандармен, мәтіндермен, құжаттармен жұмысқа деген сіздің шыдамды көзқарасыңыз. Бірақ бұл қызығушылық таңбалар әлеміне өзінді бекітіп тастау үшін соншалықты зор емес. Мүмкін, сіз үшін таңбалық жүйелер «құрғақтау» шығар, ойласыңыз?

Мамандықты таңдау кезінде, сізге бойыңызда айқынырақ білінген басқа мүдделерге бағдарлануды ұсынамыз.

13-тен 24 балға дейін

Сізге құжаттармен, белгілермен, сандармен, мәтіндермен, қағаздармен жұмыс істеуді қажет ететін нәрсе өте қызықты емес. Бәрінен бұрын, сіз «бір жерде отырумен» байланысты, кеңсе жұмысы, есеп айырысу, бір сарынды, алгоритм бойынша жұмысты ұнатпайтын, неғұрлым шығармашылық тұрғыдағы адамдар қатарына жатасыз. Мұрағаттармен, деректер базасымен, схемалар, сызбалар, каталогтармен жұмысты көздейтін, нұсқаулықтардың нақты орындалуы қажет ететін, сізден жұмыстарды тапсыру мерзімдерін қатаң сақтауды талап ететін лауазымдарды дұрысы таңдамау керек. Дәлдік, жеделдік, ұқыптылық, тәртіптілік, жауапкершілік (инженер, заңгер, экономист, бағдарламашы) талап етілетін салалар, сізге бәрінен бұрын құрғақ, қызықсыз болып көрінеді және үлкен күш жұмсауды қажет етеді. Сіздің суырып салмалыққа, стандарттық еместікке, регламенттелмеушілікке бейімділігіңіз шығармашылық кәсіптердің өкілдері, өнер саласының қайраткерлері үшін, сондай-ақ белгісіздік, жиі іссапарлар және т.б. жағдайларында жұмыс істеу кезінде орынды болуы мүмкін (продюсерлеу, жарнама, дизайн, психология, журналистика және т. б.).

0-ден 12 балға дейін

Сізге құжаттармен, белгілермен, сандармен, мәтіндермен, қағаздармен жұмыс істеуді көздейтін барлық нәрсе қызықты емес. Сіз өмірде тосынсыйлар мен суырып салуды үлкен бағалайсыз. Бәрінен бұрын, сіз «бір жерде отырумен» байланысты, бір сарынды, алгоритм бойынша жұмысты жек көретін, шығармашылық тұрғыдағы адамдар қатарына жатасыз. Мұрағаттармен, дерекқорлармен жұмыс істеуді көздейтін, нұсқаулықтардың нақты орындалуын қажет ететін, сізден мерзімдерді қатаң сақтауды талап ететін лауазымдардың сізге ыңғайлы болуы екіталай. Сіздің суырып салмалыққа, стандарттық еместікке, регламенттелмеушілікке бейімділігіңіз шығармашылық кәсіптердің өкілдері, өнер саласының қайраткерлері үшін, сондай-ақ белгісіздік, жиі іссапарлар және т.б. жағдайларында жұмыс істеу кезінде орынды болуы мүмкін (продюсерлеу, жарнама, дизайн, психология, журналистика және т. б.). Алайда, сіз өзіңізді «қалайтыныңыздың» орнына «қажет» деген нәрсені жасауға өзіңізді әрдайым мәжбүрлей алмайсыз. Бұл жұмысқа орналасу кезінде қиындықтар тудыруы мүмкін, өйткені кез келген жұмыс ережелер мен міндеттемелерді көздейді. Сіздерге ерік-жігерлік қасиеттерді, жоспарлай білуді, тәртіптілікті дамытуды ұсынамыз.

**«Мен және менің болашақ мамандығым» кәсіптік бағдар бойынша
бағдарлама»**

Екібастұз қ., 2017 ж.

Түсіндірме жазба

Мәселенің өзектілігі, қазіргі уақытта орта мектеп түлектерінің көпшілігі мамандықты саналы түрде таңдауға дайын еместігінде.

Білім алушылар 14-15 жас аралығында кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесін сезіне бастайды. Зерттеулерге сәйкес білім алушылардың тек 10-15% -ы ғана нақты кәсіби ниеттерге ие. Шамамен соншасы өзінің кәсіби жоспарлары туралы ойланбайды. 70%-ға жуығының нақты айқындамасы жоқ, таңдауына күмәнданады. Сонымен қатар, статистика бойынша 50 мыңға жуық мамандық бар. Мұндай үлкен мамандықтар әлемінде өз бетінше бейімделу өте қиын. Оның үстіне жыл сайын жаңа мамандықтар пайда болып, ескілері жоғалады, олардың көпшілігі арасындағы шекаралар жойылады, ал кейбіреулері үнемі жіктеліп, бөлшектенеді.

Біз кәсіби өзін-өзі анықтауды әлеуметтендірудің бір бөлігі ретінде қарастырамыз, өйткені қазіргі жағдайда кәсіби өзін-өзі анықтау – бұл кәсіби мансапты таңдау ғана емес, сонымен қатар өз күш-жігерін, денсаулығын, жеке мүмкіндіктерін өзін-өзі дамыту саласы, сондай-ақ жеке тұлғаның әлеуметтік-мәдени және кәсіби-өндірістік жағдайларға саналы көзқарасын қалыптастыру.

«Мен және менің мамандығым» бағдарламасы жоғары сынып білім алушысына, мамандықтың талап ететін қабілеттерге, мүмкіндіктерге, құнды нұсқамалар мен талаптарға сәйкес бейімделуге және дұрыс таңдау жасауға көмектеседі.

1. Мақсаты: білім алушының өз мүмкіндіктерін таңдаған мамандық талаптарына сәйкестендіру қабілетін қалыптастыру, тұлғалық дамуы арқылы өзі туралы және мамандық әлемі туралы білім алу арқасында білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау процесін өзектендіру.

Міндеттер:

1. Сабақта және сабақтан тыс іс-әрекет арқылы білім алушылардың кәсіптік бағдар беру жүйесін құру.

2. Білім алушыларды кәсіптік оқыту, кәсіптік консультациямен қамтамасыз ету.

3. Негізгі мамандықтар туралы, олардың жеке тұлғаға қойылатын талаптары уралы, білімін жалғастыру және кәсіби даярлығын алу жолдары туралы білімді білім алушылардың бойында қалыптастыру.

2. Іс-әрекетті ұйымдастыру түрлері: бағдарлама 9, 10, 11 сынып білім алушыларына бағытталған; оқу жылы бойы іске асырылады.

«Мен және менің мамандығым» бағдарламасы теориялық және практикалық бөлімнен тұрады. Теориялық жағынан «мен» бейнесін, еңбек әлемі мен кәсіптерді зерделеуді қамтиды. Практикалық бөлім тестілеу, сенімді әдістемелерді, іскерлік және рөлдік ойындарды, проблемалық - іздеу міндеттері, зерттеу және жобалау жұмысының элементтерін пайдалана отырып, курс бойынша практикалық сабақтар түрінде ұсынылып отыр.

Қағидаттар:

- мамандық таңдаудағы саналылық қағидасы;

- таңдалынатын кәсіптің адамның қызығушылығына, бейімділігіне, қабілетіне және қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес болу қағидасы;
- белсенділік қағидасы: адам мамандықты өзі белсенді түрде таңдайды;
- даму қағидасы: мамандық тұлғаның дамуына мүмкіндік беруі тиіс

Бағдарламаны жүзеге асыру

№	Іс-шара	Мерзімі
1	Кәсіптік бағдарлауды анықтау мақсатында білім алушыларға тестілеу және сауалнама жүргізу	Жыл бойы
2	Кәсіптік бағдар бойынша білім алушыларға проблемаларын анықтау бойынша сауалнама жүргізу	жыл бойы
3	Білім алушыларға жеке және топтық кеңестер беруді жүзеге асыру	жыл бойы
4	Білім алушылармен сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу: Шығармашылық кездесу «Мамандықты таңдаймын» Сыныптан тыс іс-шара «Мен және мамандықтар әлемі» «Мамандықтың мың сыры...» «Мен және мамандықтар әлемі»	1 сессия қазан 2017 ж.
5	Білім алушылармен сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу: «Мамандықтар әлемінде» «Жүз жол –біріуі сенікі» «Армандарды қалай жүзеге асыруға болады» «Жас болу оңай ма»	2 сессия ақпан 2017 ж.
6	Білім алушылармен сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу: «Өз құқығыңды біл» 9-сынып. «Жұмысқа қалай орналасуға болады» 10-сыныптар «Қаптағы мысық немесе мамандық таңдау кезіндегі кәдімгідей қателер» 9-10 сыныптар. «Темперамент және мамандық таңдау» презентациясы 11-сыныптар.	3 сессия сәуір 2017 ж.

6. Бағдарламада көзделген іс-шараларды жүзеге асыру

1. Жастардың саналы түрде және дұрыс мамандық таңдауға уәждемесін арттыруға;
2. Болашақ мамандықты саналы таңдауда білім алушыларға атаулы психологиялық көмек көрсетуде;

3. Жасөспірімдерді кәсіби мансапты құрудың негізгі қағидаларына және еңбек нарығында мінез-құлық дағдыларына үйретуге;

4. Білім алушыларды нақты әлеуметтік жағдайларда өз ойларын жүзеге асыруға бейімдеуге, таңдаған мамандығы бойынша, жетістікке жету және өзін-өзі танытуға мүмкіндік береді.

**«Мен және менің мамандығым» атты
бейіналды оқыту аясындағы тренингтік сабақтар курсының
бағдарламасы**

Түсіндірме жазба

Жоғары сыныптарда бейіндік оқытуды енгізу, неғұрлым вариативті және сараланған оқыту – оқушылардың жауапты таңдау жасауға дайындығын көздейді. Олардан кәсіпті таңдаумен тығыз байланысты оқытудың болашақ бейініне қатысты ерте (тоғызыншы сыныптың соңына ғарай) өзін-өзі анықтау талап етіледі. Алайда, көптеген педагогикалық және психологиялық зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, мектеп түлектерінің кәсіби өзін-өзі анықтауға дайындығы жеткіліксіз. Мамандық таңдау жеткілікті ойластырылмаған және саналы емес болып шығады. Кәсіби өзін-өзі анықтаудың табыстылығы тұлғаның жалпы дамуымен тығыз байланысты екені белгілі. Ал, өзін-өзі талдау, ерікті өзін-өзі реттеу, мотивация деңгейі және т.б. сияқты психикалық даму көрсеткіштер, көбіне тоғызыншы сынып оқушыларында жеткіліксіз, олар көпшілігіне инфантильді, белсенді емес, күрделі мәселелерді шешуге дайын емес.

Екінші жағынан, жасөспірім жасында мектеп пәндеріне деген көзқарастың таңдау сипаты қалыптасады, оқытудың кәсіби бағдарлы себептері, кәсіби білім, шеберлік пен дағдыларды меңгеруге деген сензитивтілік пайда болады.

Осының барлығы мұғалімдер мен психологтардың алдына тоғызыншы сынып оқушыларының кәсіби және тұлғалық өзін-өзі анықтауға психологиялық дайындығын мақсатты түрде арттыру мәселесін қояды. Білім беру баланы оның тез даму қарқынымен және қарама-қайшы нақты үрдістерімен қазіргі заманғы қоғамға толыққанды кіруіне дайындау керек. Бұл тек хабардар болуды ғана емес, ақпаратты өз бетінше бағдарлай білуді, шешім қабылдауды, құндылық-мағыналық қондырғылардың қалыптасуын, өмірлік жоспарлардың және білімді болуын т. б. талап етеді.

